№4(29)2026

ғылыми-әдістемелік журналы
научно-методический журнал

ұнәбат



ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ
ЖАҢА МІНДЕТТЕР
НОВАЯ КОНСТИТУЦИЯ
НОВЫЕ ЗАДАЧИ

БАЛАЛАРДЫҢ ИГІЛІГІ МЕН МҮДДЕСІ ҮШІН
ВО ИМЯ, ВО БЛАГО И В ИНТЕРЕСАХ ДЕТЕЙ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ
БАЛАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ КОМИТЕТІ

МИНИСТЕРСТВО ПРОСВЕЩЕНИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
КОМИТЕТ ПО ОХРАНЕ ПРАВ ДЕТЕЙ



ҚЫМБАТТЫ ДОС!
СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ АРҚЫЛЫ КӨМЕКТЕСУ ҚҰПИЯ ЖӘНЕ ТЕГІН!

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАНДАР!

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің қолдауымен Telegram мессенджерінде 2019 жылдан бастап кәмелетке толмағандарға қатысты құқықтардың бұзылуын, зорлық-зомбылықты немесе қатыгез қарым-қатынасты анықтау мақсатында құрылған «Bala Qorgau» чаты жұмыс істейді.

Өтініштерге жедел жауап беру мақсатында **24/7 режимінде** **BalaQorgaubot2.0** телеграмм-боты **іске қосылды.**



ДОРОГОЙ ДРУГ!
ПОМОЩЬ ПО ТЕЛЕФОНУ ДОВЕРИЯ АНОНИМНА И БЕСПЛАТНА!

УВАЖАЕМЫЕ ЧИТАТЕЛИ!

При поддержке Комитета по охране прав детей Министерства просвещения Республики Казахстан в мессенджере Telegram с 2019 г. функционирует чат «BalaQorgau», который создан с целью выявления нарушения прав, насилия или жестокого обращения в отношении несовершеннолетних.

Для оперативного реагирования на обращения **в режиме 24/7 работает** телеграмм-бот **BalaQorgauBot2.0.**

БАЛАЛАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ МЕН АМАНДЫҒЫ БІЗДІҢ ҚОЛЫМЫЗДА!

ЖАЙ ҒАНА ТЕЛЕФОНҒА ҚОҢЫРАУ ШАЛЫҢЫЗ, СІЗГЕ КӨМЕКТЕСЕДІ!

БЕЗОПАСНОСТЬ И БЛАГОПОЛУЧИЕ ДЕТЕЙ В НАШИХ РУКАХ!

ПРОСТО ПОЗВОНИ ПО ТЕЛЕФОНУ, И ТЕБЕ ПОМОГУТ!

АСТАНА Қ. КОДЫ / КОД Г. АСТАНЫ +7(7172) 74 25 28

ЕҢ ҚИЫНЫ - ҚОҢЫРАУ ШАЛУ
САМОЕ ТРУДНОЕ - ПОЗВОНИТЬ



BALAQORGAU

ӨРКЕН
БАЛАЛАРДЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫН АРТТЫРУ ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫ

ҚЫМБАТТЫ ОҚЫРМАНДАР!

Жаңбырдың әр тамшысы – үміттің дәні. Ол жерге сіңіп, көктемгі жасыл өркенге айналады. Сол сияқты әрбір жақсы ой, әрбір игі әрекет адам өмірінде жемісін береді. Сәуірдің жаңбыры – табиғаттың ғана емес, адамның да жан дүниесін тазартатын, жаңа күш-қуат сыйлайтын құбылыс.

Балалардың өмір сапасын жақсарту – қоғамның ең басты міндеті. Әрбір ата-ана, мұғалім, азамат өз үлесін қосқанда ғана біз болашаққа сеніммен қарай аламыз. Баланың денсаулығы, білімі, қауіпсіздігі – тек отбасының емес, бүкіл қоғамның ортақ жауапкершілігі.

Баланың күлкісі – болашақтың әуені. Біз балаларға қамқорлық көрсеткенде, олардың құқықтарын қорғағанда, шын мәнінде өзіміздің болашағымызды қорғаймыз деген сөз. Әр бала білім алуға, қауіпсіз ортада өмір сүруге, сүйіспеншілік пен қамқорлыққа құқылы.

Ұрпақ тәрбиесі – елдің болашағын айқындайтын ең маңызды іс. Қазақтың ұлы ағартушысы Ыбырай Алтынсарин: ***«Балаға берілетін бірінші тәрбие – ата-анасын, туысын, жолдасын сыйлауға үйретуден басталады»*** – деп, тәрбиенің түп қазығы сыйластық пен құрмет екенін атап көрсеткен. Ұлы ұстаздың осы сөзі бізге тәрбиенің бастауы отбасынан басталатынын еске салады. Әрбір ата-ана баласына сыйластықты үйретсе, мұғалімдер біліммен қатар адамгершілікті дәріптесе, қоғамда ізгілік пен жауапкершілік орнығады. Баланың бойындағы құрмет пен мейірім – елдің болашағының кепілі.

Балалардың болашағы – біздің бүгінгі ісімізге байланысты. Әрбір жақсы ой, әрбір игі әрекет – сәуірдің жаңбыры секілді, жерге сіңіп, уақыт өте жемісін береді. Баланың денсаулығына қамқор болу, білім алуына жағдай жасау, қауіпсіз орта қалыптастыру – қоғамның өркениеттілігін көрсететін басты өлшем.

«Инабат» ғылыми-әдістемелік журналы ізгілік пен жауапкершілікті дәріптейді. Баланың өмір сапасын жақсарту – тек материалдық жағдаймен өлшенбейді, ол ең алдымен рухани

ДОРОГИЕ ЧИТАТЕЛИ!


Каждая капля дождя – это зерно надежды. Она впитывается в землю и превращается в весенний зеленый росток. Точно так же каждая добрая мысль, каждое благородное действие приносит плоды в жизнь человека. Апрельский дождь – это явление, которое очищает не только природу, но и душу человека, дарит ему новые силы и энергию.

Улучшение качества жизни детей – главная задача общества. Только тогда, когда каждый родитель, учитель, гражданин внесет свой вклад, мы сможем смотреть в будущее с уверенностью. Здоровье ребенка, его образование, безопасность – это не только забота семьи, но и общая ответственность всего общества.

Детский смех – это мелодия будущего. Когда мы проявляем заботу о детях, защищаем их права, мы на самом деле защищаем собственное будущее. Каждый ребенок имеет право на образование, на жизнь в безопасной среде, на любовь и заботу.

Воспитание поколения – самое важное дело, определяющее будущее страны. Великий казахский просветитель Ыбырай Алтынсарин говорил: ***«Первое воспитание, которое дается ребенку, начинается с обучения уважать родителей, родственников, товарищей»***, подчеркивая, что основа воспитания – уважение и почтение. Эти слова великого учителя напоминают нам, что воспитание начинается в семье. Если каждый родитель научит своего ребенка уважению, если учителя будут воспитывать наряду с обучением, то в обществе утвердятся доброта и ответственность. Уважение и милосердие в душе ребенка – залог будущего страны.

Будущее детей зависит от наших сегодняшних дел. Каждая добрая мысль, каждое благородное действие, как апрельский дождь, впитывается в землю и со временем приносит плоды. Забота о здоровье ребенка, создание условий для получения образования, формирование безопасной среды – главный показа-



қолдау мен сүйіспеншіліктен басталады. Әрбір ата-ана мен мұғалімнің жылы сөзі, қамқорлығы – сәуірдің жаңбыры секілді, баланың жүрегіне үміт пен сенім ұялатады.

Бала құқықтарын қорғау – заң нормаларымен ғана шектелмейді. Бұл – күнделікті өмірде олардың пікірін тыңдау, таңдауына құрметпен қарау, қауіпсіз орта қалыптастыру деген сөз. Әрбір бала өзін қоғамның толыққанды мүшесі ретінде сезінгенде ғана біз өркениетті болашаққа қадам басамыз.

Жаңбырдан кейінгі табиғаттың жандануы секілді, балаларға жасалған әрбір игі іс – қоғамды жаңартады. Баланың денсаулығына көңіл бөлу, білім алуына жағдай жасау, шығармашылығын дамыту – болашақта елдің мәдениеті мен ғылымының гүлденуіне жол ашады.

Инабат журналының мақсаты – осы құндылықтарды дәріптеу, ата-ана мен ұстазға, қоғамға бағыт-бағдар беру. Біз балалардың күлкісін қорғап, олардың болашағына сеніммен қарағанда ғана сәуірдің жаңбыры секілді өмірімізге жаңа тыныс, жаңа қуат келеді.

Абай Құнанбайұлының ***«Адамның адамшылығы – ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады»*** деген сөзі – ұрпақ тәрбиесінің алтын арқауы. Бұл ой бізге баланың болашағы тек біліммен емес, оны қоршаған ортадағы ізгі адамдардың ықпалымен қалыптасатынын еске салады.

Әрбір ата-ана мен ұстаздың мейірімі, қоғамның қолдауы – баланың адамдық қасиетін шыңдап, елдің ертеңін жарқын етуге негіз болады.

Балаларымыз жақсы болсын десек, ең алдымен өзіміз адал болып, жүрегімізді ізгілікке толтырып, жақсы ісімізбен үлгі көрсетуіміз керек.

Сәуір айы сәттілікке толы болсын, қымбатты оқырман!

тель цивилизованности общества.

Научно-методический журнал «Инабат» пропагандирует доброту и ответственность. Улучшение качества жизни ребенка измеряется не только материальными условиями, оно начинается прежде всего с духовной поддержки и любви. Каждое теплое слово и забота родителей и учителей вселяют в сердце ребенка надежду и уверенность.

Защита прав ребенка не ограничивается только правовыми нормами. Это значит ежедневно слушать их мнение, уважать их выбор, создавать безопасную среду. Только тогда, когда каждый ребенок почувствует себя полноценным членом общества, мы сделаем шаг к цивилизованному будущему.

Как обновляется природа после дождя, так и каждое доброе дело для детей обновляет общество. Забота о здоровье ребенка, создание условий для получения образования, развитие его творчества открывают путь к процветанию культуры и науки страны.


Цель журнала «Инабат» – пропагандировать эти ценности, давать направление родителям, учителям и обществу. Только когда мы защищаем детский смех и с уверенностью смотрим в их будущее, апрельский дождь принесет в нашу жизнь новое дыхание и новую силу.

Слова Абая Кунанбайулы ***«Человечность человека рождается из разума, науки, хорошего отца, хорошей матери, хорошего друга и хорошего учителя»*** – это золотая основа воспитания поколений. Эта мысль напоминает нам, что будущее ребенка формируется не только знаниями, но и влиянием добрых людей, которые его окружают.

Каждое проявление родительской и учительской доброты, поддержка общества укрепляют человеческие качества ребенка и становятся фундаментом светлого будущего страны.

Если мы хотим, чтобы наши дети были хорошими, то прежде всего сами должны быть честными, наполнять сердце добротой и показывать пример своими поступками.

Пусть апрель будет наполнен удачей, дорогой читатель!



МАЗМҰНЫ СОДЕРЖАНИЕ

ОҚЫРМАНДАРҒА
К ЧИТАТЕЛЯМ **4**

КҮН ТАҚЫРЫПТАРЫ ТЕМЫ ДНЯ

ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ – ЖАҢА МІНДЕТТЕР **9**
МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРІ ЖҰЛДЫЗ СҰЛЕЙМЕНОВАНЫ ҚАБЫЛДАДЫ
НОВАЯ КОНСТИТУЦИЯ – НОВЫЕ ЗАДАЧИ
ОТ ИМЕНИ И ПО ПОРУЧЕНИЮ ПРЕЗИДЕНТА – ТРАНСФОРМАЦИЯ ОБРАЗОВАНИЯ



БАЛАЛЫҚ ШАҚ – ӨМІР ЖОЛЫНЫҢ ШУАҚТЫ БАСТАУЫ **12**
ЖАҢА ДӘУІРДІҢ ЖАҢА ҮЛГІСІ: БАЛА ҚҰҚЫҒЫ – МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТТЫҢ НЕГІЗІ
ДЕТСТВО – СВЕТ В НАЧАЛЕ ПУТИ
НОВАЯ МОДЕЛЬ НОВОГО ВРЕМЕНИ: ПРАВА РЕБЕНКА – ОСНОВА ГОСУДАРСТВЕННОЙ ПОЛИТИКИ



Е. М. Песина
12 СӘУІР – ҒЫЛЫМ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КҮНІ **28**
ҒЫЛЫМ – ӨТКЕННІҢ ТӘЖІРИБЕСІ,
БҮГІННІҢ КҮШІ,
БОЛАШАҚТЫҢ БОЛЖАМЫ
12 АПРЕЛЯ – ДЕНЬ РАБОТНИКОВ НАУКИ
НАУКА – ОПЫТ ПРОШЛОГО,
СИЛА НАСТОЯЩЕГО,
ПРЕДВИДЕНИЕ БУДУЩЕГО



12 СӘУІР – ҒАРЫШКЕРЛЕР КҮНІ **34**
ҒЫЛЫМ ӘЛЕМІН АШАМЫЗ
ҒАРЫШТЫ ЗЕРТТЕУ БОЙЫНША
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ БАЙҚАУ
12 АПРЕЛЯ – ДЕНЬ КОСМОНАВТИКИ
ОТКРЫВАЕМ МИР НАУКИ
МЕЖДУНАРОДНЫЙ НАУЧНЫЙ КОНКУРС
ПО КОСМИЧЕСКИМ ИССЛЕДОВАНИЯМ



КІТАП – ЖАННЫҢ ЕМІ, ҒЫЛЫМНЫҢ ҚАЗЫНАСЫ, ДАНАЛЫҚТЫҢ КӨЗІ **38**
КІТАП – БАҚЫТТЫ БАЛАЛЫҚҚА АПАРАР ЖОЛ
КНИГА – ЛЕКАРСТВО ДЛЯ ДУШИ, КЛАДОВАЯ НАУК, ИСТОЧНИК МУДРОСТИ
КНИГА – ПУТЬ В СЧАСТЛИВОЕ ДЕТСТВО



ПЕДАГОГТЕРГЕ ПЕДАГОГАМ

Б. С. Сарбасов
ӘДЕБИЕТ ХАЛЫҚ ЖАНЫНЫҢ ТЕРЕҢІНЕН БАСТАУ АЛАДЫ **55**
ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ӘДЕБИЕТТІҢ РӨЛІ МЕН МАҢЫЗЫ
ЛИТЕРАТУРА РОЖДАЕТСЯ ИЗ ГЛУБИНЫ НАРОДНОЙ ДУШИ
РОЛЬ И ЗНАЧЕНИЕ ЛИТЕРАТУРЫ В ФОРМИРОВАНИИ ЛИЧНОСТИ



Д. Ш. Бастаубаева
ҮНСІЗ ҚАЛУҒА БОЛМАЙТЫН МӘСЕЛЕ 62
ЗАМАНАУИ ҚОҒАМДА БУЛЛИНГКЕ ЖОЛ ЖОҚ
ПРОБЛЕМА, О КОТОРОЙ НЕЛЬЗЯ МОЛЧАТЬ
СОВРЕМЕННОЕ ОБЩЕСТВО БЕЗ БУЛЛИНГА



Р. К. Мусатаева
ӨМІР – САХНА 66
ФОРУМ-ТЕАТР – БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ҚАУІПСІЗ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ИННОВАЦИЯЛЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ
ЖИЗНЬ – СЦЕНА
ФОРУМ-ТЕАТР КАК ИННОВАЦИОННАЯ ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ ТЕХНОЛОГИЯ ФОРМИРОВАНИЯ КУЛЬТУРЫ БЕЗОПАСНОГО ПОВЕДЕНИЯ ОБУЧАЮЩИХСЯ



АТА-АНАЛАРҒА
РОДИТЕЛЯМ

МАМАНДЫҚ – ЖҮРЕК ТАҢДАУЫ 73
БАЛАҒА ӨЗ ЖОЛЫН ТАБУҒА ҚАЛАЙ КӨМЕКТЕСУГЕ БОЛАДЫ
ПРОФЕССИЯ – ВЫБОР СЕРДЦА
КАК ПОМОЧЬ РЕБЕНКУ НАЙТИ СВОЕ ПРИЗВАНИЕ?




ЖАҚСЫ СӨЗ – ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ 79
БАЛАЛАРДЫ АШУЛАНДЫРАТЫН 9 СӨЗ ТІРКЕСІ
ДОБРОЕ СЛОВО – СВЕТЛОЕ БУДУЩЕЕ
9 ФРАЗ, КОТОРЫЕ РАЗДРАЖАЮТ ДЕТЕЙ СИЛЬНЕЕ ВСЕГО



БАЛАЛАРҒА
ДЕТЯМ

ДОСТЫҚ ПЕН БАУЫРЛАСТЫҚ БАЙЛЫҚТАН ҚЫМБАТ 85
«БАЙДЫҢ БАЛАСЫ» – ШЫНАЙЫ ӨМІРЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАР ТУРАЛЫ ФИЛЬМ
ДРУЖБА ДА БРАТСТВО ДОРОЖЕ БОГАТСТВА
«БАЙДЫҢ БАЛАСЫ» – ФИЛЬМ ОБ ИСТИННЫХ ЦЕННОСТЯХ ЖИЗНИ



МУЛЬТФИЛЬМ КӨРГЕНДЕ, ЕСЕЙГЕНІҢДІ ҰМЫТАСЫҢ 88
«ЧТО СЛУЧИЛОСЬ С КРОКОДИЛОМ?»
КОГДА СМОТРИШЬ МУЛЬТФИЛЬМ, ЗАБЫВАЕШЬ, ЧТО ВЫРОС
ЧТО СЛУЧИЛОСЬ С КРОКОДИЛОМ?



ИНТЕРНЕТ: ҚАЛАУ МЕН ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚҚА САЙ ТАҢДАУ 90
ӨЗ РЕСУРСЫҢДЫ ТАҢДА
ИНТЕРНЕТ: ВЫБОР ПО ЖЕЛАНИЮ И ИНТЕРЕСАМ
ВЫБЕРИ СВОЙ РЕСУРС



ПСИХОЛОГТІҢ КЕҢЕСІ
СТРАНИЦА ПСИХОЛОГА

С. Е. Башкаева
БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН 99
ДЕТЯМ



АТА-АНАЛАРҒА 101
РОДИТЕЛЯМ



ПЕДАГОГТЕРГЕ АРНАЛҒАН 105
ПЕДАГОГАМ



КҮН ТАҚЫРЫПТАРЫ

ТЕМЫ ДНЯ



ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ – ЖАҢА МІНДЕТТЕР

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРІ ЖҰЛДЫЗ СҮЛЕЙМЕНОВАНЫ ҚАБЫЛДАДЫ

3 сәуірде ***Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев*** *оқу - ағарту министрі Жұлдыз Сүлейменованы қабылдап, өткен жылдың қорытындылары мен 2026 жылға арналған міндеттерді талқылады.*

Жұлдыз Сүлейменова оқу бағдарламалары мен оқулықтардың мазмұнын жаңарту жұмыстары жүргізіліп жатқанын, оның мақсаты жаңа Конституция құндылықтарын ілгерілету екенін айтты.

«Таза Қазақстан» бастамасы **аясында Экологиялық білім беру стандарты әзірленуде.**
Мектептерде *«Адал азамат» Бірыңғай тәрбие бағдарламасы* белсенді түрде енгізіліп жатыр.

Министр сондай-ақ бастауыш білім мазмұнына жүйелі талдау жүргізілгенін хабарлады. Оның айтуынша, оқу бағдарламалары оқуды, жазуды және арифметиканы күшейтуге бағытталып қайта қаралуда.

Сонымен қатар, мемлекет басшысына «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында 460 мың оқушыға арналған 217 білім ошағының құрылысы аяқталғаны жөнінде мәлімет берілді.

НОВАЯ КОНСТИТУЦИЯ – НОВЫЕ ЗАДАЧИ

ОТ ИМЕНИ И ПО ПОРУЧЕНИЮ ПРЕЗИДЕНТА – ТРАНСФОРМАЦИЯ ОБРАЗОВАНИЯ

3 апреля ***Глава Казахстана Касым-Жомарт Токаев*** *принял министра просвещения Жулдыз Сулейменову. Президенту были представлены итоги прошедшего года и озвучены задачи на 2026 г.*

Так, Сулейменова рассказала, что ведется работа по обновлению содержания учебных программ и учебников в целях продвижения ценностей новой Конституции.

В рамках *инициативы «Таза Қазақстан»* разрабатывается *Стандарт экологического образования.*
В школах активно внедряется *Единая программа воспитания «Адал азамат».*

Министр также доложила, что проведен ***системный анализ содержания начального образования***. По ее словам, учебные программы пересматриваются с усилением навыков чтения, письма и арифметики.

Сулейменова также проинформировала Президента о том, что в рамках ***Национального проекта «Келешек мектептері»*** завершено строительство 217 школ на 460 тыс. ученических мест.



Саланы цифрландыру **бойынша кешенді шаралар қолға алынған. Бүгінде мектептердің 99 пайызы интернетке қосылды.**
«Әлеуметтік әмиян» жобасы **6760 мектепке енгізілген. Дипломдар, аттестаттар мен анықтамалар цифрлық форматқа көшірілді.**
«Ұстаз» платформасы **педагогтерді аттестаттау үдерісін толығымен автоматтандыруға жол ашады.**

«Реализуются комплексные меры в рамках *цифровизации системы образования*. На сегодня 99% школ подключены к интернету.
К *проекту «Социальный кошелек»* подключены 6760 школ. Дипломы, аттестаты и справки доступны в цифровом формате.
Платформа «Ұстаз» **обеспечивает полную автоматизацию аттестации педагогов».**

240 мыңнан астам мұғалім жасанды интеллектіні қолдану бойынша қайта даярлаудан өтті, тағы 200 мың педагог ***ChatGPT Edu жобасына*** сай ЖИ-ассистентті пайдалану машығын меңгеруде.

Министр инфрақұрылымды дамыту мақсатында 184 білім беру нысаны іске қосылғанын жеткізді. Үш ауысымды 80 және апатты жағдайдағы 31 мектептің мәселесі шешімін тапты. 209 білім ошағына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп, 1192 пәндік кабинет заманауи қондырғылармен жабдықталды. Балабақшаға кезек 2 есеге жуық қысқарды.

Более 240 тыс. педагогов прошли переподготовку по применению искусственного интеллекта (ИИ), еще 200 тыс. освоят использование ИИ-ассистентов в рамках ***проекта ChatGPT Edu.***

Министр доложила Президенту, что в целях развития инфраструктуры введены в эксплуатацию 184 объекта образования. Решены проблемы 80 трехсменных и 31 аварийной школ. Проведен капитальный ремонт 209 школ, современным оборудованием оснащены 1192 предметных кабинета. Очередь в детские сады сокращена почти в 2 раза.



Президент білім сапасын арттыру және оны қолжетімді ету, мектептердегі орын тапшылығын азайту, жұмысшы мамандарды даярлау жүйесін дамыту, бюджет қаржысын тиімді жұмсау, саланы цифрлық тұрғыдан трансформациялау, соның ішінде *Қазақ Digital Mektebi жобасын* іске асыру бойынша бірқатар міндет жүктеді.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы алдағы үш жылда «Келешек мектептері» жобасының озық тәжірибесін білім беру ұйымдарына енгізу маңызды деп санайды.

Глава государства дал ряд поручений по повышению качества образования и его доступности, сокращению дефицита ученических мест, развитию системы подготовки рабочих кадров, эффективному использованию бюджетных средств и цифровой трансформации образования, включая реализацию *проекта Қазақ Digital Mektebi*.

Наряду с этим Президент считает важным в течение ближайших трех лет внедрить передовой опыт в школах проекта «Келешек мектептері».

HTTPS://WWW.GOV.KZ/MEMLEKET/ENTITIES/EDU/PRESS/NEWS/DETAILS/1193392?LANG=RU
HTTPS://WWW.ZAKON.KZ/POLITIKA/6513249-TOKAEV-PORUCHIL-USKORIT-TSIFROVUYU-TRANSFORMATSIYU-OBRAZOVANIYA-I-STROIT-NOVYE-SHKOLY.HTML

Өркен
БАЛАЛАРДЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫН АРТТЫРУ ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫ



БАЛАЛЫҚ ШАҚ – ӨМІР ЖОЛЫНЫҢ ШУАҚТЫ БАСТАУЫ

ЖАҢА ДӘУІРДІҢ ЖАҢА ҮЛГІСІ: БАЛА ҚҰҚЫҒЫ – МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТТЫҢ НЕГІЗІ

10 сәуір күні Алматы қаласында сарапшылардың, педагогтер мен кәсіби қоғамдастық өкілдерінің басын қосқан ***«Бала құқығы – жаңа Конституцияның негізі» атты республикалық офлайн-сессия өтті.***

Іс-шараның ұйымдастырушысы – ***«Өркен» балалардың әл-ауқатын арттыру ұлттық ғылыми-практикалық институты (БӘАҰҒПИ).***

Шараға 150 адам қатысты: педагогтер, білім беру ұйымдарының өкілдері және сарапшылар.

ДЕТСТВО – СВЕТ В НАЧАЛЕ ПУТИ

НОВАЯ МОДЕЛЬ НОВОГО ВРЕМЕНИ: ПРАВА РЕБЕНКА – ОСНОВА ГОСУДАРСТВЕННОЙ ПОЛИТИКИ

10 апреля в г. Алматы прошла ***Республиканская офлайн-сессия «Права ребенка – основа новой Конституции»,*** которая собрала экспертов, педагогов и представителей профессионального сообщества.

Организатор – ***Национальный научно-практический институт благополучия детей (ННПИБД) «Өркен».***

В мероприятии приняли участие 150 человек: педагоги, представители образовательных организаций и эксперты.

Мақсаты: **бала құқықтарын қорғау мен оның әл-ауқатын қамтамасыз ету саласында ортақ тәсілдерді қалыптастыру, сондай-ақ жаңа Конституция құндылықтары аясында педагогтердің кәсіби жауапкершілігін күшейту.**

Міндеттері:

▶ Білім беру ортасында бала құқықтарын қорғау мен оның әл-ауқатын қамтамасыз етудің тиімді тәжірибелері мен тетіктерін айқындап, оларды жүйелеу;

▶ Педагогтер мен сарапшылар арасындағы кәсіби өзара іс-қимылды күшейту, тәжірибе алмасу үдерісін дамыту және білім беру ортасында жаңа Конституция құндылықтарын іске асыру тәжірибесін жетілдіру.

Күтілетін нәтижелер:

▶ білім беру ортасында баланың құқықтарын қорғау және оның әл-ауқатын қамтамасыз етуге бағытталған бірыңғай әрі үйлесімді тәсілдер қалыптасады;

▶ педагогтердің кәсіби дағдылары кеңейіп, жаңа Конституцияда айқындалған құндылықтарды практикалық қызметте жүзеге асыруға деген жауапкершілік деңгейі артады.

Цель: **формирование согласованных подходов к защите прав ребенка и обеспечению его благополучия, укрепление ответственности педагогов в контексте ценностей новой Конституции.**

Задачи:

▶ определить и систематизировать эффективные практики и механизмы защиты прав ребенка и обеспечения его благополучия в образовательной среде;

▶ активизировать профессиональное взаимодействие педагогов и экспертов для обмена опытом и укрепления практик реализации ценностей новой Конституции в образовательной среде.

Ожидаемые результаты:

▶ сформированы согласованные подходы к защите прав ребенка и обеспечению его благополучия в образовательной среде;

▶ расширено профессиональное взаимодействие педагогов, повышен уровень их ответственности за реализацию ценностей новой Конституции в практике работы.

Талқылаудың негізгі бағыты – ***конституциялық нормалардың күнделікті тәжірибелік іс-әрекетке айналу үдерісі.*** Бұл өз кезегінде балалардың құқықтарын қорғаудың нақты тетіктерін айқындауды, мектептерде қауіпсіз әрі қолдаушы орта қалыптастыруды, сондай-ақ аталған үдерістердегі педагогтердің рөлін жан-жақты қарастыруды қамтиды.

Негізгі баяндаманы ***«Өркен» БӘАҰҒПИ президенті Елена Николаевна Сакенова*** жасады. Өз сөзінде қазіргі таңда Қазақстанда бала құқықтары мен оның әл-ауқаты тек декларациялық сипатта қалып қоймай, мемлекеттік саясаттың нақты әрі жүйелі бағыттарына айналып келе жатқанын атап өтті.

Главная тема обсуждения – ***переход конституционных норм в ежедневные практические действия.*** Речь идет о конкретных механизмах защиты прав детей, создании безопасной и поддерживающей среды в школах, а также о роли педагогов в этих процессах.

С ключевым докладом выступила ***президент ННПИБД «Өркен» Елена Николаевна Сакенова.*** Она подчеркнула, что сегодня Казахстан делает системный шаг к новой модели, в которой благополучие и права ребенка становятся не просто декларацией, а *реальным ориентиром государственной политики.*





БАЛАЛАРДЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫ – МЕМЛЕКЕТ САЯСАТЫНЫҢ БАСТЫ БАСЫМДЫҒЫ

Конституция – мемлекетіміздің жаңа Негізгі Заңы ретінде балалардың – ***біздің болашағымыздың – елдік саясаттағы басты басымдық екенін айқындап берді.*** Бұл ұстанымның мәні неде? Ендігі жерде әлеуметтік салаға қатысты қабылданатын әрбір заң мен жүргізіледі және әрбір реформа ең алдымен баланың мүддесіне сай сараланып, сол өлшеммен енгізілетін болады.

Біз баланың лайықты өмір сүруін, қауіпсіздігін және даму құқығын басты құндылық ретінде қарастыратын мемлекет құрып жатырмыз.

Әрбір бала құқықтық мұрғыдан толыққанды субъект ретінде танылады және оның қадір-қасиеті толыққанды қорғалуға тиіс.

«Қазақстан балалары» тұжырымдамасы *- мемлекет пен қоғамның балалардың әл-ауқатын қамтамасыз етуді ортақ міндет ретінде мойындап, осы бағытта бірлесе әрекет етуге бет бұрғанының айқын көрінісі.*

Ұзақ жылдар бойы балаларға қатысты жұмыстар ведомстволық бөлінумен жүзеге асып келді. Бұл кезеңде медицина, білім беру және әлеуметтік қорғау салалары баланы тек өз құзыретіндегі «жеке жауапкершілік бөлігі» ретінде қарастырды. Ал 2026–2030 жылдарға арналған «Қазақстан балалары» тұжырымдамасы балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету мәселелерінде ***ведомствоаралық өзара ықпалдастық пен бірлескен әрекеттің жаңа кезеңіне жол ашты.***

БЛАГОПОЛУЧИЕ ДЕТЕЙ КАК ЦЕННОСТНЫЙ ОРИЕНТИР ГОСУДАРСТВЕННОЙ ПОЛИТИКИ КАЗАХСТАНА

Конституция как новый основной Закон государства провозгласила, что ***дети – это наше будущее и главный приоритет государственной политики.*** Что это означает на практике? Отныне любой закон, любая реформа в социальной сфере будут рассматриваться через «фильтр» интересов маленького человека.

Мы строим государство, где право ребенка на достойную жизнь, защиту и развитие является самым важным.

Каждый ребенок отныне – полноценный субъект права, чье достоинство неприкосновенно.

Концепция «Дети Казахстана» *– доказательство принятия единой ответственности государства и общества за благополучие детей.*

Долгое время мы жили в условиях ведомственной разобщенности, когда медицина, образование и социальная защита видели в ребенке лишь «свою часть» ответственности. Концепция «Дети Казахстана» на 2026–2030 гг. положила начало тесному ***межведомственному сотрудничеству в вопросах обеспечения благополучия детей.***

Қауіпсіздік тек қоршаулар мен бейнебақылау камераларымен шектелмейді. Шынайы қауіпсіздік баланың ішкі жан дүниесінен бастау алады. Біз әлеуметтік-эмоциялық оқытуды (SEL) енгізу арқылы білім беру ұйымдарын әрбір бала «Мені бағалайды, мені естиді, мен маңыздымын» деп сезінетін ортаға айналдырып жатырмыз. Осылайша балалар достық, эмпатия және өзара қолдау көрсету өнерін меңгереді.

«ДосболLIKE» *бағдарламасы мектептерде зорлық-зомбылықтың алдын алуға бағытталған.* Балалар үшін оның негізгі құндылығы – ***психологиялық тұрғыдан тұрақтылықты*** қалыптастыру, яғни өз эмоцияларын саналы басқару, манипуляциялық әрекеттерді ажырату және жеке шекараны дұрыс қоя білу дағдыларын дамыту. Бағдарлама аясында достық пен өзара құрмет мәдениеті қалыптасып, әлеуметтік оқшаулану қорқынышы мен тұрақты күйзелістен арылуға мүмкіндік алады.

«ДосболLIKE» **бағдарламасы бала бойында әл-ауқаттың үш негізгі тірегін қалыптастыруға ықпал етеді. Атап айтқанда, ол:**

- **баланың өзін физикалық әрі эмоциялық тұрғыдан қауіпсіз сезінуіне жағдай жасайды;**
- **ұжым ішінде өзінің орнын, маңызын сезінуге мүмкіндік береді;**
- **сенімді, тұрақты әрі берік қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік беретін практикалық дағдыларды қалыптастыруға ықпал етеді.**

Балаларға психологиялық қолдау көрсету желісін кеңейту және дағдарыс жағдайларда жедел әрекет ету – маңызды басымдықтардың бірі. *Психологиялық қолдау орталықтары (ПҚО) буллинг, зорлық-зомбылық немесе* суицидтік қауіп сияқты күрделі жағдайларда дер кезінде көмек көрсетіп, баланың психикалық саулығын қорғауға ***бағытталған кәсіби жедел қызмет ретінде жұмыс істейді.***

Орталықтардың жұмыс нәтижелері:

- әлеуметтік мазасыздық деңгейін төмендету;
- тренингтер мен арнайы бағдарламалар арқылы мамандар балалардың ұжымға бейімделуіне, ішкі қорқыныштарын еңсеруіне және қарым-қатынас дағдыларын дамытуына қолдау көрсету;
- дестигматизация (әлеуметтік-психологиялық кемсітушілікті жою) және т.б.

Психологиялық-педагогикалық орталықтың (ПҚО) болуы жастардың психологияға деген көзқарасын өзгертеді: маманға бару – өзіне қамқорлық жасаудың қалыпты әрекеті, әлсіздіктің белгісі емес.

Безопасность – это не только заборы и видеокамеры. Настоящая безопасность начинается во внутреннем мире ребенка. Мы внедряем социально-эмоциональное обучение (SEL), превращая учебные заведения в территорию, где каждый ребенок понимает и чувствует: «Меня ценят, меня слышат, я важен». Так дети осваивают искусство дружбы, эмпатии и взаимовыручки.

Программа «ДосболLIKE» призвана исключить насилие в школах. Ее главная ценность для ребенка заключается в формировании психологического иммунитета – способности осознанно управлять своими эмоциями, распознавать манипуляции и выстраивать здоровые личные границы. Благодаря внедрению культуры дружелюбия ученик избавляется от фонового стресса и страха перед социальной изоляцией.

«ДосболLIKE» дает ребенку три *базовые опоры благополучия:*

- **чувство физической и эмоциональной безопасности;**
- **осознание собственной значимости в коллективе;**
- **владение практическими навыками создания крепких, доверительных отношений.**

Расширение сети психологической поддержки детей. *Кризисное реагирование.* Центры психологической поддержки (ЦПП) обеспечивают немедленную помощь при травле, насилии или суицидальных рисках, работая как ***профессиональная служба спасения для детской психики.***

Результаты работы центров:

- снятие социальной тревожности;
- через тренинги и программы сотрудники центров помогают детям адаптироваться в коллективе, преодолевать страхи и развивать навыки общения;
- дестигматизация (устранение социально-психологической дискриминации) и т. д.

Само существование *ЦПП* меняет отношение молодежи к психологии: посещение специалиста становится нормой заботы о себе, а не признаком «слабости».



Келесі спикер – ***Камшат Болатбекқызы Жүсіпбаева***, психология ғылымдарының магистрі, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ғылыми қызметкері.

Следующий спикер сессии ***Камшат Болатбековна Жусипбаева*** – магистр психологических наук, научный сотрудник КазНУ им. аль-Фараби.

ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ: БАЛА ҚҰҚЫҒЫ ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІГІ

Құрметті әріптестер, конференция қатысушылары! Бүгінгі таңда балалардың құқығын қорғау мәселесі тек құқықтық емес, терең ***әлеуметтік-психологиялық*** маңызға ие болып отыр.

2026 жылғы 15 наурызда өткен республикалық референдумда қабылданған Жаңа Конституция – бұл еліміздің болашағына, яғни өскелең ұрпақтың қауіпсіздігіне жасалған үлкен қадам.

Негізгі Заңдағы өзгерістер мен баланың психологиялық әл-ауқатының арасында қандай байланыс бар?

▶ *1-бөлім. Өмір сүру құқығы және физикалық-психологиялық тұтастық*

▶ *Конституцияның 17-бабында: «Өмір сүру құқығы – әр адамның ажыратуға және айыруға болмайтын құқығы»* деп көрсетілген. Бала психологиясы тұрғысынан алсақ, «өмір сүру құқығы» тек физикалық амандық емес. Бұл – баланың қорқынышсыз, үрейсіз және психологиялық қысымсыз дамуына мемлекет тарапынан берілген кепілдік. Психологиялық қауіпсіздік болмаған жерде баланың тұлға ретінде толыққанды өмір сүруі мүмкін емес.

Психологиялық қауіпсіздік қамтамасыз етілмеген жағдайда, баланың тұлға ретінде толыққанды қалыптасуы мен жан-жақты дамуы да мүмкін болмайды.

▶ *2-бөлім. Цифрлық гигиена және кибербуллинг.* Бүгінгі баланың өмірі гаджеттермен тығыз байланысты. Сондықтан цифрлық гигиена – бұл заман талабы.

НОВАЯ КОНСТИТУЦИЯ: ПРАВА РЕБЕНКА И ПСИХОЛОГИЧЕСКАЯ БЕЗОПАСНОСТЬ

Дорогие коллеги – участники сессии! На сегодняшний день вопрос защиты прав детей перестал быть сугубо юридической формальностью. Это высокая ***социально-психологическая миссия общества.***

Новая Конституция, принятая на Республиканском референдуме 15 марта 2026 г., стала фундаментальным шагом в обеспечении безопасности будущего нашей страны – подрастающего поколения.

Какова связь между изменениями в Основном Законе и психологическим благополучием ребенка?

▶ *Раздел 1. Право на жизнь и физико-психологическая целостность*

▶ *В статье 17 Конституции указано: «Право на жизнь – неотъемлемое право каждого человека, и никто не может быть его лишен».* С точки зрения детской психологии, право на жизнь – это не только физическое благополучие. Это гарантия со стороны государства на развитие ребенка без страха, тревоги и психологического давления.

Там, где отсутствует *психологическая безопасность*, невозможно полноценное существование и развитие ребенка как личности.

▶ *Раздел 2. Цифровая гигиена и кибербуллинг.* Жизнь современного ребенка неразрывно связана с гаджетами, поэтому цифровая гигиена сегодня – это веление времени.

▶ Жеке өмірге қол сұғылмаушылық туралы ***18-бапқа сәйкес***, баланың жеке хат-хабарлары мен деректері оның конституциялық құпиясы болып табылады, бұл цифрлық гигиена қағидаттарының негізін құрайды.

▶ ***20-бап аясында*** кибербуллингке қарсы іс-қимыл тетіктері қалыптасады: интернеттегі анонимділік баланың ар-намысы мен қадір-қасиетін қорлауға құқық бермейді. Өскелең ұрпақтың психологиялық денсаулығын сақтау мақсатында мемлекет тіпті виртуалды кеңістікте де тұлғаның конституциялық құқықтарын қорғауға кепілдік береді. 20-бапта екі маңызды қағида бекітілген:

▶ «Адамның ар-намысы мен қадір-қасиетіне қол сұғуға болмайды және олар заңмен қорғалады».

▶ «Ешкімді азаптауға, оған зорлық-зомбылық жасауға, басқа да қатыгездік көрсетіп немесе адамның қадір-қасиетін қорлап жәбірлеуге не жазалауға болмайды».

Бұл баптар бүгінгі күннің ең ауыр мәселесі – мектептегі буллинг (қорқыту) мен кибербуллингке қарсы ***негізгі құқықтық тосқауыл.***

▶ Согласно ***статье 18*** о неприкосновенности частной жизни, личные переписки и данные ребенка являются его конституционной тайной, что составляет основу принципов цифровой гигиены.

▶ В контексте ***статьи 20*** формируются механизмы противодействия кибербуллингу: анонимность в интернете не дает права на оскорбление чести и достоинства ребенка. Для сохранения психологического здоровья подрастающего поколения государство гарантирует защиту конституционных прав личности даже в виртуальном мире. В статье 20 закреплены два важнейших положения:

▶ «Честь и достоинство человека неприкосновенны и защищаются законом».

▶ «Никто не должен подвергаться пыткам, насилию, другому жестокому или унижающему человеческое достоинство обращению или наказанию».

Эти статьи являются основным правовым барьером против самых острых проблем современности – школьного буллинга (травли) и кибербуллинга.

Психологияда баланың *қадір-қасиетін қорлау – оның болашақтағы өзіне деген сенімін жойып, депрессияға алып келетін ауыр соққы.* Жаңа Конституция арқылы біз «зорлық-зомбылыққа көз жұма қарамау» *қағидасын құқықтық деңгейде бекіттік.*

В психологии *унижение достоинства ребенка* рассматривается как *тяжелый удар, который разрушает веру в себя и приводит к депрессии.* Через новую Конституцию мы закрепили на высшем правовом уровне *принцип нулевой терпимости к насилию.*



▶ *3-бөлім. Ар-намыс пен қадір-қасиет – буллингке қарсы басты қорған.*
▶ *4-бөлім. Еркіндік және тұлғалық даму.*
▶ *Конституцияның 25-бабы әр адамның, соның ішінде баланың да ар-ождан бостандығына құқығы бар екенін айтады.* ***Психологиялық қауіпсіздік дегеніміз*** *– баланың өз ойын еркін айта алуы, оның ішкі әлеміне құрметпен қарау*. Баланың таңдау құқығын шектемеу, оның пікірін тыңдау – бұл оның психологиялық тұрғыдан сау және жауапкершілігі жоғары азамат болып өсуіне жағдай жасайды. Сонымен қатар, бұл баптың екінші тармағы баланы басқа адамдардың құқықтарын құрметтеуге, яғни әлеуметтік эмпатияға баулиды.
▶ ***5-бөлім. Отбасы – қауіпсіздіктің негізгі ошағы.*** *Баланың психологиялық жай-күйіне ең бірінші әсер ететін фактор – отбасы. 30-баптың 3-тармағында: «Балаға қамқорлық жасау және тәрбие беру – ата-ананың етене құқығы әрі міндеті»* деп тайға таңба басқандай жазылған. Бұл норма ата-ананың жауапкершілігін күшейтеді. ***«Қамқорлық»*** ұғымы тек киім мен тамақ емес, бұл – ***баланың эмоционалдық қажеттіліктерін қанағаттандыру, онымен сенімді қарым-қатынас орнату.*** Психологиялық қауіпсіздік отбасындағы жылулықтан басталады.

▶ *Раздел 3. Честь и достоинство – главная защита от буллинга.*
▶ *Раздел 4. Свобода и личностное развитие.*
▶ *Статья 25 Конституции гласит, что каждый человек, включая ребенка, имеет право на свободу совести.* ***Психологическая безопасность*** - это возможность ребенка свободно выражать свои мысли и уважительное отношение к его внутреннему миру. Отсутствие ограничений в праве выбора и умение взрослых выслушать мнение ребенка создают условия для его роста как психологически здорового и ответственного гражданина. Кроме того, второй пункт данной статьи приучает ребенка уважать права других людей, что развивает в нем социальную эмпатию.
▶ ***Раздел 5. Семья – основной очаг безопасности.*** *Первостепенным фактором, влияющим на психологическое состояние ребенка, является семья. В пункте 3 статьи 30 четко прописано: «Забота о детях и их воспитание являются естественным правом и обязанностью родителей».* Данная норма усиливает ответственность родителей. Понятие забота включает в себя не только одежду и питание. Это прежде всего удовлетворение эмоциональных потребностей ребенка и установление с ним доверительных отношений. Психологическая безопасность начинается именно с тепла в семье.

Жаңа Конституция **– бұл жай ғана заңдар жиынтығы емес, бұл *біздің* балаларымыздың жан дүниесін қорғайтын *«құқықтық қалқан».***
Біздің *басты мақсатымыз – әрбір баланың «менің қадір-қасиетім заңмен қорғалған» деген нық сенімде болуын қамтамасыз ету.*

Новая Конституция **– это не просто свод законов, это правовой щит, оберегающий внутренний мир наших детей.**
Наша *главная цель – обеспечить каждому ребенку твердую уверенность в том, что его достоинство и права находятся под надежной защитой закона.*





Гүлжан Қалиевна Амангелдинова – *«Психоаналитикалық ассоциация» қоғамдық бірлестігінің президенті.*

Гульжан Калиевна Амангельдинова – *президент Общественного объединения «Психоаналитическая ассоциация».*

БАЛА ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ – МЕМЛЕКЕТТІҢ ТҰРАҚТЫ БОЛАШАҒЫНЫҢ НЕГІЗІ

Балалардың құқықтарын қорғау туралы айтқанда, біз тек балалардың өздері туралы ғана емес, қоғамның болашағы, адам капиталының сапасы, ұлттың психологиялық денсаулығы және мемлекеттің 10, 20, 30 жылдан кейін қандай болатыны туралы сөз қозғаймыз.

Бала – тек қамқорлықтың нысаны ғана емес. ***Ол – құқықтың субъектісі, дамудың субъектісі және болашақтың иесі.***

Сондықтан ***балаларды қорғау саласындағы конституциялық реформалар*** – жай ғана қағаз жүзіндегі немесе құқықтық жаңарту емес. Бұл ***мемлекеттің кемелдік*** деңгейінің маңызды көрсеткіші.

Күшті мемлекет – бұл барлығын қатаң бақылауда ұстайтын мемлекет емес. ***Күшті мемлекет – өзін-өзі қорғай алмайтындарды қорғай білетін мемлекет.***

ЗАЩИТА ПРАВ ДЕТЕЙ – ОСНОВА УСТОЙЧИВОГО БУДУЩЕГО ГОСУДАРСТВА

Когда мы говорим о защите прав детей, мы на самом деле говорим не только о детях. Мы говорим о будущем общества, о качестве человеческого капитала, о психологическом здоровье нации и о том, каким будет государство через 10, 20, 30 лет.

Ребенок – это не просто объект заботы. Это ***субъект права, субъект развития и субъект будущего.***

Именно поэтому ***конституционные реформы в сфере защиты детей*** – это не формальность, не просто юридическое обновление. Это ***индикатор зрелости государства.***

Сильное государство – это не то, которое контролирует. Сильное государство ***– это то, которое защищает тех, кто не может защитить себя сам.***

Неліктен бұл соншалықты маңызды?

▶ Біріншіден, ***балалық шақ – тұлғаның іргетасы.*** Баланың отбасында, мектепте және қоғамда басынан өткерген әрбір жағдайы оның болашағына, тұлға ретінде қалыптасуына әсер етеді. Ол адамның ішкі әлемін қалыптастырады: сенім арта білуін, қарым-қатынас орнату қабілетін, шешім қабылдауын және жауапкершілік алуын айқындайды.

Құқықтары бұзылған бала – зорлық-зомбылыққа, немқұрайлылыққа, елемеуге немесе қолдаудың болмауына тап болған жағдайда – бұл оның тек сол сәттегі емес, бүкіл болашақ өміріне әсер ететін ауыр салдарларға әкеледі. Есейе келе ол өзімен бірге сенімсіздік, үрей, ашушаңдық немесе дәрменсіздік сияқты ішкі психологиялық ауыртпалықтарды алып жүреді.

Сол кезде мемлекет «балалар мәселесімен» ғана емес, оның салдарымен бетпе-бет келеді: зорлық-зомбылықтың көбеюі, тәуелділіктердің артуы, әлеуметтік тұрақсыздық, өнімділіктің төмендеуі және қоғамдағы сенім деңгейінің әлсіреуі.

Осылайша, *балалар құқықтарын қорғау* тек гуманистік құндылық ғана емес, ол – *стратегиялық инвестиция.*

Почему это так важно?

▶ Во-первых, потому что ***детство – это фундамент личности.*** Все, что происходит с ребенком в семье, в школе, в обществе, не исчезает бесследно. Это формирует внутренний мир человека: его способность доверять, строить отношения, принимать решения, нести ответственность.

Ребенок, чьи права нарушаются, будь то насилие, пренебрежение, игнорирование или отсутствие поддержки, не просто страдает в моменте. Он вырастает во взрослого, который несет в себе травму, тревогу, агрессию или беспомощность.

И тогда государство сталкивается уже не с «проблемами детей», а с последствиями: ростом насилия, зависимостей, социальной нестабильности, снижением продуктивности и уровня доверия в обществе.

Таким образом, *защита прав детей* – это не только гуманистическая ценность. Это *стратегическая инвестиция.*



▶ Екіншіден, ***балалар құқықтарын қорғау – әлеуметтік әділеттілік мәселесі***. Балалар өздерінің қандай отбасында дүниеге келетінін, қай өңірде өмір сүретінін және қандай жағдайда өсетінін таңдамайды. Алайда мемлекет әрбір балаға даму, қауіпсіздік және лайықты өмір сүру мүмкіндігі берілетін жағдай қалыптастыруы тиіс әрі қалыптастыра алады.

Осы саладағы конституциялық өзгерістердің маңыздылығы – олар ***баланың мүддесін*** ең жоғары деңгейде бекітеді. Бұл кез келген шешімнің (білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік саясат салаларында) бір негізгі сұрақ арқылы бағалануы тиіс екенін білдіреді: ***«Бұл балаға қалай әсер етеді?»*** Осылайша, басқару логикасының өзі түбегейлі өзгереді.

▶ Үшіншіден, ***балалар құқықтарын қорғау*** мемлекеттің ***тұрақтылығымен тікелей байланысты.*** Тұрақтылық тек экономика мен инфрақұрылыммен ғана өлшенбейді. ***Ол – адамдар арасындағы сенім деңгейі, қоғамның дағдарыстарды еңсере білу қабілеті және ішкі тірек жүйесінің болуы***. Ал осы ішкі тірек дәл балалық шақта қалыптасады.

Егер бала өзін тыңдайтын, құрметтейтін және қорғайтын ортада өссе, ол диалогқа қабілетті, жауапкершілігі жоғары және қоғамдық өмірге белсенді араласатын тұлға болып қалыптасады.

Егер бала қорқыныш билеген ортада өссе және үнемі елеусіз қалса, ол не зорлық-зомбылықты қайталайтын мінез-құлыққа бейім болады, не енжарлыққа бой алдырады. Мұндай жағдайда қоғамның тұрақтылығы да қауіпке ұшырайды.

▶ Во-вторых, ***защита прав детей*** *– это вопрос социальной справедливости.* Дети не выбирают, в какой семье родиться, в каком регионе жить, в каких условиях расти. Но государство может и должно создавать такие условия, при которых у каждого ребенка есть шанс на развитие, безопасность и достойную жизнь.

Конституционные изменения в этой сфере важны именно потому, что они закрепляют на самом высоком уровне ***приоритет интересов ребенка***. Это означает, что любые решения (в образовании, здравоохранении, социальной политике) должны проходить через один *ключевой вопрос:* ***«Как это влияет на ребенка?»*** И это меняет саму логику управления.

▶ В-третьих, ***защита прав детей*** напрямую связана с ***устойчивостью государства.*** Устойчивость – это не только экономика и инфраструктура. ***Это уровень доверия между людьми, способность общества справляться с кризисами, наличие внутренней опоры.*** А формируется эта опора именно в детстве.

Если ребенок растет в среде, где его слышат, уважают, защищают, он вырастает в человека, способного к диалогу, ответственности, участию в общественной жизни.

Если же ребенок растет в среде страха и игнорирования, он либо воспроизводит насилие, либо уходит в пассивность. И тогда устойчивость общества оказывается под угрозой.

Қазақстандағы балаларды қорғау саласындағы қазіргі реформалар баланы тек қамқорлық объектісі ретінде емес, толыққанды тұлға ретінде тануға бағытталған маңызды қадам болып табылады. **Бұл өзгерістер патерналистік көзқарастан бас тартып, құрмет пен серіктестік қағидаттарына негізделген жаңа үлгіге өтуді білдіреді.**

Алайда кез келген реформа, тіпті ең дұрыс шешімдер де, тек құқықтық тұрғыда бекітілумен шектелмей, қоғам тарапынан мәдени тұрғыда қабылдануды қажет етеді. Егер қоғамда зорлық-зомбылыққа төзімділік сақталса, баланың үні естілмесе және ересектер жауапкершілікті толық сезінуге дайын болмаса, бала құқықтарын тек заң жүзінде қамтамасыз ету мүмкін емес.

Бүгінгі таңда біз заңнамадағы өзгерістердің нақты нәтижелер беріп жатқанын көріп отырмыз. Мысалы, соңғы жылдары Қазақстанда балаларға қатысты қатыгез қарым-қатынас деңгейі айтарлықтай төмендеді.

Современные реформы в Казахстане в сфере защиты детей **– это шаг в сторону *признания ребенка как личности,* а не только как объекта опеки. Это переход от патерналистской модели к *модели уважения и партнерства.* И это очень важный цивилизационный шаг.**

Но любые реформы, даже самые правильные, требуют не только юридического закрепления, но и ***культурного принятия.*** Невозможно обеспечить защиту прав детей только законами, если в обществе сохраняется толерантность к насилию, если голос ребенка не воспринимается всерьез, если взрослые не готовы брать на себя ответственность.

Сегодня мы уже видим, что изменения в законодательстве дают реальные результаты. Например, за последние годы в Казахстане существенно снизился уровень жесткого обращения с детьми.



▶ Егер 2015 жылы балалардың жартысынан астамы (шамамен 52%) қатаң тәрбиелеу әдістеріне ұшыраса, 2024 жылға қарай бұл көрсеткіш 37,9%-ға дейін төмендеді. Бұл – айтарлықтай оң динамика. Алайда сонымен қатар ***әрбір үшінші бала әлі де зорлық-зомбылыққа тап болып отырғанын білдіреді.***

▶ Сондай-ақ ***ата-аналардың қатысу деңгейінде*** оң өзгерістер байқалады. Әкелердің бала тәрбиесіне белсенді араласуы шамамен үш есеге өсіп, 6,6%-дан 18,6%-ға жетті. Бұл – отбасының неғұрлым салауатты моделіне қарай жасалған маңызды қадам.

▶ Бүгінде балалардың барлығы дерлік туған кезде тіркеуден өтеді – бұл көрсеткіш 100%-ға жуық. Бұл баланың бастапқы кезеңнен бастап білім алу, медициналық көмек пен әлеуметтік қорғау сияқты негізгі құқықтарына қол жеткізуін қамтамасыз етеді.

▶ 1,7 миллионнан астам бала ***әлеуметтік қолдау бағдарламаларымен*** қамтылған, оның ішінде тегін мектеп тамағы да бар. Бұл мемлекет балалардың әл-ауқатына жүйелі түрде инвестиция салып отырғанын көрсетеді.

Алайда осы жетістіктермен қатар бірқатар күрделі ***сын-қатерлер әлі де бар.*** Мәселен, балалардың шамамен 21%-ы кибербуллингке тап болса, 15%-ы цифрлық ортада зиянды контенттің әсеріне жүйелі түрде ұшырайды. Бұл – заңнама енді ғана бейімделіп жатқан жаңа шындық.

▶ Если в 2015 г. более половины детей (около 52%) подвергались жестким методам воспитания, то к 2024 г. этот показатель снизился до 37,9%. Это значимое снижение. Но одновременно это означает, что каждый третий ребенок по-прежнему сталкивается с насилием.

▶ Мы также видим позитивные изменения в вовлеченности родителей. Активное участие отцов в воспитании детей выросло почти в три раза – с 6,6 до 18,6%. Это важный сдвиг в сторону более здоровой семейной модели.

▶ Практически все дети сегодня регистрируются при рождении – этот показатель приближается к 100%. А это означает, что ребенок с самого начала получает доступ к своим базовым правам: образованию, медицинской помощи и социальной защите.

▶ Более 1,7 млн детей охвачены ***программами социальной поддержки***, включая бесплатное школьное питание. Это говорит о том, что государство системно инвестирует в благополучие детей.

Однако наряду с этим остаются серьезные вызовы. Например, около 21% детей сталкиваются с кибербуллингом, а 15% регулярно подвергаются воздействию вредного контента в цифровой среде. Это новая реальность, к которой законодательство только начинает адаптироваться.

Ерекше балалар басты назарда болуы қажет: олардың тек шамамен 28,6%-ы ғана қажетті әлеуметтік қызметтермен қамтылған, ал 10 мыңнан астам бала үйде оқуға мәжбүр, бұл олардың әлеуметтік оқшаулануына жиі әкеледі.

Сонымен қатар интернаттық мекемелердегі балалардың шамамен 82%-ының ата-аналары тірі. Бұл мәселенің түп-тамыры отбасының жоқтығында емес, ***ондаға колдаудың аздығынан*** екенін көрсетеді.

Ақырында, психикалық ***денсаулық мәселелерін*** елемеуге болмайды. Жастар арасындағы ***суицид*** әлі де қайғылы жағдайлардың негізгі себептерінің бірі болып қала береді, бұл балалық шақтан бастау алатын терең әлеуметтік және психологиялық мәселелердің бар екенін аңғартады.

Дети особого внимания требуют особые: только около 28,6% из них получают необходимые социальные услуги, а более 10 тыс. детей вынуждены обучаться на дому, что часто приводит к их социальной изоляции.

Кроме того, около 82% детей, находящихся в интернатных учреждениях, имеют живых родителей. Это означает, что проблема не в отсутствии семьи, а в ***отсутствии поддержки семьи.***

И, наконец, мы не можем игнорировать ***вопросы психического здоровья.*** *Суицид* остается одной из ведущих причин смертности среди молодежи, что указывает на глубинные проблемы, уходящие корнями в детство.

Осы деректердің барлығы бір ғана қорытынды шығарады: реформалар өз нәтижесін беріп отыр, алайда оларды жалғастыру, тереңдету және ең бастысы – *балаға деген қоғамдық көзқарасты өзгерту* қажет. Сондықтан бүгін біз қос міндеттің алдында тұрмыз: бір жағынан – *заңнаманы жетілдіру,* екінші жағынан – *қоғамдық сананы өзгерту.*

Все эти данные свидетельствуют об одном: реформы уже дают результат, но они требуют продолжения, углубления и главное – *изменения общественного отношения к ребенку.* Поэтому сегодня мы стоим перед двойной задачей: с одной стороны – *совершенствовать законодательство,* с другой – *менять общественное сознание.*

Психикалық денсаулық саласының маманы ретінде атап өткім келеді: баланың құқықтарын қорғау – ***оның психикасын қорғау деген сөз.*** Ал ***психикалық денсаулық – көрінбейтін, бірақ қоғам әл-ауқатының негізгі тірегі.***

Балаларға салынған инвестиция – болашақ қоғамдағы мазасыздықтың, агрессияның, депрессияның азаюына, адамдардың тұрақты қарым-қатынас орната алуына, отбасын құруына, еңбек етуіне және елді дамытуына салынған инвестиция.

Как специалист в области психического здоровья хочу подчеркнуть: ***защита прав ребенка – это также защита его психики.*** А ***психическое здоровье*** – это невидимая, но ***ключевая основа благополучия общества.***

Инвестиции в детей – это инвестиции в снижение тревожности, агрессии, депрессии в будущем обществе, способность людей строить устойчивые отношения, создавать семьи, работать, развивать страну.

Осы мұрғыдан алғанда, *бала құқықтарын қорғау* – жай ғана әлеуметтік саясат емес. Бұл – *болашақтың бағдары...*

И в этом смысле *защита прав детей* – это не просто социальная политика. Это *политика будущего...*





«Өркен» БӘАҰҒПИ бірінші вице-президенті – ***Салтанат Паналиевна Ахметова***

БАЛА ҚҰҚЫҚТАРЫ – ХАЛЫҚТЫҚ КОНСТИТУЦИЯНЫҢ ІРГЕТАСЫ

Қадірлі қонақтар!

Егер әр бала өзін қауіпсіз сезінсе, дауысы еркін шықса, егер оның арманына ешқандай шектеу болмаса – бұл жай ғана дамыған қоғам емес. ***Бұл – біздің мемлекетіміздің берік іргетасы. Бұл – өмір айнасына айналған Конституция.***

Бүгін мен сіздермен заң баптары туралы ғана емес, еліміздің ең басты құндылығы – балалар туралы сөз қозғағым келеді. Себебі бала – болашақ емес. ***Бала – бүгін бар тұлға.***

2026 жылғы Конституцияның ең маңызды жаңашылдығы – бала құқықтарына деген көзқарастың түбегейлі өзгеруі. Егер бұрын бала құқықтары көбіне отбасы аясында қарастырылса, енді олар – ***жеке конституциялық басымдық ретінде танылды.***

Первый вице-президент ННПИБД «Өркен» ***Салтанат Паналиевна Ахметова***

ПРАВА РЕБЕНКА – ФУНДАМЕНТ НАРОДНОЙ КОНСТИТУЦИИ

Дорогие гости!

Если каждый ребенок будет чувствовать себя в безопасности, если его голос будет услышан, если на пути к его мечте не будет преград, – это не просто признак развитого общества. Это и есть прочный ***фундамент нашей государственности.*** Это ***Конституция, воплощенная в жизнь.***

Сегодня я хочу поговорить с вами не только о статьях закона, но и о главной ценности нашей страны – о детях. Потому что ребенок – это не будущее. ***Ребенок – это настоящее.***

Самая важная новация Конституции 2026 г. – коренное изменение отношения к правам ребенка. Если раньше права детей рассматривались преимущественно в рамках семьи, то теперь они признаны ***индивидуальным конституционным приоритетом.***

Бұл нені білдіреді? Бұл дегеніміз – ***мемлекет қабылдайтын әрбір шешім енді «бала мүддесі» сүзгісінен өтуі тиіс.*** Мейлі ол бюджет болсын, мейлі білім беру жүйесі немесе қала құрылысы – барлығы ең алдымен баланың игілігіне қызмет етуі керек. Бұл – ***«Әділетті Қазақстан»*** идеясын нақты іске асырудың көрінісі.

Осы тұста «Өркен» БӘАҰҒПИ бағыты ерекше маңызға ие. ***Институттың басты ұстанымы – балалардың әл-ауқатын арттыруды ел дамуының негізгі көрсеткіші ретінде қарастыру.***

Бүгінде балалардың ***хал-ахуал индексі*** баланың өмір сапасын кешенді түрде бағалауға мүмкіндік береді. Бұл индекс бірнеше маңызды бағытты қамтиды:

- баланың денсаулығы мен қауіпсіздігі;
- сапалы білімге қолжетімділігі;
- психологиялық жай-күйі;
- әлеуметтік теңдігі;
- жалпы өмір сапасы.

Бұл жай ғана сандар емес. ***Бұл – әр баланың күнделікті өмірінің шынайы көрінісі.*** Егер осы көрсеткіштер төмен болса, не болады?

Бала өзін қорғалмаған сезінеді. Өзіне деген сенімі әлсірейді. Қабілеті толық ашылмайды. Ал бұл тек жеке адамның мәселесі емес – бұл ***бүкіл қоғамның мәселесіне*** айналады. Себебі әл-ауқаты төмен бала – ертең толық әлеуетін жүзеге асыра алмайтын азамат болып өседі.

Что это означает? Это значит, что ***каждое решение, принимаемое государством, отныне должно проходить через фильтр интересов ребенка***. Будь то бюджет, система образования или городское планирование – все должно прежде всего служить ***благополучию ребенка.*** Это и есть проявление практической реализации идеи ***Справедливого Казахстана.***

В этом контексте деятельность ННПИБД «Өркен» приобретает особую значимость. ***Главный принцип нашего института*** – *рассматривать* ***повышение благосостояния детей как основной показатель развития страны.***

Сегодня ***индекс благополучия детей*** позволяет комплексно оценить ***качество жизни ребенка.*** Этот индекс охватывает несколько важнейших направлений:

- здоровье и безопасность ребенка;
- доступность качественного образования;
- психологическое состояние;
- социальное равенство;
- общее качество жизни.

Это не просто слова. Это ***реальное отражение повседневной жизни каждого ребенка.*** Что происходит, если эти показатели низкие?

Ребенок чувствует себя незащищенным. Его уверенность в себе слабеет. Его способности не раскрываются в полной мере. И это становится проблемой не только отдельно взятого человека – это становится ***проблемой всего общества,*** ведь ребенок с низким уровнем благополучия – это гражданин, который завтра не сможет полностью реализовать свой потенциал.



Демек, балалардың әл-ауқатын арттыру – тек әлеуметтік міндет емес. Бұл ұлттық қауіпсіздік, экономикалық даму және мұрақты болашақтың негізі.

Ендеше, бала құқықтарын шынайы іргетасқа айналдыру үшін не істеуіміз керек?

▶ Біріншіден, әрбір мемлекеттік бағдарламаға ***«балаға әсерін бағалау»*** тетігін енгізу қажет. Яғни кез келген шешім қабылдар алдында: «Бұл балаға қалай әсер етеді?» деген сұрақ бірінші тұруы тиіс.

▶ Екіншіден, ***білім беру мен психологиялық қолдау*** жүйесін күшейту маңызды. Бала тек білім алып қана қоймай, өзін қауіпсіз әрі қолдау көрсетілетін ортада екенін сезінуі керек.

▶ Үшіншіден, ***қауіпсіз және инклюзивті орта*** қалыптастыру қажет. Әр бала қандай жағдайға тап болса да – тең мүмкіндікке ие болуы тиіс.

▶ Төртіншіден, ***балалардың пікірін*** ескеретін мәдениет қалыптастыруымыз керек. Себебі бала – тек қорғауды қажет ететін тұлға емес, ол – қоғамның толыққанды мүшесі.

Конституция – бұл жай ғана заңдар жиынтығы емес. Ол – қоғамның ***ар - ұяты, әділеттің өлшемі***. Егер біз әр баланың өзін маңызды сезінуіне жағдай жасасақ, егер әр бала өзін қорғалған, тыңдалған, және бағаланған сезінсе – онда біз Конституцияны орындап қана қоймаймыз, біз оны өмірімізге енгіземіз...

Бүгінгі таңда «Өркен» балалардың әл-ауқатын арттыру ұлттық ғылыми-практикалық институтының қызметі де жаңа Конституция құндылықтарымен үндесіп, жаңа сапалық деңгейге көтерілуде. Егер бұрын да зерттеулер жүйелі түрде жүргізіліп келген болса, енді олардың басты басымдығы – ***қолданбалы сипатқа ие болып, нақты нәтиже мен нақты өзгеріске бағытталуда.*** Бұл-балалардың әл-ауқатын жай ғана өлшеу емес, оны жақсартудың нақты тетіктерін әзірлеу.

Институттың жаңа бағыттары мынадай мазмұнға ие

▶ Балалардың хал-ахуал индексін өңірлік және жергілікті деңгейде терең талдау арқылы әр аймақтың нақты мәселелерін анықтау.

▶ Зерттеу нәтижелерін мемлекеттік шешімдерге тікелей енгізу, яғни ғылым мен саясат арасындағы алшақтықты жою.

▶ Білім беру ұйымдарына, ата-аналарға, және қоғамға баланың әл-ауқатын арттыруға бағытталған нақты құралдар мен әдістемелер ұсыну.

▶ Балалардың өз пікірін зерттеудің өзегіне айналдыру – ***яғни «бала үні» қағидатын шынайы жүзеге асыру.***

Бұл бағыттардың барлығы бір ***мақсатқа қызмет етеді – әр баланың өмір сапасын жақсарту.***

Следовательно, *повышение благосостояния детей* – это не только социальная задача. Это *основа национальной безопасности, экономического развития и стабильного будущего.*

Так что же мы должны сделать, чтобы превратить права ребенка в настоящий фундамент?

▶ Во-первых, в каждую государственную программу необходимо внедрить ***механизм оценки воздействия на ребенка.*** То есть при принятии любого решения на первом месте должен стоять вопрос: «Как это повлияет на ребенка?»

▶ Во-вторых, важно укреплять систему образования и психологической поддержки. Ребенок должен не только получать знания, но и чувствовать себя в безопасной, поддерживающей среде.

▶ В-третьих, необходимо формировать ***безопасную и инклюзивную среду.*** Каждый ребенок, независимо от обстоятельств, должен иметь равные возможности.

▶ В-четвертых, сформировать ***культуру учета мнения детей.*** Ведь ребенок – это не просто личность, нуждающаяся в защите, это полноправный член общества.

Конституция – это не просто свод законов. Это ***совесть общества и мерило справедливости.*** Если мы создадим условия, при которых каждый ребенок будет чувствовать свою значимость, чувствовать себя защищенным, услышанным и оцененным, тогда мы не просто будем соблюдать Конституцию, мы воплотим ее в жизнь...

Сегодня деятельность ННПИБД «Өркен» созвучна ценностям новой Конституции и выходит на качественно новый уровень. Если раньше исследования проводились системно, то теперь их главный приоритет – ***прикладной характер, ориентация на конкретный результат и реальные перемены.*** Это не просто измерение благополучия детей, а ***разработка конкретных механизмов его улучшения.***

Новые направления работы института

▶ Глубокий анализ Индекса благополучия детей на региональном и местном уровнях для выявления специфических проблем каждого региона.

▶ Прямое внедрение результатов исследований в государственные решения, т. е. устранение разрыва между наукой и политикой.

▶ Предоставление организациям образования, родителям и обществу конкретных инструментов и методик, направленных на повышение благополучия ребенка.

▶ Превращение мнения самих детей в ядро исследований, т. е. реальное воплощение ***принципа «Голос ребенка».***

Все эти направления служат одной ***цели – реальному улучшению качества жизни каждого ребенка.***

Осылайша, «Өркен» институты жаңа Конституцияда жариялаған құндылықтарды тек ғылыми деңгейде зерттеп қана қоймай, оны күнделікті өмірге енгізудің нақты көпіріне айналуда. Бұл зерттеуден шешімге, идеядан әрекетке, қағидадан нәтижеге өтудің жолы. Сондықтан бүгін біз тек бала құқықтарының маңыздылығын айтып қана қоймаймыз. Біз оны жүзеге асыратын нақты механизмдердің қалыптасып жатқанын көріп отырмыз.

Ең маңыздысы да осы. Себебі шынайы өзгеріс идеядан емес, іс-әрекеттен басталады.

Сессияға қатысушылар кәсіби тәжірибелерімен бөлісіп, қазіргі заманғы тәсілдерді талқылады және бүгіннің өзінде енгізуге болатын шешімдерді қарастырды.

Ерекше назар бүкіл жүйенің ***тиімді жұмыс істеуінің негізгі шарты ретінде ведомство аралық өзара іс-қимылға аударылды.***

Сессия қорытындысы бойынша мынадай тұжырым жасалды: әңгіме тек құжаттар деңгейіндегі өзгерістер туралы емес. *Қазақстан біртіндеп бала мүддесі, оның қауіпсіздігі, дамуы және өмір сапасы бірінші орында тұратын жаңа жүйені қалыптастырып келеді.*

Сарапшылардың пікірінше, мұндай тәсіл мемлекеттік саясаттың өзіндік философиясын өзгертіп, оны неғұрлым «тыңдай білетін» және балалардың нақты қажеттіліктеріне бағытталған ұстанымға айналдырады.

Таким образом, Институт «Өркен» не только изучает ценности, провозглашенные новой Конституцией, на научном уровне, но и становится реальным мостом для их внедрения в повседневную жизнь. Это путь от исследования к решению, от идеи к действию, от принципа к результату. Поэтому сегодня мы не просто говорим о важности прав ребенка – мы видим, как формируются конкретные механизмы их реализации.

И это самое главное. Ведь истинные перемены начинаются не с идей, а с *действий.*

Участники сессии делились профессиональным опытом, обсуждали современные подходы и искали решения, которые можно внедрить уже сегодня.

Особое внимание было уделено ***межведомственному взаимодействию как ключевому условию эффективной работы всей системы.***

По итогам сессии был сделан вывод: речь идет не просто об изменениях на уровне документов. ***Казахстан постепенно выстраивает новую систему, в центре которой*** – ребенок, его безопасность, развитие и качество жизни.

Эксперты отмечают, что такой подход меняет саму философию государственной политики, делая ее более «слышащей» и ориентированной на реальные потребности детей.

HTTPS://WWW.INSTAGRAM.COM/REEL/DW8UF-0CBAB/?IGSH=ZW9SOWF2EJRWEJY3



12 СӘУІР – ҒЫЛЫМ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КҮНІ

ҒЫЛЫМ – ӨТКЕННІҢ ТӘЖІРИБЕСІ, БҮГІННІҢ КҮШІ, БОЛАШАҚТЫҢ БОЛЖАМЫ

Е. М. Песина,
редактор,
«Өркен» балалардың әл-ауқатын арттыру ұлттық ғылыми-практикалық институты
Алматы қ.

Ғылымның елі жоқ,
өйткені білім адамзатқа тиесілі
және ол дүниені нұрландыратын
шамшырақ.
Ғылымның мақсаты – адамға түсініксізді
түсінуге болатынын дәлелдеу.

Луи Пастер

12 АПРЕЛЯ – ДЕНЬ РАБОТНИКОВ НАУКИ

НАУКА – ОПЫТ ПРОШЛОГО, СИЛА НАСТОЯЩЕГО, ПРЕДВИДЕНИЕ БУДУЩЕГО

Е. М. Песина,
редактор,
Национальный научно-практический институт благополучия детей «Өркен»,
г. Алматы

Наука не знает страны,
потому что знание принадлежит человечеству
и является факелом,
который освещает мир.
Цель науки – доказать человеку,
что непонятное можно понять.

Луи Пастер

Еліміздің Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауында бүгінгі таңда ең маңызды басымдықтардың бірі – ғылымды дамыту екенін айқын атап өтті.

Мемлекет басшысы қазақстандық ғалымдардың алдына аса ауқымды міндет қойды – *«жаңа үрдістерге ілесіп қана қоймай, бір қадам алда болып, бағыт-бағдар қалыптастыру»*.

Елімізде ғылым саласына және ғылыми қауымдастықты қолдап қана қоймай, отандық ғылымның нақты дамуына жол ашатын шараларды жиі қолға алуға назар аударылады.

Соңғы бірнеше жылда қазақстандық ғалымдардың қызметін қолдауға бағытталған айтарлықтай өзгерістер жалғасын табуда. Ал Президент айтқан ұсыныстарды іске асыру – тек отандық ғылымды ғана емес, жалпы қоғамды дамытудағы маңызды қадам болып табылады, бұл сөзсіз елдің өркендеуіне ықпал етеді.

Қазақстандағы ғылыми қауымдастық өкілдері жыл сайын 12 сәуірде өздерінің кәсіби мерекесін – Ғылым қызметкерлері күнін атап өтеді. Бұл кәсіби мереке 2011 жылғы 20 қазанда Қазақстан Республикасы Президентінің №164 Жарлығымен заң жүзінде бекітілді. Мереке күні кездейсоқ таңдалған жоқ: дәл осы күні, 1899 жылғы 12 сәуірде, Қазақстандағы металлогения ғылымының негізін қалаушы, көрнекті ғалым-геолог, Қазақ КСР Ғылым академиясының тұңғыш президенті *Қаныш Имантайұлы Сәтбаев* (1899–1964) дүниеге келген.

Қ.И. Сәтбаев халқымыздың тарихына көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, әлемге аты мәлім ғалым, қазақстандық геологтар мектебінің негізін қалаушы, КСРО мен Қазақ КСР-інің Лениндік және Мемлекеттік сыйлықтарының лауреаты ретінде енді.

Бұл ұлы тұлға өмірінің барлығын дерлік ғылымға және оның еліміздегі дамуына арнады. Ол тек Қазақстан Ғылым академиясының тұңғыш президенті болып қана қойған жоқ, шын мәнінде оны өзі құрды. Осы аса маңызды міндетті жүзеге асыру үшін орасан зор күш-жігер жұмсап, КСРО Ғылым академиясының бөлімдерін және ғылыми-зерттеу институттарын Қазақстанда ашу арқылы отандық ғылымның дамуына жол ашты. Нәтижесінде ол армандаған биігіне шығып, ***Қазақ КСР Ғылым академиясын*** құруға қол жеткізді.

Президент нашей страны Касым-Жомарт Токаев в ежегодном Послании народу Казахстана «Единство народа и системные реформы – прочная основа процветания страны» четко обозначил, что на сегодняшний день один из важнейших приоритетов – это развитие науки.

Глава государства поставил перед казахстанскими учеными весьма амбициозную задачу – *«не просто поспевать за новыми веяниями, а быть на шаг впереди, генерировать тренды»*.

В стране на постоянной основе уделяется особое внимание научной сфере и принятию мер, которые позволяют не просто поддержать научное сообщество, но и способствуют реальному развитию отечественной науки.

За последние несколько лет в казахстанской науке произошли и продолжают происходить заметные изменения, направленные на поддержку деятельности ученых. А реализация предложений, озвученных Президентом, является важным шагом в развитии не только отечественной науки, но и всего нашего общества, что, несомненно, способствует процветанию страны.

Ежегодно 12 апреля представители научного сообщества Казахстана отмечают свой профессиональный праздник – *День работников науки*.
Этот профессиональный праздник был законодательно закреплен 20 октября 2011 г. Указом Президента Республики Казахстан №164.
Дата была выбрана неслучайно: именно в этот день, 12 апреля 1899 г., родился выдающийся ученый-геолог, основатель металлогенической науки в Казахстане, первый президент Академии наук Казахской ССР *Каныш Имантаевич Сатпаев* (1899–1964).

К. И. Сатпаев вошел в историю нашего народа как видный государственный и общественный деятель, ученый с мировым именем, основатель казахстанской школы геологов, лауреат Ленинской и Государственной премий СССР и Казахской ССР.

Практически всю свою жизнь этот великий человек посвятил науке и ее развитию в нашей стране. Он не просто стал первым президентом Казахстанской академии наук, а фактически создал ее, приложив к решению этой архиважной задачи колоссальное количество усилий, добиваясь развития отечественной науки через учреждение филиалов Академии наук СССР и научно-исследовательских институтов в Казахстане, и в итоге добился своей цели – открытия ***Академии наук Казахской ССР***.



Қаныш Сәтбаевтың геология саласындағы ең көрнекті еңбектерінің бірі – ол бірқатар одақтық ірі мамандардың қарсылығына қарамастан Жезқазған өңірін зерттеуді жалғастырып, 1930жылдары Ұлытау–Жезқазған мыс кен орнын ашты. Бұл кен орны табылған сәтінде бағалы шикізат қорының болжамды көлемі бойынша әлемдегі ең ірі кен орындарының біріне айналды.

Қаныш Сәтбаев өмірінде 640-тан астам іргелі ғылыми еңбек жазды. Ол басқарған Геология ғылымдары институты (1941–1964 жж.) Қазақстандағы жер қойнауын пайдалану саласының дамуы мен республиканың аса бай табиғи-шикізат қорларын игерудің орталығына айналды. Ұлы Отан соғысының соңына қарай, құрылғанына небәрі төрт жыл өткенде, институт Кеңес Одағындағы геологиялық бағыттағы ең ірі ғылыми-практикалық ұйымдардың біріне айналды.

Қазақстандағы ғылымның қалыптасу тарихына көз жүгіртсек, еліміздегі алғашқы ғылыми мекемелер өткен ғасырдың алғашқы ширегінде пайда болды. Алғашында олар тұқым шаруашылығы және ауыл шаруашылығы бағытындағы ғылыми станциялар еді.

1925 жылы Алматыда ***Санитарлық-бактериологиялық институт*** ашылды, ал 1932 жылы – ***КСРО Ғылым академиясының Қазақстандық базасы құрылды.*** Алты жылдан кейін ол ***Қазақ филиалына (ҚазФАН)*** айналды. Соғыстан кейін, 1946 жылғы 1 маусымда Қаныш Имантайұлының белсенді ұйымдастырушылық еңбегінің арқасында дербес Қазақ ***КСР Ғылым академиясы*** құрылды.

Одной из самых примечательных заслуг Каныша Сатпаева в области геологии является то, что он, несмотря на несогласие с ним ряда крупных союзных специалистов, продолжил изучение Джезказганского района и в 1930-х годах открыл Улутау-Джезказганское меднорудное месторождение, на момент обнаружения ставшее крупнейшим в мире по прогнозируемым запасам ценных сырьевых ресурсов.

За свою жизнь Каныш Сатпаев написал более 640 фундаментальных научных работ. Возглавляемый им в 1941–1964 гг. Институт геологических наук стал центром развития казахстанской отрасли недропользования и освоения богатейших природно-сырьевых ресурсных запасов республики. К концу Великой Отечественной войны, через четыре года после своего основания, институт стал одной из крупнейших научно-практических организаций геологического профиля в Советском Союзе.

Если вернуться в историю становления науки в Казахстане, то первые научные учреждения страны появились еще в первой четверти прошлого века. Первоначально это были семеноводческие и сельскохозяйственные научные станции.

В далеком 1925 г., век назад, состоялось открытие ***Санитарно-бактериологического института*** в Алма-Ате, а в 1932 г.– ***Казахстанской базы Академии наук СССР***. Спустя шесть лет ее преобразовали в ***Казахский филиал Академии наук СССР (КазФАН)***. А уже после окончания войны 1 июня 1946 г. благодаря активной организационной деятельности Каныша Имантаевича была учреждена самостоятельная ***Академия наук Казахской ССР***.

Соғыс жылдарында қауіпсіздік мақсатында КСРО Ғылым академиясының мүшелері және ғылымның әртүрлі салаларының көптеген ғалымдары Алматыға көшті. Осы мүмкіндікті тиімді пайдаланып, Қаныш Имантайұлы көшіп келген мамандарды ҚазФАН-ның ғылыми жұмысына тартты.

Нәтижесінде филиал аз уақыттың ішінде ірі ғылыми орталыққа айналды.

Нәтижесінде 1964 жылға қарай Қазақ КСР Ғылым академиясы Одақтағы ең ірі республикалық академиялардың біріне айналды.

Во время войны в целях безопасности члены Президиума Академии наук СССР вместе со многими учеными – представителями самых разных областей науки – были эвакуированы в Алма-Ату. Воспользовавшись появившейся возможностью, Каныш Имантаевич подключил эвакуированных специалистов к научной деятельности КазФАНа.

В результате филиал за короткое время вырос в крупный научный центр.

К 1964 г. Академия наук Казахской ССР стала одной из крупнейших республиканских академий в Союзе.

2003 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сәйкес Қазақстан Ғылым академиясына жаңа жоғары мәртебе берілді – *«Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы» республикалық қоғамдық бірлестігі (ҚР ҰҒА).*

В 2003 г. в соответствии с указом Президента Республики Казахстан Академии наук Казахстана придан новый высокий статус – *Республиканское общественное объединение «Национальная академия наук Республики Казахстан» (НАН РК).*





Бүгінде Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы іргелі ғылыми зерттеулердің орталығы әрі еліміздің ең жоғарғы ғылым ордасы екені даусыз. Академияның орталық кеңсесі Астанада орналасқан, ал оның аймақтық орталықтары мен филиалдары еліміздің әртүрлі қалаларында жұмыс істейді.

Қазіргі отандық ғылым белсенді түрде дамып келеді. Бұл негізгі бағытқа мемлекеттік билік тарапынан ерекше назар аударылады, өйткені ғылым саласындағы ілгерілеусіз ел мен халықтың болашағы күмәнді болар еді. Сондықтан қоғамның осы өмірлік маңызды саласына көңіл бөлу – мемлекеттің табысты дамуы мен азаматтарының әл-ауқатының артуының кепілі.

Ғылым салаларын қаржыландырудың артуымен қатар ғылыми ой-пікірдің ілгерілеуі ғылыми жарияланымдар санының өсуінен, халықаралық байланыстардың кеңеюінен, ғылыми-техникалық ынтымақтастықтың дамуынан, бірлескен зерттеулерді, жаңа сараптама қағидаттарының енгізілуінен, халықаралық ақпараттық ресурстарға қолжетімділіктің артуынан, еліміздің жоғары оқу орындарының ғылыми қызметке белсенді тартылуынан және тағы басқа бағыттардан айқын көрінеді.

Сегодня Национальная академия наук Республики Казахстан является центром фундаментальных научных исследований, высшей научной организацией нашей страны. Центральный офис академии находится в г. Астане, а ее региональные центры и филиалы – в разных городах страны.

Современная отечественная наука продолжает активно развиваться. Этому базовому вектору уделяется особое внимание со стороны государственной власти, ведь без прогресса в научной отрасли будущее страны и народа очень неопределенно. Именно поэтому забота об этой сфере жизнедеятельности нашего общества является залогом успешного развития и роста благосостояния государства и его граждан.

Наряду с увеличением финансирования научных отраслей со стороны государства поступательное движение научной мысли прослеживается в росте числа научных публикаций, международных контактов, свидетельствующих о развитии научно-технического сотрудничества, совместных исследований, введении новых принципов экспертизы, расширении доступа к международным информационным ресурсам, интенсификации привлечения вузов страны к научной деятельности и т. д.



Жыл сайын 12 сәуірде Ғылым қызметкерлері күніне орай ғылыми-техникалық саладағы жетістіктер үшін марапаттар мен мемлекеттік сыйлықтарды тапсыру рәсімдері өтеді. Бұл күні еліміздің жоғары оқу орындарында жас ғалымдар мен студенттер өздерінің ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін таныстырып, өнертабыстарын көрсететін ғылыми-практикалық конференциялар ұйымдастырылады. Оқуда шығармашылық көзқарас пен креативтілік танытқан үздік студенттер арнайы шәкіртақылармен, сондай-ақ шетелдік жоғары оқу орындарында олардың ғылыми-зерттеу базасымен танысуға мүмкіндік беретін тағылымдамалармен ынталандырылады.

Білім және ғылым министрлігінің басым бағыттарының бірі – Қазақстан халқына арналған Президенттің жыл сайынғы Жолдауында қойылған міндеттерді орындау. Бұл ең алдымен ғылыми-техникалық даму мен ілгерілеу саласында барлық процестерді одан әрі цифрландыруға қатысты. Мұндай шаралар қазіргі жаһандық сын-қатерлер жағдайында мемлекеттік қауіпсіздікті қамтамасыз етуге және қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған.

Ежегодно 12 апреля в честь Дня работников науки проходят церемонии вручения наград и государственных премий за достижения в научно-технической области. В этот день в вузах страны проводятся научно-практические конференции, на которых молодые ученые, студенты имеют возможность представить результаты своей научно-исследовательской деятельности, продемонстрировать изобретения и т. д. Наиболее отличившиеся студенты, проявившие творческий подход к учебе, креативность, поощряются специальными стипендиями, а также стажировками в зарубежных вузах для ознакомления с их научно-исследовательской базой и др.

В приоритете Министерства образования и науки – решение задач, поставленных в ежегодном Послании Президента народу Казахстана по дальнейшей цифровизации всех процессов, в первую очередь в области научно-технического развития и прогресса, направленных на обеспечение государственной безопасности в условиях глобальных вызовов современности и повышение благосостояния казахстанцев.



12 СӘУІР – ҒАРЫШКЕРЛЕР КҮНІ

ҒЫЛЫМ ӘЛЕМІН АШАМЫЗ ҒАРЫШТЫ ЗЕРТТЕУ БОЙЫНША ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ БАЙҚАУ

65 жыл бұрын адамзат баласы ғарыш кеңістігін игеру дәуірін – адамзат өркениеті тарихының жаңа парағын ашып, болашаққа нағыз серпіліс жасады...

1961 жылдың 12 сәуірінде біздің қасиетті қазақ жерінен *бортында тұңғыш ғарышкері бар алғашқы ғарыш кемесі көкке аттанды.*

Юрий Гагарин ғарышты бағындырудың символына айналды. ***Әйгілі ақын Олжас Сүлейменов*** өзінің атақты «Адамға табын, жер, енді!» поэмасын дәл осы тұлғаға арнаған болатын.

Жер үстіндегі Адам!
Әйгілі тартылыс күшінен де жоғары!

12 АПРЕЛЯ – ДЕНЬ КОСМОНАВТИКИ

ОТКРЫВАЕМ МИР НАУКИ МЕЖДУНАРОДНЫЙ НАУЧНЫЙ КОНКУРС ПО КОСМИЧЕСКИМ ИССЛЕДОВАНИЯМ

65 лет назад человек совершил настоящий прорыв в будущее, открыв новую страницу в истории человеческой цивилизации – эру освоения космического пространства...

12 апреля теперь уже далекого 1961 года с нашей священной казахстанской земли был дан старт *первому космическому кораблю с первым космонавтом на борту.*

Юрий Гагарин стал символом покорения космоса. Именно ему наш ***знаменитый поэт Олжас Сулейменов*** посвятил свою знаменитую поэму «Земля, поклонись Человеку!»

Человек над Землей!
Выше сил знаменитого притяженья!




Қазақстанның адамзаттың жер кеңістігінен тысқары шығуына бастау болған тарихи оқиғаның айлағына айналғанын біз мақтан тұтамыз.

Әлемге әйгілі Байқоңырдан бүгін де ғарыш кеңістігін бағындыру үшін – әртүрлі мемлекет өкілдері мінген кемелер ұшып жатыр. Солардың арасында біздің ұлы отандастарымыздың болуы – ерекше мақтаныш. Олардың арқасында біз жұлдыздарға жақындай түсеміз...

Мы гордимся тем, что Казахстан стал стартовой площадкой для этого грандиозного события, положившего начало выходу человека за пределы земного пространства.

И сегодня с нашего знаменитого на весь мир Байконыра продолжают стартовать корабли с отважными покорителями космических просторов – представителями всех государств. Особая гордость, что среди них и наши великие соотечественники, благодаря которым мы становимся ближе к звездам...



Сәуір айының 8-12 аралығында Астана қаласындағы №115 орта мектепте 9–11(12)-сынып оқушыларына арналған *«Ғылым әлемін ашамыз» ғарыштық зерттеулер бойынша халықаралық ғылыми конкурс өтті.*

Ғарышкерлер күні мен Ғылым қызметкерлері күніне орай ұйымдастырылатын зияткерлік шараға Қазақстанның барлық өңірінен, сондай-ақ Қытай мен Түркиядан 200 дарынды оқушы қатысты.

Ғылыми конкурстың негізгі мақсаты:

- дарынды балаларды қолдау;
- балалар мен жасөспірімдер арасында ғылыми-зерттеу қызметіне қызығушылықты арттыру;
- отандық және әлемдік ғарыштық жетістіктерді насихаттау;
- ақпараттық технологиялар саласындағы халықаралық ынтымақтастықты нығайту.

С 8 по 12 апреля в г. Астане на базе средней школы №115 прошел *Международный научный конкурс по космическим исследованиям «Открываем мир науки»* для учащихся 9–11 (12) классов.

В интеллектуальном мероприятии, приуроченном ***ко Дню космонавтики и Дню работников науки,*** приняли участие 200 одаренных школьников из всех регионов Казахстана, а также из Китая и Турции.

Основные цели конкурса:

- поддержка одаренных детей;
- повышение познавательного интереса школьников к научно-исследовательской деятельности;
- популяризация отечественных и мировых достижений в области освоения космоса;
- укрепление международного сотрудничества в сфере космических и информационных технологий.



Конкурстың негізгі тақырыптары:

- наноспутниктерді жобалау, құрастыру және стратосфераға ұшыру;
- жасанды интеллект пен коммерциялық компоненттерді қолдана отырып ғарыштық жобаларды әзірлеу.

Ғылыми конкурс ережесіне сәйкес қорытынды кезең қатысушылары Оқу-ағарту министрлігінің I, II, III дәрежелі дипломдарымен және «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының грамоталарымен марапатталады.

Тематика конкурса охватывает такие направления, как:

- проектирование, сборка и запуск наноспутников, водных и модельных ракет в стратосферу;
- разработка космических проектов с использованием искусственного интеллекта и коммерческих компонентов.

По итогам заключительного этапа конкурса участники будут награждены дипломами I, II и III степеней Министерства просвещения и грамотами Республиканского научно-практического центра «Дарын».

HTTPS://WWW.GOV.KZ/MEMLEKET/ENTITIES/EDU/PRESS/NEWS/DETAILS/1194649?LANG=RU



КІТАП – ЖАННЫҢ ЕМІ, ҒЫЛЫМНЫҢ ҚАЗЫНАСЫ, ДАНАЛЫҚТЫҢ КӨЗІ

КНИГА – ЛЕКАРСТВО ДЛЯ ДУШИ, КЛАДОВАЯ НАУК, ИСТОЧНИК МУДРОСТИ

КІТАП – БАҚЫТТЫ БАЛАЛЫҚҚА АПАРАР ЖОЛ

КНИГА – ПУТЬ В СЧАСТЛИВОЕ ДЕТСТВО

Халықаралық балаларға арналған кітап күні 1967 жылдан бастап тойланып келеді. Бұл мерекені енгізуді Халықаралық балалар және жасөспірімдер әдебиеті кеңесі ***(International Board on Books for Young People, IBBY)*** ұсынған. IBBY – 1952 жылы Швейцарияда құрылған коммерциялық емес ұйым. Оның басты мақсаты – балаларды сапалы әдебиетпен қамтамасыз ету. Кеңес бірнеше қайырымдылық қорларын басқарады және кітаптардың жарық көруіне қолдау көрсетеді.

Мереке 2 сәуірге белгіленді – бұл атақты жазушы Ханс Кристиан Андерсеннің (1805–1875) туған күні. **Ол бала кезден бәрімізге таныс «Су перісі», «Ұсқынсыз үйрек балапан», «Дюймовочка», «Қар ханшайымы» және басқа да балаларға арналған шығармалардың авторы.**

Халықаралық балаларға арналған кітап күні бүлдіршіндерді әдебиетпен таныстыру дәстүрге айналған. Бұл мерекеде ата-аналар мен мұғалімдер балаларға кітаптарды дауыстап оқып береді, жазушылар туралы әңгімелейді, кітапханаға апарады. Көптеген ұйымдар жазушылармен кездесулер ұйымдастырып, әдеби байқаулар өткізеді.

Жыл сайын IBBY-дің ұлттық секцияларының бірі мерекенің демеушісі болып таңдалады. 2026 жылы Халықаралық балалар кітабы күнін өткізу құрметі Кипрге берілді.

Бұл күн бізді кітаптың ғажайып қуаты жайлы ойға жетелейді: тарих – топыраққа түскен дән секілді, уақыт өте көктеп шығып, әрбір гүл жаңа ойдың, жаңа түсініктің, жаңа үміттің белгісіне айналады. Осы жүрекке жылы үндеудің авторы – Кипрдегі балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл Елена Периклеус.

Андерсеннің алтын медалі. **Халықаралық балалар кітабы күні тағы бір маңызды дәстүрмен тығыз байланысты. Әр екі жыл сайын сәуір айында шорт-лист жарияланып, балалар әдебиеті әлеміндегі ең беделді марапат – *Ханс Кристиан Андерсен атындағы халықаралық сыйлық* табысталады. Бұл сыйлықты көбіне *Андерсеннің алтын медалі* деп атайды. Ұлы ертекшінің бейнесі бейнеленген алтын медаль әлемдік әдебиетке қосқан үлесі үшін ең үздік балалар жазушылары мен суретші-иллюстраторларға беріледі.**

Международный день детской книги отмечают с 1967 г. Учредить праздник предложил ***Международный совет по детской и юношеской литературе (International Board on Books for Young People (IBBY)*** – некоммерческая организация, основанная в Швейцарии в 1952 г., цель которой – обеспечить детям доступ к качественной литературе. Совет курирует несколько благотворительных фондов и помогает издавать книги.

Датой праздника назначили *2 апреля – день рождения писателя Ганса Христиана Андерсена* (1805–1875), автора знакомых всем с детства сказок «Русалочка», «Гадкий утенок», «Дюймовочка», «Снежная королева» и других детских произведений.

В Международный день детской книги принято знакомить детей с литературой. Родители и учителя читают им вслух, рассказывают о писателях, водят в библиотеку. Многие организации проводят встречи с детскими писателями и устраивают литературные конкурсы.

Международный день детской книги – праздник, который объединяет детей и взрослых на всех континентах. Его главная цель – привлечь внимание к детской литературе, книжному искусству вообще и проблемам доступности книг для юных читателей. В этот день в библиотеках, школах и детских садах проходят выставки, конкурсы, литературные викторины, фестивали и тематические занятия.

Каждый год одну из национальных секций IBBY выбирают спонсором праздника. В 2026 г. честь проведения Международного дня детской книги выпала Кипру.

Этот день призывает нас задуматься о силе книг: истории, как семена, способны прорастать, превращаясь в сад, где каждый цветок – новая идея, новое понимание, новая надежда. Автором этого послания стала уполномоченная по защите прав детей Кипра Елена Периклеус.

Золотая медаль Андерсена. **Международный день детской книги тесно связан и с другой важной традицией. Раз в два года в апреле объявляют шорт-лист и вручают самую престижную награду в мире детской литературы – *Международную премию имени Ганса Христиана Андерсена,* ее еще называют *Золотая медаль Андерсена.* Золотую медаль с профилем великого сказочника вручают лучшим детским писателям и художникам-иллюстраторам за их вклад в мировую литературу.**



Балалар арналған кітаптар – тек қана көңіл көтерудің көзі емес. Ол – тұлғаның қалыптасатын іргетасы. Дәл осы әңгімелер арқылы бала әлеммен танысады, жақсылық пен жамандықты ажыратуды үйренеді, кейіпкерлерге жанашырлық танытады, қиялдайды және сұрақ қоя білуге машықтанады.

Зерттеулерге сәйкес, ерте жастан бастап дауыстап оқу баланың сөйлеу және эмоционалдық дамуына белсенді әсер етеді: жүйелі түрде кітап оқитын балалар көбірек сөз меңгереді, мәтін құрылымын жақсырақ түсінеді және сөйлеуді ертерек бастайды.

Ұлыбританиядағы Sussex университетінің ғалымдары оқу процесі стресс деңгейін 68%-ға дейін төмендетуге қабілетті екенін дәлелдеді.

Халықаралық балаларға арналған кітап күні – жай ғана күнтізбедегі мереке емес. Бұл ересектерге кітаптың тәрбиенің ең қуатты құралдарының бірі болғанын және болып қала беретінін еске салу. Гаджеттер мен клиптік ойлау дәуірінде дәл оқу баланы назарын шоғырландыруға, ойлануға, жанашырлық танытуға және армандауға үйретеді.

Бұл күн – Ханс Кристиан Андерсенді, Самуил Маршакты, Астрид Линдгренді,

Детская книга – это не просто источник развлечения. Это фундамент, на котором строится личность. Именно через истории ребенок знакомится с миром, учится различать добро и зло, сопереживать героям, фантазировать и задавать вопросы.

Согласно исследованиям, чтение вслух с раннего возраста активно влияет на речевое и эмоциональное развитие ребенка: дети, которым регулярно читают, усваивают больше слов, лучше понимают структуру текста и быстрее начинают говорить.

Ученые из Университета Sussex (Великобритания) доказали, что чтение способно снижать уровень стресса на 68%.

Международный день детской книги – это не просто календарная дата. Это напоминание взрослым о том, что книга была и остается одним из самых мощных инструментов воспитания. В эпоху гаджетов и клипового мышления именно чтение помогает ребенку научиться сосредотачиваться, размышлять, сопереживать и мечтать.

А еще это повод вспомнить Ганса Христиана Андерсена, Самуила Маршака, Астрид Линдгрен, Эдуарда Успенского, Ыбырая Алтынсарина,

Эдуард Успенскийді, Ыбырай Алтынсаринді, Сәкен Сейфуллинді, Бейімбет Майлинді, Ілияс Жансүгіровті, Сапарғали Бегалинді, Мұзафар Әлімбаевты, Бердібек Соқпақбаевты және бізді бір кездері өз әңгімелерімен жылытқан барлық қаламгерлерді еске алуға себеп. Бәлкім, бүгін кешке телефонды шетке қойып, сөреден кітап алып, балаңызға дауыстап оқып берген жөн шығар...

Қазақстанда балалар әдебиеті – көркем әдебиеттің жеке бағыты. Қазақ жазба әдебиеті қалыптасқан кезден бастап балалар әдебиеті ұзақ даму жолынан өтті – халық ауыз әдебиеті мен фольклордан бастап қазіргі авторлардың шығармаларына дейін.

Бүгінде елімізде балаларға арналған 249 кітапхана бар. Ең көне кітапхана – қазақ балалар әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі, жазушы *Сапарғали Ысқақұлы Бегалиннің* есімімен аталған өткен ғасырдағы кітап қоймасы. Ал қазіргі заманауи балалар кітапханасы 2020 жылы Алматыда салынған жаңа орталық *ALATAU CREATIVE HUB*.

Жыл басынан бері облыстарда, аудандарда, қалаларда және ауылдарда орналасқан кітапханаларға 1 733 686 жас оқырман келді.

2 сәуірде еліміздің барлық кітапханаларында кітап көрмелері, интеллектуалды ойындар, кездесулер, әдеби қайырымдылық концерттері және кітапханаға экскурсиялар сияқты түрлі іс-шаралар өтеді.

Сакена Сейфуллина, Беимбета Майлина, Ильяса Джансугурова, Сапаргали Бегалина, Музафара Алимбаева, Бердибека Сокпакбаева и всех тех, чьи истории когда-то согревали нас самих. И, может быть, сегодня вечером стоит отложить телефон, взять с полки книгу и почитать своему ребенку вслух...

В Казахстане детская литература – это отдельное направление в художественной литературе. С момента становления казахской письменной литературы литература для детей прошла долгий путь развития – от устного народного творчества и фольклора до произведений современных авторов.

Сегодня в нашей стране насчитывается 249 библиотек для детей. Самой старейшей библиотекой считается *Книгохранилище имени Сапаргали Искаковича Бегалина* – казахского писателя, одного из основоположников казахской детской литературы, основанное в прошлом веке в Алматы. Современная детская библиотека – новейший *Центр ALATAU CREATIVE HUB*, построенный в Алматы в 2020 г.

Библиотеки, расположенные в городах, областях, районах и селах, с начала текущего года посетили 1 733 686 юных читателей.

2 апреля во всех библиотеках страны организуются и проводятся различные мероприятия, включая книжные выставки, интеллектуальные игры, встречи, литературные бенефисы и экскурсии в библиотеки.




М. БУЛГАКОВ
КОБЫЛАНДЫ БАТЫР
МАРГАРИТА ОБУДА
ВОЙНА И МИР
Абай Жол
М. Булгаков
Маргарита

Қазақстан мектептерінде кітап қайтадан бала жүрегін тербетіп, қиялға қанат бітіретін рухани әлемге айналды.

Еліміздің білім беру ұйымдарында ***«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы*** аясында ***«Балалар кітапханасы» жобасын*** жүзеге асыру жалғасуда.

Бұл шара шеңберінде білім беру ұйымдарында ***балалар әдебиеті онкүндігі басталды.***

Ауқымды мәдени-ағартушылық бастама оқушылардың кітап оқуға қызығушылығын арттыруға, ғылыми-танымдық және көркем әдебиет арқылы рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруға, сондай-ақ балалардың шығармашылық және зияткерлік әлеуетін дамытуға бағытталған.

Онкүндіктің мақсаты:

- балалар әдебиетінің үздік үлгілерін кеңінен насихаттау;
- оқушылардың сөйлеу мәдениеті мен шығармашылық ойлауын дамыту;
- отбасылық оқу дәстүрін қалыптастыру.

Онкүндік аясында мектептерде кітап көрмелері, әдеби кездесулер, ертегі оқу сағаттары, шығармашылық байқаулар, пікірталастар және отбасылық оқу мәдениетін насихаттайтын түрлі форматтағы тәрбиелік-танымдық іс-шаралар ұйымдастырылуда.

Сонымен қатар бастама мектеп кітапханасының білім беру үдерісіндегі рөлін арттыруға, кітапханашылар, мұғалімдер, оқушылар мен ата-аналар арасындағы өзара ынтымақтастықты нығайтуға мүмкіндік береді.

Жоба аясындағы іс-шараларға 1–11 сынып оқушылары, мектеп кітапханашылары, пән мұғалімдері, сынып жетекшілері және ата-аналар қатысуда.

***Балалар әдебиеті онкүндігі* – жай ғана ресми іс-шара емес, балаларға озық технологиялар дәуірінде екінші орынға ығысып бара жатқан құндылықты қайта қайтаруға бағытталған айқын мақсат. Бұл бастама балалардың кітапқа деген ынтасын арттырып, сыни ойлау қабілетін жетілдіреді, сондай-ақ сезімталдық пен жанашырлықты қайта оятады.**

Балалар әдебиеті онкүндігі кезінде мектептер нағыз мәдени алаңға айналады: дәліздер мен рекреацияларда кітап көрмелері ұйымдастырылып, сыныптарда ертегі сағаттары өткізіледі, ал кітапханалар басты алаңға айналды.

Сегодня в казахстанских школах снова заговорили о книгах – не как о школьной обязанности, а как о живом, увлекательном мире.

В организациях образования страны в рамках ***Единой программы воспитания «Адал азамат»*** продолжается реализация ***проекта «Детская библиотека».***

В рамках данной инициативы стартовала ***Декада детской литературы.***

Масштабная культурно-просветительская инициатива направлена на повышение интереса учащихся к чтению, формирование духовно-нравственных ценностей через научно-познавательную и художественную литературу, а также развитие творческого и интеллектуального потенциала детей.

Цели декады:

- широкая популяризация лучших образцов детской литературы;
- развитие культуры речи и творческого мышления учащихся;
- формирование традиций семейного чтения.

В течение декады в школах организуются книжные выставки, литературные встречи, часы чтения сказок, творческие конкурсы, дискуссии и другие воспитательно-познавательные мероприятия, направленные на популяризацию семейного чтения.

Инициатива также ***способствует повышению роли школьной библиотеки в образовательном процессе и укреплению взаимодействия между библиотекарями, учителями, учащимися и родителями.***

В мероприятиях принимают участие учащиеся 1–11 классов, школьные библиотекари, учителя-предметники, классные руководители и родители.

***Декада детской литературы* – это не просто формальная акция. Это четкое и твердое намерение вернуть детям то, что в эпоху гаджетов постепенно уходит на второй план: интерес к чтению, умение думать, чувствовать и сопереживать.**

Когда книга становится событием? На время декады школы превращаются в настоящие культурные площадки: в коридорах и рекреациях появляются книжные выставки, в классах проходят часы сказок, а библиотеки становятся центром притяжения.



Оқушылар оқыған кітаптарын талқылап, байқауларға қатысады, кейіпкерлер жайлы пікірталас жүргізеді, тіпті өздерін автор ретінде сынап көреді. Әдеби кездесулер мен пікірталастар балаларға тек оқып қана қоймай, оқиғаларды сыныптастарымен және мұғалімдерімен бірге сезініп, бірге өмір сүруге мүмкіндік береді.

Оқуды жүктеме емес, оқиғаларға толы саяхат ретінде көрсеткенде, бала қиялы қанаттанып, қызығушылығы өздігінен бүршік атады.

Неге бүгінгі күні кітап оқу маңызды? Бүгінгі балалар қысқа бейнероликтер мен жылдам ақпарат әлемінде өсіп келеді. Жылдамдыққа бейімделген сана ақпаратты терең қабылдау қабілетін жоғалтады. Кітап уақытты, назарды және сыни ойды қажет етеді. Ал осы талаптар адамның ойлау мәдениетін шыңдайды.

Ученики обсуждают прочитанное, участвуют в конкурсах, спорят о героях книг и даже пробуют себя в роли авторов. Литературные встречи и дискуссии дают детям возможность не просто читать, а проживать истории вместе с одноклассниками и учителями.

И это работает. Там, где чтение подают не как обязанность, а как приключение, интерес появляется сам.

Почему это важно именно сейчас? Сегодня дети растут в мире коротких видео и мгновенной информации. В этом потоке легко потерять способность к глубокому восприятию. Книга же требует времени, внимания и воображения – тех самых навыков, которые формируют мышление.

Балалар әдебиеті онкүндігі бірнеше бағытта жұмыс істейді:

- сөйлеу мәдениетін дамытады;
- сөздік қорды байытады;
- сыни ойлауды қалыптастырады;
- балалардың өзін және айналасын жақсырақ түсінуіне көмектеседі;
- оқиғалар, олардың мәні, идеялары мен бейнелері арқылы моральдық-этикалық және адамгершілік құндылықтарды дарытады.

Декада детской литературы решает сразу несколько задач:

- развивает речь;
- обогащает словарный запас;
- формирует критическое мышление;
- помогает детям лучше понимать себя и окружающих;
- прививает морально-этические и нравственные ценности через истории, их смысл, идеи и образы.

Бұл бастама отбасылық оқуға қызығушылықты жаңғыртып, кітапты ата-ана мен бала арасындағы өзара байланыс пен мәдени қарым-қатынастың құралына айналдырады.

Оқу – қоғамды біріктіретін күш. Бұл бастама тек оқушыларға ғана емес, ересектерге де жол ашады. Мұғалімдер, кітапханашылар мен ата-аналар бірлесе отырып, ортақ мәдени кеңістікті қалыптастырады.

Ересектердің кітап оқып, пікір алмасып, әсерлерімен бөлісуін байқаған бала үшін оқу мектеп талабы ғана емес, күделікті өмірдің мәдени дағдысына айналады.

Мектеп кітапханасы жаңа тыныс алды – ол тек білім қоймасы емес, қарым-қатынас пен шығармашылықтың, жаңа идеялар мен шабыттың орталығы.

Бұл тек уақытша науқан емес. Балалар әдебиеті онкүндігі – оқу мәдениетін орнықтыруға жасалған шынайы қадам. Ол кітаптың әлі де адамды қалыптастыратын, ойды тереңдететін, жүректі байытатын күш екенін еске салады.

Осындай бастамалар балаларды тек гаджет экранын жылдам парақтауға емес, терең ойға бойлап оқуға, оқығанын талдап, жаңа дүниелер жасауға тәрбиелеуі мүмкін. Өйткені оқуға деген сүйіспеншілік міндеттен емес, қызығушылықтан туындайды. Ал қызығушылық – дәл осындай шынайы әрі шабыттандыратын оқиғалардан бастау алады.

Барлық жас оқырмандарды білімге, ғылымға және танымға бастайтын осы айтулы күнмен құттықтаймыз!

И, что особенно важно, она возвращает интерес к *семейному чтению*, когда книга становится поводом для общения родителей с детьми.

Чтение как точка объединения. Одна из ключевых идей инициативы – вовлечение не только детей, но и взрослых. В мероприятиях участвуют учителя, библиотекари и родители.

Это важный момент: когда ребенок видит, что взрослые тоже читают, обсуждают книги, делятся впечатлениями, чтение перестает быть очередной «школьной задачей» и становится частью реальной повседневной жизни.

Школьная библиотека при этом получает новую роль – не просто место хранения книг, а ***пространство общения, идей и вдохновения.***

Больше, чем просто акция. Декада детской литературы – это не разовое событие, а ***шаг к формированию устойчивой культуры чтения.*** Она напоминает: книга по-прежнему остается мощным инструментом формирования и развития личности.

И, возможно, именно такие инициативы помогут вырастить поколение, которое будет не только быстро листать экраны гаджетов, но и уметь вдумчиво читать, анализировать прочитанное и создавать новое. Потому что любовь к чтению начинается не с обязаловки, а с интереса. А интерес – с таких вот живых, настоящих и вдохновляющих событий.

Поздравляем всех юных читателей со знаменательным днем, который символизирует путешествие в образование, науку и познание!

HTTPS://WWW.RBC.RU/LIFE/NEWS/69C595219A794725CA4D6B97?UTM_REFERRER=HTTPS%3A%2F%2FWWW.GOOGLE.COM%2F
HTTPS://FAMILY.RAMBLER.RU/VOSPITANIE/56215975-POSADI-ISTORIYU-I-MIR-RASTSVETET-2-APRELYA-OTMECHAYUT-MEZHDUNARODNYY-DEN-DETSKOY-KNIGI/
HTTPS://WWW.RUSEVENTS.RU/PRAZDNIK/MEJDUNARODNYY-DEN-DETSKOY-KNIGI/
HTTPS://LITER.KZ/MEZHDUNARODNYI-DEN-DETSKOI-KNIGI-PRAZDNUIUT-V-KAZAKHSTANE-1712028878/



ЗАҢНЫҢ НЕГІЗІ – АДАМГЕРШІЛІК ПЕН ӘДІЛДІК

ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП – ТҰРАҚТЫЛЫҚ ПЕН ӨРЛЕУГЕ БАСТАР ЖОЛ

2025 жылғы 1 сәуірде *Қазақстан Республикасы Үкіметінің №200 Қаулысымен* ***«2025–2030 жылдарға арналған қоғамда заң мен тәртіп идеологиясын ілгерілету тұжырымдамасы»*** *бекітілді.*

Қазақстан жаңа құқықтық болмысты қалай қалыптастырып жатыр? «2025–2030 жылдарға арналған қоғамда заң мен тәртіп идеологиясын ілгерілету тұжырымдамасын» іске асыру басталды.

Бұл бір реттік науқан немесе техникалық құжат емес, бұл Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен негізі қаланған және Әділетті Қазақстан құру бағытының жалпы логикасына ұштасатын ұзақ мерзімді идеологиялық негіз.

ОСНОВЫ ЗАКОНА – ЧЕЛОВЕЧНОСТЬ И СПРАВЕДЛИВОСТЬ

ЗАКОН И ПОРЯДОК – ПУТЬ К СТАБИЛЬНОСТИ И ПРОГРЕССУ

1 апреля 2025 г. вышло *Постановление Правительства Республики Казахстан №200* ***«Об утверждении Концепции по продвижению в обществе идеологии закона и порядка на 2025–2030 годы».***

Как Казахстан выстраивает новую правовую реальность? Стартовала реализация Концепции по продвижению в обществе идеологии закона и порядка на 2025–2030 гг.

Это не разовая кампания и не технический документ, а долгосрочная идеологическая рамка, заложенная по инициативе Главы государства Касым-Жомарта Токаева и вписанная в общую логику курса на Справедливый Казахстан.

Тұжырымдама қарапайым, бірақ принципті тезисті бекітеді: ***заң мен тәртіп тек мемлекеттің функциясы ғана емес, сонымен бірге әрбір азаматтың ішкі құндылығына айналуы тиіс***. Бұл жерде нормаларды «жазадан қорқып» ***ресми түрде сақтаудан, әділдік пен мемлекеттік институттарға деген сенімге негізделген саналы құқықтық тәртіпке көшу туралы сөз болып отыр.***

Концепция фиксирует простой, но принципиальный тезис: ***закон и порядок должны стать не только функцией государства, но и внутренней ценностью каждого гражданина.*** Речь идет о переходе от формального соблюдения норм «из страха наказания» к ***осознанному правопослушанию, основанному на ощущении справедливости и доверия к государственным институтам.***

Құжат үш негізгі нәтижеге бағытталған:

- ***әлеуметтік*** – құқықтық мәдениеттің артуы, құқық бұзушылықтарға көз жұмып қарамау, сыбайлас жемқорлық пен күмәнді тәжірибелерді саналы түрде қабылдамау;
- ***экономикалық*** – инвестициялық ахуалды жақсарту, құқықтық бейберекетсіздіктен болатын шығындарды азайту, бюджет шығыстарының тиімділігін арттыру;
- ***құқықтық*** – құқық үстемдігін нығайту, сот төрелігінің қолжетімділігі, заң үстемдігі индекстерін және елдің халықаралық беделін көтеру.

Документ нацелен на три ключевых результата:

- ***социальный*** – рост правовой культуры, нулевая терпимость к правонарушениям, осознанное неприятие коррупции и теневых практик;
- ***экономический*** – улучшение инвестиционного климата, снижение издержек от правового хаоса, повышение эффективности бюджетных расходов;
- ***правовой*** – укрепление верховенства права, доступность правосудия, повышение индексов верховенства закона и международной репутации страны.



«Заң және тәртіп» тұжырымдамасы мемлекет пен қоғам жұмысының нақты бағыттарын айқындайды.

▶ ***Биліктің ашықтығы мен есептілігі.*** Мемлекеттік органдардың сервистік моделін дамыту, eGov функционалы мен ашық деректерді кеңейту, мемлекеттік сатып алуларға қоғамдық мониторинг жүргізу, ҮЕҰ (Үкіметтік емес ұйымдар) мен азаматтық белсенділерді бақылау жұмыстарына тарту.

▶ ***Қылмыстың алдын алу және құқық бұзушылықтарды азайту.*** Негізгі назар «қылмыскердің соңынан қуудан» бұзушылықтардың алдын алуға аударылады: учаскелік инспекторлардың жұмысы, бұзушылықтарды тіркейтін автоматты жүйелер, бейнебақылау, халықпен және еріктілермен бірлескен жобаларды дамыту.

▶ ***Құқықтық сауаттылықты арттыру.*** Мектеп оқушылары мен студенттерге ерекше көңіл бөлінеді: құқықтық сағаттар, практикаға бағытталған модульдер, оқыту бағдарламаларына прокурорларды, отставкадағы судьяларды және құқық қорғау органдары қызметкерлерін тарту. Мақсат – заңды құрметтеу кездейсоқтық емес, қалыпты норма екенін түсінетін ұрпақ қалыптастыру.

▶ ***Цифрландыру және жасанды интеллектіні (ЖИ) қолдану.*** ІІМ мен прокуратура органдарының ахуалдық-талдау орталықтарының функциялары кеңейтілуде: үлкен деректерді (Big Data) талдау, бет-әлпет пен нөмірлерді тану, желідегі қауіп-қатерлерді мониторингілеу, қылмыс ошақтарын болжау. Деректерді, талдауды және басқарушылық шешімдерді біріңғай жүйеге біріктіретін «Заң және тәртіп» жобалық кеңсесі құрылуда.

▶ ***Кадрлық жаңару және меритократия.*** Тұжырымдама құқық қорғау органдарындағы кадр саясатын реформалауды көздейді: іріктеуді күшейту, soft skills (икемді дағдыларды) дамыту, біліктілікті арттыру курстары, оқу-әдістемелік жиындар, материалдық-техникалық базаны жаңғырту.

Концепция «Закон и порядок» задает конкретные векторы работы государства и общества.

▶ ***Открытость и подотчетность власти.*** Развитие сервисной модели госорганов, расширение функционала eGov и открытых данных, общественный мониторинг госзакупок, вовлечение НПО и гражданских активистов в контроль.

▶ ***Профилактика преступности и снижение правонарушений.*** Акцент переносится с «погонь за преступником» на предупреждение нарушений: работа участковых, автоматические системы фиксации нарушений, видеонаблюдение, развитие совместных проектов с населением и волонтерами.

▶ ***Повышение правовой грамотности.*** Особое внимание уделяется школьникам и студентам: правовые часы, практико-ориентированные модули, участие прокуроров, судей в отставке, правоохранителей в обучающих программах. Задача – сформировать поколение, для которого уважение к закону является нормой, а не исключением.

▶ ***Цифровизация и использование ИИ.*** Расширяются функции ситуационно-аналитических центров МВД и органов прокуратуры: анализ больших данных, распознавание лиц и номеров, мониторинг угроз в сети, прогнозирование очагов преступности. Создается проектный офис «Закон и порядок», который должен объединить данные, аналитику и управленческие решения в единую систему.

▶ ***Кадровое обновление и меритократия.*** Концепция предполагает реформу кадровой политики в правоохранительных органах: усиление отбора, развитие soft skills, курсы повышения квалификации, учебно-методические сборы, модернизация материально-технической базы.



Президенттің «Заң және тәртіп» мұжырымдамасын ілгерілету жөніндегі бастамасының «бұранданы қатаң бұрауға» (шектеулерді күшейтуге) келіп тірелмейтіні – принциптің түрде маңызды. Бұл – заң бұзушылықты болдырмау, әділдікті нығайту, азаматтардың құқықтарын қорғау және тиімді, заманауи басқарылатын құқықтық жүйе құру арасындағы теңгерімді (баланстың) орнату әрекеті.

2025 жылғы қыркүйекте Алматы облысы Талғар ауданының 10 мектебі мен 3 колледжінде ***«Заң және тәртіп» пилоттық*** жобасы іске қосылды. *Тәлімгерлер ретінде Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы жанындағы Құқық қорғау органдары академиясы бекіткен прокуратура мен полицияның бұрынғы (отставкадағы) қызметкерлері тартылды*.

Сабақтар бағдарламасын ***«Өркен» балалардың әл-ауқатын арттыру ұлттық ғылыми-практикалық институтының (БӘАҰҒПИ)*** қызметкерлері білім алушылардың құқықтық санасын қалыптастыруға, девиантты мінез-құлықтың алдын алуға және қолайлы білім беру ортасын құруға бағытталған қосымша тәрбие сағаттарын өткізу үшін әзірледі.

Бағдарламаның мақсаты – «заң және тәртіп» қағидаты бойынша тәлімгерлердің тәрбие процесіне қолдау көрсету арқылы қоғамдық сана мен идеологияны қалыптастыру.

Бағдарлама білім алушылардың тұлғалық дамуына, сондай-ақ зорлық-зомбылықтың барлық түрлерінің, буллинг пен құқыққа қайшы мінез-құлықтың алдын алуға бағытталған. Ол «Заң және тәртіп» тұжырымдамасының қағидаттарын білім беру процесіне енгізуді, құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыруды, девиантты мінез-құлыққа бейім балалармен жеке жұмыс жүргізуді, сондай-ақ қауіпсіз әрі қолдау көрсететін ортада білім алушылардың әлеуетін ашуға жәрдемдесуді көздейді.

Шынайы кейстер мен құқықтық жағдаяттар негізінде 7–8 және 9–10 сынып оқушылары үшін мемлекеттік және орыс тілдерінде 9 сабақтан әзірленді. Барлығы – жасөспірімдердің жас және психоәлеуметтік ерекшеліктеріне бағытталған 36 сабақ.

Сабақтар оқу жылының бірінші және үшінші тоқсандарында екі аптада 1 рет өткізіледі: бірінші тоқсанда 4 сабақ, ал үшінші тоқсанда 5 сабақ.

Принципиально важно, что инициатива Президента по продвижению Концепции «Закон и порядок» не сводится к закручиванию гаек. Это попытка выстроить баланс между жесткой нетерпимостью к нарушению закона и реальным укреплением справедливости, защитой прав граждан и созданием эффективной, современно управляемой правовой системы.

В сентябре 2025 г. ***пилотный проект «Закон и порядок»*** был запущен в 10 школах и 3 колледжах Талгарского района Алматинской области. ***Наставники*** – *бывшие (отставные) сотрудники прокуратуры и полиции, утвержденные Академией правоохранительных органов при Генеральной прокуратуре Республики Казахстан.*

Программа занятий разработана сотрудниками ***Национального научно-практического института благополучия детей (ННПИБД) «Өркен»*** для проведения дополнительных воспитательных уроков, направленных на формирование у обучающихся правового сознания, предупреждение девиантного поведения и создание благоприятной образовательной среды.

Цель программы – формирование общественного сознания и идеологии через сопровождение воспитательного процесса наставниками по принципу «закон и порядок».

Программа ориентирована на личностное развитие обучающихся, а также на предупреждение всех видов насилия, буллинга и противоправного поведения. Она предусматривает внедрение принципов Концепции «Закон и порядок» в образовательный процесс, организацию мероприятий по профилактике правонарушений, проведение индивидуальной работы с детьми, склонными к девиантному поведению, а также содействие раскрытию потенциала обучающихся в безопасной и поддерживающей среде.

На основе реальных кейсов и правовых ситуаций разработано по 9 занятий на государственном и русском языках для обучающихся 7–8, 9–10 классов. Всего 36 занятий, ориентированных на возрастные и психосоциальные особенности подростков.

Занятия проводятся 1 раз в две недели в первой и третьей четвертях учебного года: 4 занятия в первой четверти и 5 – в третьей.

Тақырыптық сабақтар аясында құқықтық ағарту, жасөспірімдердің мектепке бейімделе алмауы (дезадаптация) және девианттты мінез-құлық мәселелері қамтылған. Білім алушылардың бойында құқықтық сана мен қауіпсіз мінез-құлықтың мұрақты дағдыларын қалыптастыру мақсатында *буллинг, кибербуллинг, зорлық-зомбылық, психобелсенді заттарды тұтыну және лудомания (құмар ойындарға тәуелділік)* сияқты аспектілерге ерекше назар аударылды.

Сабақтар келесі формаларды қамтиды:
- интерактивті дәрістер;
- пікірталастар;
- рөлдік ойындар;
- кейс-әдісі (жағдаяттарды талдау);
- бейнематериалдар;
- тәуекелді мінез-құлыққа төзімділік тренингтері;
- шығармашылық тапсырмалар;
- викториналар;
- сауалнамалар және т.б.

Сабақтың мақсаты – жай ғана білім беру емес, жасөспірімдерді сыни тұрғыдан ойлауға, жағдайды құқықтық тұрғыдан бағалауға және саналы шешім қабылдауға үйрету.

Бағдарламаның тиімділігін бағалау үшін ***тұрақты мониторинг*** жүргізу қарастырылған. Бірінші тоқсанда Google-формаларды қолдану арқылы кіріс сауалнамасы жүргізілді, оған оқушылардың 98,9%-ы қамтылды.

Сауалнама профилактика мен ағарту жұмыстарының ***бес негізгі бағыты бойынша сұрақтарды қамтиды:***
- суицидтік мінез-құлықтың алдын алу;
- буллинг пен кибербуллингтің профилактикасы;
- зорлық-зомбылықты ескерту және болдырмау;
- құқықтық ағарту;
- нашақорлық пен лудоманияның (құмар ойындарға тәуелділік) профилактикасы.

Әр параллельде 2 тақырып бойынша сауалнама жүргізіледі, әр сауалнама 10 сұрақтан тұрады.

Екінші тоқсанда тәлімгерлер білім алушылардың мінез-құлқына бақылау жүргізіп, кейіннен аудандық прокуратураға есептер ұсынды.

«Заң және тәртіп» жобасының іске асырылуын аралық мониторингілеу шеңберінде Алматы облысы Талғар ауданының білім алушылары арасындағы құқыққа қайшы және девиантты мінез-құлық тәуекелдерінің деңгейіне салыстырмалы талдау жүргізілді.

В рамках тематических занятий освещены вопросы правового просвещения, школьной дезадаптации и девиантного поведения подростков. Особое внимание уделено таким аспектам, как *буллинг, кибербуллинг, насилие, употребление психоактивных веществ и игромания*, с целью формирования у обучающихся правового сознания и устойчивых навыков безопасного поведения.

Занятия включают:
- интерактивные лекции;
- дискуссии;
- ролевые игры;
- кейс-метод;
- видеоматериалы;
- тренинги по устойчивости к рискованному поведению;
- творческие задания;
- викторины;
- опросы и др.

Цель занятий – не просто передать знания, а научить подростков думать критически, оценивать ситуацию с правовой точки зрения и принимать осознанные решения.

Для оценки эффективности программы предусмотрен ***регулярный мониторинг.*** В первой четверти проведено входное анкетирование с использованием Google-форм, охват составил 98,9% учащихся.

Анкета включает вопросы по ***пяти ключевым направлениям профилактики и просвещения:***
- предотвращение суицидального поведения;
- профилактика буллинга и кибербуллинга;
- предупреждение насилия;
- правовое просвещение;
- профилактика наркомании и лудомании.

В каждой параллели проводятся опросы по 2 темам, каждая анкета содержит по 10 вопросов.

Во ***второй четверти*** наставники осуществляли наблюдение за поведением обучающихся с последующим предоставлением отчетов в районную прокуратуру.

В рамках ***промежуточного мониторинга реализации проекта «Закон и порядок»*** проведен сравнительный анализ уровней риска противоправного и девиантного поведения среди обучающихся Талгарского района Алматинской области.



Нәтижелер тұрақты ***оң нәтиже көрсетіп отыр.***

▶ ***Тәуекел деңгейі төмен*** білім алушылардың үлесі 61,05%-дан 76,48%-ға дейін артты. Бұл құқықтық санасы қалыптасқан және мінез-құлқы сындарлы оқушылар санының өскенін айғақтайды.

▶ ***Орташа тәуекел деңгейінің көрсеткіші*** 38,62%-дан 23,36%-ға дейін төмендеді. Бұл білім беру ортасындағы жағдаяттық және топтық тәуекел факторларының азайғанын көрсетеді.

▶ ***Жоғары тәуекел деңгейіне жатқызылған білім алушылардың үлесі*** 0,33%-дан 0,16%-ға дейін қысқарды, яғни іс жүзінде 2 есеге азайды.

Осылайша, жобаны іске асыру кезеңінде ауданның білім беру ұйымдарындағы *әлеуметтік-психологиялық жағдайдың айтарлықтай жақсарғаны байқалады.* Алынған деректер профилактикалық іс-шаралардың тиімділігін растайды және «Заң және тәртіп» жобасын одан әрі дамытудың негізділігін дәлелдейді.

Төртінші тоқсанда білім алушылардың *жай-күйіндегі өзгерістерді талдауға бағытталған қорытынды диагностика жоспарланған.*

Сабақтардың тақырыптары:

▶ «Құқықтық ағарту: балалардың құқықтары мен міндеттері»;

▶ «Мектептегі буллинг: кім кінәлі және не істеу керек?»;

▶ «Зорлық-зомбылық»;

▶ «Аддиктті мінез-құлық (тәуелділік): ПБЗ (психобелсенді заттарды) тұтыну»;

▶ «Мектепке бейімделе алмау (дезадаптация): құқық бұзушылықтар».

Тәлімгерлерді оқыту үшін «Өркен» БӘАҰҒПИ-де практикаға бағытталған тренинг өткізілді. Оның бағдарламасы жасөспірімдердің психологиялық және жас ерекшеліктері туралы негізгі білімді меңгеруді, олардың дамуының негізгі кезеңдерін зерделеуді, сабақтың құрылымымен, сондай-ақ оны өткізудің негізгі әдістері мен тәсілдерімен танысуды қамтыды. 26–28 наурыз аралығында 522 тәлімгер оқудан өтті.

30–31 наурыз күндері «Өркен» БӘАҰҒПИ ***өңірлік білім басқармаларының үйлестірушілерімен және жобаға қатысушы білім беру ұйымдарының басшыларымен онлайн-кеңестер өткізді.***

Результаты отражают ***устойчивую положительную динамику***.

▶ Доля обучающихся с ***низким уровнем риска*** увеличилась с 61,05% до 76,48%. Это свидетельствует о росте числа учащихся с устойчивым правосознанием и конструктивными моделями поведения.

▶ Показатель ***среднего уровня риска*** снизился с 38,62% до 23,36%, что указывает на уменьшение ситуативных и групповых факторов риска в образовательной среде.

▶ Доля обучающихся, отнесенных к зоне ***высокого уровня риска***, сократилась с 0,33% до 0,16%, т. е. фактически уменьшилась в 2 раза.

Таким образом, за период реализации проекта наблюдается *выраженное улучшение социально-психологической ситуации в организациях образования района.* Полученные данные подтверждают эффективность профилактических мероприятий и обосновывают дальнейшее развитие проекта «Закон и порядок».

В ***четвертой четверти*** запланирована итоговая диагностика, направленная на анализ изменений в состоянии обучающихся.

Тематика занятий:

▶ «Правовое просвещение: права и обязанности детей»;

▶ «Буллинг в школе: кто виноват, и что делать?»;

▶ «Насилие»;

▶ «Аддиктивное поведение (зависимость): употребление ПАВ (психоактивных веществ)»;

▶ «Школьная дезадаптация: правонарушения».

Для обучения наставников в ННПИБД «Өркен» проведен практико-ориентированный тренинг, программа которого включала освоение базовых знаний о психологических и возрастных особенностях подростков, изучение ключевых этапов их развития, знакомство со структурой занятия, а также с основными методами и техниками его проведения. В течение 26–28 марта обучение прошли 522 наставника.

30–31 марта ННПИБД «Өркен» проведены ***онлайн-совещания с координаторами региональных управлений образования и руководителями организаций образования, которые участвуют в проекте.***



Сонымен қатар келесі құжаттар әзірленді:

- үйлестірушілерге, білім беру ұйымдарының басшыларына және тәлімгерлерге арналған ұсынымдар;
- жобаның іске асырылуы туралы тәлімгерлердің, өңірлік үйлестірушілердің және білім беру ұйымдары басшыларының есеп формалары;
- тәлімгердің ерекше назар аударуды қажет ететін жасөспірімнің мінез-құлқын бақылау парағы;
- сабақты бағалаудың бақылау парағы (чек-лист).

Жоба үйлестірушілері мен білім беру ұйымдарының басшыларына арналған ұсынымдарда жобаның әрбір кезеңін іске асырудың нақты мерзімдері көрсетілген.

Также разработаны:

- рекомендации для координаторов, руководителей организаций образования и наставников;
- формы отчетов наставников, координаторов регионов и руководителей организаций образования о реализации проекта;
- лист наблюдения наставника за поведением подростка, требующего повышенного внимания;
- чек-лист оценки занятия.

В рекомендациях для координаторов проекта и руководителей организаций образования указаны точные сроки реализации каждого этапа проекта.

https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2500000200
https://primeminister.kz/ru/news/kontseptsiyu-po-prodvizheniyu-v-obshchestve-ideologii-zakona-i-poryadka-utverdili-v-kazakhstane-29947
https://monitoring24.kz/%D0%BA%D0%BE%D0%BD%D1%86%D0%B5%D0%BF%D1%86%D0%B8%D1%8F-%D0%B7%D0%B0%D0%BA%D0%BE%D0%BD-%D0%B8-%D0%BF%D0%BE%D1%80%D1%8F%D0%B4%D0%BE%D0%BA-%D0%BA%D0%B0%D0%BA-%D0%BA%D0%B0%D0%B7%D0%B0%D1%85/
https://pricom.kz/mnenie-expertov/princzip-zakon-i-poryadok-zakreplyayut-v-proekte-konstitucii.html

ПЕДАГОГТЕРГЕ



ПЕДАГОГАМ



ӘДЕБИЕТ ХАЛЫҚ ЖАНЫНЫҢ ТЕРЕҢІНЕН БАСТАУ АЛАДЫ

ЛИТЕРАТУРА РОЖДАЕТСЯ ИЗ ГЛУБИНЫ НАРОДНОЙ ДУШИ

ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ӘДЕБИЕТТІҢ РӨЛІ МЕН МАҢЫЗЫ

Б. С. Сарбасов,
филология ғылымдарының кандидаты
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университетінің қауымдастырылған профессоры,
Қазақстан Республикасы педагогикалық
Ғылымдар Академиясының академигі,
«ЖОО үздік оқытушысы атағының иегері»,

РОЛЬ И ЗНАЧЕНИЕ ЛИТЕРАТУРЫ В ФОРМИРОВАНИИ ЛИЧНОСТИ

Б. С. Сарбасов,
кандидат филологических наук,
доцент КазНУ им. аль-Фараби,
академик Академии педагогических наук
Казахстана,
лауреат звания «Лучший преподаватель вуза»

XXI ғасыр жас ұрпақтың жан-жақты, терең білімді, саяси, экономикалық сауатты, интелектуалы биік жеке тұлға болуын талап етеді. Мұндай талапқа сай білім беру жүйесіндегі берілер білім мен тәрбиенің де сапасы биік болуы қажет.

Еліміз егемендік алғалы бері қоғамдық жүйелердің барлығын ұлттық құндылықтармен жаңғыртып, жаңалап, ***ұлттық болмысты*** алдыңғы орынға қоюдамыз.

Мұндағы көзделетін мақсат – өсіп келе жатқан жастарды халық дәстүрімен тәрбиелеп, ұлттық асыл қасиеттерді бойына дарыта отырып, олардың тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру.

Үздіксіз білім беру жүйесінде әдебиет пәнін тереңдетіп оқытудағы мақсат – жеке тұлғаны дамытуда ұлттық рухани құндылықтарды дәріптеп, жас ұрпақ пен жастардың ***ұлттық дүниетанымын*** қалыптастыру қажет.

Ұлттық дүниетаным – бұл ұлттық ерекшеліктің көрінісі және ол мыналарды қамтиды:

- саяси, имандылық (адамгершілік), эстетикалық және діни сенімдер;
- тәрбиелік ұстанымдар;
- тарихи сана;
- басқа да дәстүрлі мәдени-рухани көзқарастар.

Білім алушының білімін жетілдіру және оны патриоттық рухта тәрбиелеу үдерісінде оның санасында өз халқына деген құрмет пен мақтаныш сезімін ояту, бойына ұлттық рухты сіңіру, сондай-ақ өз халқының тарихымен, әдебиетімен, өнерімен және салт-дәстүрлерімен таныстыру өте маңызды.

Осы құндылықтар арқылы **жан-жақты дамыған жаңа ұрпақты қалыптастыру – бүгінгі күннің өзекті міндеті ретінде қарастырылуы тиіс.**

Әдебиетті оқыту арқылы келер ұрпақтың бойына қазақ халқының тарихын терең сіңіру, сол тарихтағы ұлы тұлғалармен, ел тағдыры үшін азап шеккен батырлармен, халықтың болашағын ойлаған ақын-жазушылардың шығармашылығымен таныстыру және осының барлығын білімді жастардың санасына жеткізіп, олардың дүниетанымында насихаттау мен бекіту қажет.

Өз ұлтының мақтанышы болған, батыр атамыз Бауыржан Момышұлы: ***«Барлық халық пен ұлт барлық ұлы және тамаша нәрселерді жасауға қабілетті, әрбір азамат өз ұлтын сүюге тиіс және***

В XXI веке от представителей молодого поколения требуется быть всесторонне развитой, глубоко образованной, политически и экономически грамотной, интеллектуально зрелой личностью. Соответственно, качество знаний и воспитания, предоставляемых системой образования, должно быть высоким.

С момента обретения независимости наша страна обновляет все общественные системы на основе национальных ценностей, ставя ***народное самосознание*** на первый план.

Основная цель этого процесса – воспитать молодежь в духе народных традиций, привить им лучшие национальные качества и тем самым сформировать их личностные особенности.

В системе непрерывного образования ***цель углубленного изучения литературы*** заключается в ***развитии личности через возвышение национальных духовных ценностей и формирование национального мировоззрения у молодого поколения.***

Национальное мировоззрение представляет собой ***отражение национальной самобытности*** и включает в себя:

- политические, нравственные, эстетические, религиозные убеждения;
- воспитательные принципы;
- историческое сознание;
- другие традиционные культурно-духовные взгляды.

В процессе совершенствования знаний обучающегося и воспитания его в духе патриотизма важно пробудить в его сознании чувство уважения и гордости за свой народ, привить национальный дух, ознакомить с историей, литературой, искусством, обычаями и традициями своего народа.

Формирование всесторонне развитого нового поколения **через эти ценности следует рассматривать как актуальную задачу сегодняшнего дня.**

Через преподавание литературы необходимо глубоко привить будущему поколению знание истории казахского народа, познакомить с великими личностями этой истории, с героями, которые страдали за судьбу страны, с творчеством поэтов и писателей, думавших о будущем народа, и донести все это до сознания образованной молодежи, пропагандируя и закрепляя в их мировоззрении.

Гордость своего народа, наш батыр Бауыржан Момышулы говорил: ***«Все народы и нации способны создавать все великое и прекрасное;***



Авторлық құқық \ авторство: Bbj. Собственная работа, CC BY-SA 4.0, https://commons.wikimedia.org/w/index.php?curid=122195917

өз ұлтына деген терең сүйіспеншілігі мен мақтаныш сезімі арқылы басқа ұлттарды танып, құрметтеп, оларды сүйе білуге тиіс», - дейді.

Бұл айтылған ойдың астарында өз ұлтыңды ерекше сүй, сол арқылы өзге ұлтты сүюге үйрен деген ой жатыр.

Ұлт болу үшін, елдігіңді сақтау үшін, елінің тарихы мен әдебиетін, мәдениетін, елінің тілін жас ұрпақтың бойына ұлттық тәрбиенің қайнар көздері арқылы ұялату баршамыздың парызымыз деп білеміз.

Заманауи білім беруде білім алушыларға жаңа технологияларды қолдану, инновациялық бағытта жұмыс жасау заман ағымына сай талап етілуде. Оқу үрдісінде осындай жаңа озық тәжірибелерді белсенді пайдалану және қолдану кейінгі жылдары айтарлықтай оң тәжірибе беріп отыр. Бүгінде қоғамның жеке тұлғалы, дамыған адамын тәрбиелейтін маманға өзінің үздіксіз шығармашылық ізденуі, оқытуда жаңа педагогикалық технологиялар мен инновациялық әдіс-тәсілдерді меңгеруі, кәсіби құзыреттілігінің жоғары деңгейде болуы қажет. Білім алушыларға кәсіптік білім алуымен қатар, шешендік шеберлігі мен баяндау жүйелілігі қалыптасқан, өз пікірін ашық білдіретін саналы ұрпақ етіп тәрбиелеу керек.

каждый гражданин должен любить свой народ, и через глубокую любовь и чувство гордости за свою нацию он должен уметь познавать, уважать и любить другие народы».

В основе этой мысли лежит призыв: особенно люби свой народ, и через это учись любить другие народы.

Чтобы быть нацией и сохранить государственность, мы считаем своим долгом прививать молодому поколению уважение к истории, литературе, культуре, языку и духовным ценностям своего народа через источники национального воспитания.

В современном образовании требуется использование новых технологий и работа в инновационном направлении в соответствии с требованиями времени. Активное применение таких передовых практик в учебном процессе в последние годы дало заметные положительные результаты. Сегодня специалист, воспитывающий личность развитого человека для общества, должен постоянно находиться в творческом поиске, овладевать новыми педагогическими технологиями и инновационными методами обучения, обладать высоким уровнем профессиональной компетентности.



Әлемдік оқу үрдісінің өзегі **– жаңа технологиялар екені мәлім. Әрбір технология өзіндік жаңа әдіс-тәсілдермен ерекшеленеді. Әдіс-тәсілдерді мұғалім ізденісі арқылы білім алушы қабілетіне, қабылдау деңгейіне қарай іріктеп қолданады.**

Педагогикалық үрдістің тиімділігінің артуына мүмкіндік беретін ***білім беру мен тәрбие бірлігін*** сақтай отырып, білім алушыларға әдебиет пәнінен берілетін білімнің үйлесімділігімен қатар, әрбір ***жеке тұлғаның ерекшелігін ескере отырып,*** білімділігіне сәйкес бағдар беру, танымдық, шығармашылық ізденімпаздығын дамытуда әдебиеттанудың маңызы зор демекпіз.

Белгілі әдіскер ғалым Қ. Бітібаеваның «Әдебиет пәнін оқытудың тиімді жолдары» атты оқу құралында: «... Әдебиет пәні жас жеткіншектерге жай ғана білім беріп қоймайды, ол ***өмірдің ең қымбаттысы, ең асылы – жақсылық пен изгіліктің ұрығын себеді.... Бұл пән жас қауымды мақсатты өмір сүруге үндейді, оны туған анасын сүюден Отанын сүюге, бүкіл адамзатты сүюге дейін жетелейді. Әдебиет пәнінің алдында тұрған осындай қасиетті мақсат ең алдымен сабақ процесінде, оның әр тақырыбында жүзеге асырылуға тиіс. Сондықтан, әр сабақты, яғни әр сабаққа бөлінген 45 минутты тиімді етіп ұйымдастыра білу ісі мұғалімнен ерекше творчестволық жұмысты, ойлы да зерделі еңбекті талап етеді»,*** – дейді.

Әдебиеттің пән ретіндегі өзіндік ерекшеліктері. Әдебиет пәнінің оқу пәні ретіндегі құрылымы күрделі болып саналады. Себебі, оның ішкі мазмұнына көркем әдебиет шығармалары, олардың тарихы мен теориясына қатысты ұғымдар, әдебиеттен ауызша, жазбаша тіл дамыту жұмыстарының жүйесі, білім алушының оқырмандық мәдениетін қалыптастырады.

Әдебиетті оқыту **білім алушының сұранысы мен қабілет, мүмкіндігіне қарай бірте-бірте дамып отырады. Білім алушылар әдебиетті өнердің бір түрі – сөз өнері ретінде тарихи негізін танып, қоғамдық мәні мен адам, жеке тұлға қалыптастыруға тигізетін әсер ықпалын, барлық адамзаттық мәселелерді қамтитын биік болмысын тани бастайды.**

Ядром мирового образовательного процесса являются новые технологии. **Каждая технология отличается своими методами и приемами. Учитель через собственный поиск подбирает и применяет методы в соответствии со способностями и уровнем восприятия обучающегося.**

Сохраняя ***единство обучения и воспитания,*** что способствует ***повышению эффективности педагогического процесса,*** важно не только гармонично передавать знания по литературе, но и учитывать ***индивидуальные особенности каждого учащегося,*** направляя его в соответствии с уровнем образованности, развивая познавательную и творческую инициативность. В этом отношении значение литературоведения чрезвычайно велико.

В учебном пособии известного ученого-методиста К. Битибаевой «Эффективные пути преподавания литературы» говорится: ***«Литература не просто дает знания молодому поколению, она сеет семена самого дорогого и возвышенного в жизни – добра и человечности... Этот предмет побуждает молодежь к целеустремленной жизни, ведет ее от любви к родной матери к любви к Родине и ко всему человечеству. Такая священная цель, стоящая перед литературой, должна прежде всего реализовываться в процессе урока, в каждой его теме. Поэтому умение организовать каждый урок, т. е. каждую отведенную 45-минутную часть, требует от учителя особой творческой работы, вдумчивого и содержательного труда».***

Особенности литературы как учебного предмета. Структура литературы как учебной дисциплины считается сложной. Это связано с тем, что ее внутреннее содержание включает художественные произведения, понятия, относящиеся к их истории и теории, систему устных и письменных работ по развитию речи, формирующих читательскую культуру обучающегося.

Преподавание литературы **постепенно развивается в соответствии с запросами, способностями и возможностями обучающегося. Ученики начинают воспринимать литературу как один из видов искусства – словесное искусство, осознают ее историческую основу, общественное значение и влияние на формирование человека, личности, а также ее высокое предназначение, охватывающее общечеловеческие проблемы.**



Көркем шығарманы қабылдауда әртүрлі болуының бірнеше себебі бар.

▶ Біріншіден, сол шығарманы қабылдау жолындағы білім алушының ой-өрісі, дүниетанымы, бұған дейінгі жинақтаған білім қоры, яғни әдебиеттану ғылымынан алған білімі ықпал етеді.

▶ Екіншіден, әдебиетте сөздің қасиеті ақпарат жеткізуші қызметтен әлдеқайда терең мазмұнда, бірнеше функцияда танылады, сөз адамның сана-сезіміне әсер ете отырып, белгілі көңіл-күй, сезім, сурет, көрініс өмір бейнесін жасап, адамның эмоциялық қабылдауына түрткі болады.

«Әдебиет – өнердің бір саласы. Ол – сөз өнері. Белгілі әдіскер ғалым Қ.Бітібаева: ***«Әдебиет – адам тану құралы»*** болса, әдебиет пәні – ***«адам тәрбиелеу құралы»*** деген пікірінің маңызы зор демекпіз.

Жас ұрпаққа білім, тәрбие беру ісінде көркем әдебиеттің маңызы зор. Әдебиет пәнін халықтың өткендегі және қазіргі өмірімен оның табыстарымен байланыстыра оқыту, жастарды өмірге дайындау, қоғамға пайдалы, елін сүюге, жерін сүюге тәрбиелеу – қазіргі таңдағы ең басты міндет деп санаймыз.

Существует несколько причин различного восприятия художественного произведения.

▶ Во-первых, на процесс восприятия влияют мышление, кругозор, мировоззрение обучающегося, его ранее накопленные знания, т. е. полученные им сведения из литературоведения.

▶ Во-вторых, в литературе слово обладает свойством, выходящим далеко за рамки функции передачи информации, оно проявляется в нескольких аспектах. Слово воздействует на сознание и чувства человека, создает определенное настроение, эмоции, картины и образы жизни, побуждая к эмоциональному восприятию.

Литература – один из древнейших видов искусства. Это искусство слова. К. Битибаева отмечала: ***«Литература – средство познания человека,*** *а предмет литературы –* ***средство воспитания человека»***. Это мнение отражает суть искусства слова и силу его воздействия.

Художественная литература играет огромную роль в деле образования и воспитания молодого поколения. Преподавание литературы в связи с прошлой и современной жизнью народа, с его достижениями, подготовка молодежи к жизни, воспитание полезных обществу людей, любящих свою страну и родную землю, – главная задача сегодняшнего дня.

Ең бастысы – әдебиет пәнін оқыту арқылы жас ұрпаққа рухани-адамгершілік, патриоттық тәрбие берудің сапасын арттыру.

Еліміздің білім беру жүйесінде бүгінде орын алып жатқан оң өзгерістер болашаққа деген сенімімізді нығайтады: егер біз оларды жүзеге асыру жолында қажымай еңбек етсек, бұл бастамалар бізге айтарлықтай табыс әкеледі. Қазіргі құбылмалы өмір жағдайында жаңа педагогикалық парадигма жаңа тұрпатты мамандарды талап етеді, олар:

- білімді;
- кәсіби білікті;
- құзыретті;
- шығармашыл;
- өзгерістерге, жаңа белестер мен тәуекелдерге дайын болуы тиіс.

«Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КеАҚ базасындағы оқу-әдістемелік бірлестік, филология факультетінің қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасының ұйымдастыруымен 2026 жылдың 10 сәуірде ***«Жасанды интеллект дәуірінде әдебиетті зерттеуге пәнаралық көзқарас және әдебиеттанушыларды даярлау»*** *тақырыбында өтетін халықаралық ғылыми симпозиум өткізді.*

Іс-шараның мақсаты: Жасанды интеллект пен сандық технологиялардың қарқынды дамуы жағдайында әдебиеттану мен қазақ әдебиеті қоғамның рухани тұрақтылығының, мәдени дамуының және жеке тұлғаның құндылықтық бағдарларын қалыптастырудың стратегиялық ресурсы екенін негіздеу; Қазақстан Республикасы жоғары білім беру жүйесінде гуманитарлық даярлауды институционалдық тұрғыдан нығайтудың бағыттарын айқындау.

«6В02306 – Әдебиеттану» білім беру бағдарламасында ұсынылған пәндер тізімінің ерекшелігі – олар арнайы кәсіби білім берумен қатар, келесі мақсаттарға бағытталған:

- құндылық бағдарлар мен дағдыларды қалыптастыру;
- білім алушылардың ғылыми-зерттеу әдістерін, теориялық білімдерді, іргелі және қолданбалы зерттеулерді терең меңгеруі;
- әдебиетті оқытуда ақпараттық технологияларды игеру.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті 90 жылдық тарихы бар беделді жоғары оқу орындардың бірі. Бүгінде университеттің филология факультетінде бірнеше мамандықтар бойынша педагог және ғылыми мамандар даярлайды. Университет түлектері еліміздің орта мектептерінде, арнайы оқу орындарында және қоғамдық-әлеуметтік басқа салаларда табысты қызмет етуде.

Самое важное – через преподавание литературы повысить качество духовно-нравственного и патриотического воспитания молодого поколения.

Позитивные изменения, происходящие сегодня в системе образования нашей страны, внушают уверенность в будущем: если мы будем неустанно трудиться над их реализацией, они принесут нам значительные успехи. В стремительно меняющихся условиях жизни новая педагогическая парадигма требует специалистов нового типа:

- образованных;
- профессионально квалифицированных;
- компетентных;
- творческих;
- готовых к переменам, вызовам и рискам.

10 апреля Учебно-методическое объединение на базе Казахского Национального университета (КазНУ) им. аль-Фараби, кафедра казахской литературы и теории литературы филологического факультета организовали и провели Международный научный симпозиум ***«Междисциплинарный подход к исследованию литературы в эпоху искусственного интеллекта и подготовка литературоведов».***

Цели мероприятия: в условиях стремительного развития искусственного интеллекта и цифровых технологий обосновать, что литературоведение и казахская литература являются стратегическим ресурсом духовной устойчивости общества, культурного развития и формирования ценностных ориентиров личности; определить направления институционального укрепления гуманитарной подготовки в системе высшего образования Республики Казахстан.

Особенность перечня дисциплин, предложенных в образовательной программе 6В02306 «Литературоведение», заключается в том, что, наряду со специальным профессиональным образованием, они направлены на:

- формирование ценностных ориентиров и навыков;
- глубокое освоение обучающимися научно-исследовательских методов, теоретических знаний, фундаментальных и прикладных исследований;
- овладение информационными технологиями в преподавании литературы.

Казахский Национальный университет им. аль-Фараби – одно из старейших и наиболее престижных высших учебных заведений с 90-летней историей. Сегодня на филологическом факультете университета готовят педагогов и научных специалистов по нескольким направлениям. Его выпускники успешно работают в школах страны, специальных учебных заведениях, а также в других общественно-социальных сферах.



ҮНСІЗ ҚАЛУҒА БОЛМАЙТЫН МӘСЕЛЕ

ЗАМАНАУИ ҚОҒАМДА БУЛЛИНГКЕ ЖОЛ ЖОҚ

Д. Ш. Бастаубаева,
педагог-психолог,
педагог-модератор,
Жамбыл атындағы орта мектеп
Қарасай ауданы
Алматы облысы

Қазіргі заманда адам құқықтары, еркіндік пен теңдік жайлы көп айтылғанымен, қоғамда шешімін таппай келе жатқан мәселелер әлі де бар.

Солардың бірі – буллинг. Әсіресе бұл құбылыс жасөспірімдер арасында кең таралған. Буллинг мектептерде, колледждерде, тіпті интернет кеңістігінде де кездеседі. Ол тек жәбірленушіге ғана емес, бүкіл қоғамға теріс әсер ететін әлеуметтік мәселе.

Буллинг ұғымы және оның мәні. Буллинг – ***бір немесе бірнеше адамға қарсы әдейі және жүйелі түрде жасалатын психологиялық, физикалық немесе әлеуметтік қысым.*** Буллингтің басты ерекшелігі – оның қайталануы және күш теңсіздігі. Яғни бір тарап өзін әлсіз сезінетін адамға үстемдігін жүргізеді. Көп жағдайда буллингке ұшыраған адам өзін қорғай алмайды немесе көмек сұрауға қорқады.

ПРОБЛЕМА, О КОТОРОЙ НЕЛЬЗЯ МОЛЧАТЬ

СОВРЕМЕННОЕ ОБЩЕСТВО БЕЗ БУЛЛИНГА

Д. Ш. Бастаубаева,
педагог-психолог,
педагог-модератор,
СШ им. Жамбыла,
Карасайский район,
Алматинская область

Несмотря на то, что в современном мире много внимания уделяется правам человека, свободе и равенству, в обществе все еще остаются проблемы, требующие своего решения.

Одной из них является буллинг. Особенно широко это явление распространено в подростковой среде. ***Буллинг*** встречается в школах, колледжах и даже в интернет-пространстве. Это социальная проблема, которая оказывает негативное влияние не только на жертву, но и на все общество в целом.

Понятие и сущность буллинга. Буллинг – ***это преднамеренное и систематическое психологическое, физическое или социальное давление, направленное против одного человека или группы людей.*** Главными особенностями буллинга являются его ***повторяемость*** и ***дисбаланс сил:*** одна сторона проявляет доминирование над тем, кто чувствует себя слабее. В большинстве



Буллинг көбінесе мектеп жасындағы балалар мен жасөспірімдер арасында кездеседі. Себебі бұл кезеңде тұлға әлі толық қалыптаспаған, ал құрдастар арасындағы пікір өте маңызды рөл атқарады. Біреудің сыртқы келбеті, мінезі, сөйлеу мәнері немесе әлеуметтік жағдайы буллингке себеп болуы мүмкін.

Буллингтің бірнеше түрі бар және олардың әрқайсысы жәбірленушіге әртүрлі деңгейде зиян келтіреді.

▶ ***Психологиялық немесе әлеуметтік буллинг.*** Оған мыналар жатады: балағаттау, мазақ ету, кемсітетін лақап ат қою, қорқыту т.б. Көп адамдар мұны «жай әзіл» деп қабылдауы мүмкін, бірақ оның жәбірленушіге тигізетін психологиялық зияны өте зор.

▶ ***Психологиялық немесе әлеуметтік буллинг*** – адамды әдейі елемеу, жалғыз қалдыру, басқа адамдарға қарсы қою. Мұндай жағдайда жәбірленуші өзін қоғамнан тыс қалғандай сезінеді. Бұл түрі көзге көрінбейтін болғанымен, ең ауыр салдарға әкелуі мүмкін.

▶ ***Кибербуллинг*** – қазіргі заманда кең таралған буллинг түрі. Ол әлеуметтік желілер, мессенджерлер, онлайн ойындар арқылы жүзеге асады. Жалған ақпарат тарату, қорлайтын пікірлер жазу, жеке суреттерді рұқсатсыз жариялау – кибербуллингтің мысалдары. Оның қауіптілігі – интернетте қысым тәулік бойы жалғасуы мүмкін.

Буллингтің себептері. Буллингтің пайда болуына бірнеше фактор әсер етеді. Кейде буллинг жасаушы адам өз өмірінде қиындықтарға тап болып, ашуын басқалардан алады. Отбасындағы түсініспеушілік, дұрыс тәрбиенің берілмеуі, агрессияға толы орта да буллингке итермелеуі мүмкін.

Буллингтің негізгі себептерінің бірі – **қоғамдағы сабырсыздық, бір-бірінен ерекшеленетін адамдарды қабылдамау. Кейде буллинг жасаушылар өз әрекетінің қаншалықты зиян келтіретінін түсінбейді немесе жауапкершілікті сезінбейді.**

случаев человек, подвергшийся буллингу, не может защитить себя самостоятельно или боится обратиться за помощью.

Буллинг чаще всего встречается среди детей школьного возраста и подростков. Это связано с тем, что в данный период личность еще не полностью сформирована, а мнение сверстников играет критически важную роль. Причиной для травли может стать что угодно: внешность, характер, манера речи или социальное положение человека.

Виды буллинга. Существует несколько видов буллинга, и каждый из них наносит жертве ущерб разной степени тяжести.

▶ ***Вербальный буллинг*** – словесные оскорбления. К нему относятся: брань, ругательства, насмешки, присвоение унизительных прозвищ, угрозы и др. Многие воспринимают это как «просто шутку», однако психологический вред, наносимый жертве, огромен.

▶ ***Психологический и социальный буллинг*** – намеренное игнорирование человека, изоляция его от коллектива, настраивание окружающих против него. В такой ситуации жертва чувствует себя изгоем. Несмотря на то, что этот вид травли не всегда заметен со стороны, он может привести к самым тяжелым последствиям.

▶ ***Кибербуллинг*** – вид буллинга, получивший широкое распространение в современном обществе. Он осуществляется через социальные сети, мессенджеры и онлайн-игры. Распространение ложной информации, написание оскорбительных комментариев, публикация личных фотографий без разрешения – все это примеры кибербуллинга. Его опасность заключается в том, что в интернете давление может продолжаться круглосуточно.

Причины буллинга. На возникновение буллинга влияют несколько факторов. Иногда агрессор сам сталкивается с трудностями в жизни и вымещает свой гнев на других. Непонимание в семье, отсутствие правильного воспитания и окружение, полное агрессии, также могут подтолкнуть к буллингу.

Основные причины буллинга – нетерпимость и неприятие обществом **людей, которые чем-то отличаются от остальных. В некоторых случаях те, кто совершает буллинг, не осознают, насколько вредны их действия, или не чувствуют ответственности за них.**



Буллингтің салдары өте ауыр болуы мүмкін. Жәбірленуші адам өзіне деген сенімін жоғалтып, тұйықтала бастайды. Ол мектепке барудан қорқуы, сабақ үлгерімінің төмендеуі, достарымен қарым-қатынасының нашарлауы мүмкін. Ұзақ уақытқа созылған қысым адамның психологиялық жағдайына кері әсер етіп, болашақ өміріне де із қалдырады.

Буллинг тек жәбірленушіге ғана емес, буллинг жасаушыға да зиян келтіреді. Себебі мұндай мінез-құлық қалыпты жағдай ретінде қабылданса, адамның болашақта қоғаммен дұрыс қарым-қатынас орнатуына кедергі келтіреді.

Буллингтің алдын алу жолдары. Буллингтің алдын алу – бүкіл қоғамның ортақ міндеті. Ең алдымен отбасында балаға мейірімділік, сыйластық, жауапкершілік сияқты құндылықтарды сіңіру қажет. Ата-аналар баласының мінез-құлқына назар аударып, онымен ашық сөйлесуі маңызды.

Мектептерде буллингке қарсы арнайы бағдарламалар жүргізіліп, оқушыларға өз құқықтары мен міндеттері түсіндірілгені жөн. Мұғалімдер мен мектеп психологтері оқушылар арасындағы қарым-қатынасты бақылап, мәселені ерте анықтауы керек.

Ал оқушылар буллингке куә болған жағдайда бейжай қалмауы тиіс.

Жәбірленушіні қолдау, ересектерге хабарлау **– буллингті тоқтатудың тиімді жолы.**

Буллинг – елеусіз қалдыруға болмайтын маңызды мәселе. Ол адамның тағдырына, болашағына әсер етуі мүмкін. Сондықтан әрқайсымыз айналамыздағы адамдарға құрметпен қарап, өзгелердің сезімін түсінуге тырысуымыз қажет.

Мейірімділік, түсіністік және қолдау бар жерде буллингке орын жоқ. Қоғам болып бірігіп әрекет еткенде ғана бұл мәселені жеңе аламыз.

Последствия буллинга могут быть крайне тяжелыми. Пострадавший человек теряет уверенность в себе и начинает замыкаться. Это может проявляться в страхе перед посещением школы, снижении успеваемости и ухудшении отношений с друзьями. Продолжительное давление негативно сказывается на психологическом состоянии человека и оставляет след на всей его дальнейшей жизни.

Буллинг наносит вред не только жертве, но и самому агрессору. Если подобное поведение воспринимается как норма, это в будущем помешает человеку выстраивать здоровые взаимоотношения в обществе.

Пути профилактики буллинга. Профилактика буллинга – это общая задача всего общества. Прежде всего, необходимо с самого детства прививать ребенку в семье такие ценности, как доброта, уважение и ответственность. Родителям важно обращать внимание на поведение своего ребенка и поддерживать с ним открытый диалог.

В школах следует проводить специальные антибуллинговые программы, разъясняя ученикам их права и обязанности. Учителя и школьные психологи должны внимательно следить за взаимоотношениями между учащимися, чтобы выявлять проблемы на ранних стадиях.

Сами учащиеся также не должны оставаться равнодушными, становясь свидетелями буллинга.

Поддержка жертвы и своевременное информирование взрослых **– это эффективные способы остановить травлю.**

Буллинг – это серьезная проблема, которую нельзя игнорировать. Он способен повлиять на судьбу и будущее человека. Поэтому каждому из нас необходимо проявлять уважение к окружающим и стараться понимать чувства других людей.

Там, где есть доброта, взаимопонимание и поддержка, нет места буллингу. Мы сможем победить эту проблему только тогда, когда будем действовать сообща, всем обществом.



ӨМІР – САХНА

ЖИЗНЬ – СЦЕНА

ФОРУМ-ТЕАТР – БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ҚАУІПСІЗ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ИННОВАЦИЯЛЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ

Р. К. Мусатаева,
педагог-психолог,
форум-театр жетекшісі,
№2 Алматы мемлекеттік
гуманитарлық-педагогикалық колледжі,
Алматы қ.

ФОРУМ-ТЕАТР КАК ИННОВАЦИОННАЯ ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ ТЕХНОЛОГИЯ ФОРМИРОВАНИЯ КУЛЬТУРЫ БЕЗОПАСНОГО ПОВЕДЕНИЯ ОБУЧАЮЩИХСЯ

Р. К. Мусатаева,
педагог-психолог,
руководитель Форум-театра,
Алматинский государственный
гуманитарно-педагогический
колледж №2,
г. Алматы.

Қазіргі білім беру жүйесінде ***оқушылардың қауіпсіз мінез-құлқын қалыптастыру мәселесі*** ерекше өзектілікке ие болып отыр. Агрессияның, буллинг пен кибербуллингтің артуы, эмоционалдық оқшаулану құбылыстары және тұлғааралық қарым-қатынастардың бұзылуы оқушылардың психологиялық әл-ауқатына теріс әсер етіп қана қоймай, оқу ұжымдарындағы әлеуметтік-психологиялық ахуалдың да нашарлауына алып келеді.

Осыған байланысты білім алушыларды әлеуметтік тәуекелдерді саналы түрде бағалауға, ықтимал салдарларды алдын ала болжай білуге және жауапты шешім қабылдауға бағытталған ғылыми-әдістемелік тұрғыдан негізделген профилактикалық жұмыстарды жүйелі түрде енгізу қажеттілігі артып отыр.

Осы контексте эмпатияны, жауапкершілікті және конструктивті қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыруға бағытталған ***интерактивті, тұлғаға бағдарланған психологиялық-педагогикалық технологиялардың*** маңызы айрықша арта түседі.

Осындай тиімді әдістердің бірі – бразилиялық режиссер әрі педагог Аугусто Боал ұсынған «Езілгендер театры» идеясы негізінде қалыптасқан ***форум-театр*** технологиясы. Бұл тәсілдің басты ерекшелігі – көрерменнің бақылаушы күйінде қалмай, қойылым үдерісіне белсенді түрде араласуында. Яғни, ол ***«спект-актор» рөлінде әрекет етіп,*** туындаған мәселелерді талқылауға қатысады, оны өзгерту жолдарын қарастырады және түрлі шешімдер ұсынуға мүмкіндік алады.

Форум-спектакльдің құрылымы келесі кезеңдерді қамтиды:

- шиеленіскен жағдайды сахнада әрекет арқылы көрсету;
- оқиғаны шиеленіс шегіне жеткен сәтте тоқтату;
- көрермендермен бірлесе отырып талқылау;
- аудиторияны кейіпкерлердің орнына қойып көру арқылы жағдайды басқа жолмен шешудің түрлі тәсілдерін қарастырып, оқиғаны өзгертуге қатыстыру.

Маңызды рөлді ***жүргізуші-фасилитатор*** атқарады. Ол:

- диалогтың еркін әрі ашық болуын қамтамасыз етеді;
- қатысушыларды ойлануға және өз тәжірибесін талдауға бағыттайды;
- өзара әрекеттесу кезінде психологиялық қауіпсіз орта қалыптастырады.

В современных образовательных условиях ***проблема формирования безопасного поведения обучающихся*** приобретает особую актуальность. Рост проявлений агрессии, буллинга и кибербуллинга, эмоциональной изоляции, а также нарушения межличностных коммуникаций негативно влияют на психологическое благополучие обучающихся и социально-психологический климат учебных коллективов.

Эти тенденции обусловливают необходимость внедрения научно обоснованных профилактических форм работы, ориентированных на активное вовлечение обучающихся в анализ социальных рисков и осознание последствий принимаемых решений.

В данном контексте особую значимость приобретают ***интерактивные, человекоориентированные психолого-педагогические технологии,*** направленные на развитие эмпатии, ответственности и навыков конструктивного взаимодействия.

Одной из таких технологий является ***форум-театр,*** разработанный бразильским режиссером и педагогом Аугусто Боал в рамках Концепции «Театр угнетенных». В соответствии с авторской концепцией зритель рассматривается не как пассивный наблюдатель, а как ***активный субъект действия – «спект-актор»,*** способный предлагать альтернативные модели поведения и участвовать в трансформации проблемной ситуации.

Структура форум-спектакля включает в себя последовательные этапы:

- представление конфликтной ситуации в виде сценического действия;
- ее остановку в кульминационный момент;
- организацию обсуждения с аудиторией;
- вовлечение зрителей в процесс трансформации ситуации через замену персонажей и апробацию альтернативных моделей поведения.

Существенную роль выполняет ***ведущий-фасилитатор***, обеспечивающий;

- диалогичность;
- рефлексивность;
- психологическую безопасность взаимодействия.

Мұндай үдерісті ұйымдастыру білім алушылардың *өз пікірін еркін білдіріп, белсенді әрекет ететін тұлға ретінде қалыптасуына, әлеуметтік жағдайларды талдай білу дағдыларының дамуына және саналы шешім қабылдауына ықпал етеді.*

Такая организация процесса способствует формированию *субъектной позиции обучающихся, развитию навыков социального анализа и осознанного принятия решений.*

Білім беру тәжірибесінде форум-театрды қолдану білім алушылардың ***қауіпсіз әлеуметтік мінез-құлық стратегияларын қалыптастыруға, коммуникативтік құзыреттілігін, эмпатиясын және өз таңдауы үшін жауапкершілігін дамытуға ықпал етеді,*** бұл технологияның жоғары профилактикалық және тәрбиелік маңыздылығын айқындайды.

Әдістің басты ерекшелігі – ***алдын ала белгіленген нақты және дұрыс шешімдердің*** болмауында, бұл жан-жақты талдау жасауға, болып жатқан жағдайды сыни талдауға және шиеленіскен оқиғалардың әртүрлі шешімдерін іздеуге ынталандырады.

«Жарық» форум-театры 2021 жылдан бастап №2 Алматы гуманитарлық-педагогикалық колледжінде ***қосымша білім беру және білім алушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау жүйесі*** аясында жұмыс істейді. Бұл технология қатысушыларды олардың өмірлік тәжірибесін көрсететін әлеуметтік маңызы бар түсініспеушіліктерді талдауға және өзгертуге негізделен профилактикалық жұмыстың тұрақты әрі тиімді формасы ретінде өзін танытты.

Использование форум-театра в образовательной практике способствует формированию у обучающихся ***безопасных социальных стратегий поведения, развитию коммуникативной компетентности, эмпатии и ответственности за собственный выбор***, что определяет высокую профилактическую и воспитательную значимость технологии.

Принципиальной особенностью метода является ***отсутствие заранее заданных «правильных» решений,*** что стимулирует самостоятельный анализ, критическое осмысление происходящего и поиск конструктивных стратегий разрешения конфликтов.

Форум-театр «Жарық» функционирует в Алматинском гуманитарно-педагогическом колледже №2 с 2021 г. в рамках ***системы дополнительного образования и психолого-педагогического сопровождения обучающихся.*** Технология зарекомендовала себя как устойчивая и эффективная форма профилактической работы, основанная на активном вовлечении участников в анализ и трансформацию социально значимых конфликтных ситуаций, отражающих их жизненный опыт.



Форум-театрды жүйелі түрде жүзеге асыру келесі маңызды дағдыларды қалыптастырады:

- эмпатиялық бағыттарды;
- сыни ойлауды;
- әлеуметтік өзара іс-қимыл дағдыларын;
- саналы тұлғалық жауапкершілікті.

Оқу топтарындағы психологиялық ахуалдың оң динамикасы мынадай көрсеткіштер арқылы байқалады:

- қарым-қатынастағы жанжалдардың азаюы;
- өзара қолдаудың күшеюі;
- оқушылардың кәсіби көмекке жүгінуге дайындық деңгейінің артуы.

Жоспарға сәйкес, жүйелі түрде жыл сайын колледждің әлеуметтік-психологиялық қызметінің тәрбиелік және профилактикалық жұмыс бағдарламасына енгізілген форум-спектакльдер циклі жүзеге асырылады.

Қойылымдардың тақырыптары өзекті әлеуметтік-психологиялық тәуекелдерді талдау арқылы айқындалып, мазмұндық сабақтастықты сақтайды. Бұл өз кезегінде профилактикалық ықпалдың кезең-кезеңімен тереңдеуін қамтамасыз етеді.

2021–2025 жылдар аралығында колледжде агрессивті мінез-құлықтың алдын алуға, конструктивті өзара әрекеттесу дағдыларын дамытуға және тұлғалық әрі әлеуметтік таңдауларға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыруға бағытталған форум-спектакльдер жүйелі түрде жүзеге асырылды.

«Стоп-буллинг» және «Махаббат +» – білім алушылар мен педагогикалық ұжым арасындағы тәрбие жұмысының басым бағыттарын айқындауға мүмкіндік берді. Ал буллинг, кибербуллинг және әлеуметтік оқшаулану мәселелерін арқау еткен «Жалғыздың үні шықпайды» спектаклі білім алушылар арасында айрықша эмоционалдық әсер туғызып, аталған мәселелердің мәнін тереңірек ұғынуға ықпал етті.

«JAS GALA» қалалық фестиваліне қатысу форум-театр тәжірибесін дамытудағы маңызды кезеңдердің бірі болып, аудитория ауқымын кеңейтуге және аталған әдістің профилактикалық әлеуетін кәсіби тұрғыда жан-жақты талқылауға мүмкіндік берді.

Сонымен қатар, бұл технология ***білім беру ұйымдары басшыларына арналған республикалық біліктілікті арттыру курстары*** барысында таныстырылып, жоғары деңгейдегі кәсіби қызығушылық тудырды.

Системная реализация форум-театра способствует ***развитию:***

- эмпатийных установок;
- критического мышления;
- навыков конструктивного социального взаимодействия;
- осознанной личностной ответственности.

Положительная динамика психологического климата учебных групп проявляется в:

- снижении межличностной конфликтности;
- усилении взаимной поддержки;
- повышении готовности обучающихся обращаться за профессиональной помощью.

На системной и плановой основе ежегодно реализуется ***последовательный цикл форум-спектаклей для обучающихся и педагогов, включенный в Программу воспитательной и профилактической работы социально-психологической службы колледжа.***

Тематика постановок формируется с учетом анализа актуальных социально-психологических рисков и сохраняет преемственность содержания, обеспечивая поэтапное углубление профилактического воздействия.

В период 2021–2025 гг. в колледже последовательно реализовывались форум-спектакли, направленные на профилактику агрессивного поведения, развитие навыков конструктивного взаимодействия и формирование ответственного отношения к личностным и социальным выборам.

Первые постановки – «Стоп-буллинг» и «Любовь+» – позволили определить приоритетные направления воспитательной работы с обучающимися и педагогическим коллективом, а спектакль «Жалғыздың үні шықпайды», посвященный проблемам буллинга, кибербуллинга и социальной изоляции, вызвал мощный эмоциональный отклик у обучающихся.

Важным этапом стало участие в ***городском Фестивале «JAS GALA»,*** что расширило аудиторию и дало возможность профессионального обсуждения профилактического потенциала метода.

Технология также была представлена на ***Республиканском курсе повышения квалификации руководителей образовательных организаций,*** вызвав активный профессиональный интерес.



Форум-театр тәжірибесі жүйелі түрде семинарларда, конкурстарда және әдістемелік кездесулерде студенттердің, кураторлардың және педагогтердің қатысуымен көрсетіліп отырды. Бұл педагогикалық тәжірибелермен алмасуға, кәсіби байланыстарды кеңейтуге және әдістің әртүрлі білім беру контексттерінде жалпыға ортақ екенін дәлелдеуге ықпал етті.

Колледжде форум-театрды жүзеге асыру тәжірибесі оның психологиялық-педагогикалық қолдау құралы ретінде тиімділігін көрсетті. Ол студенттердің қауіпсіз мінез-құлқын қалыптастыруға, эмпатияны дамытуға және әлеуметтік жауапкершілікті арттыруға ықпал етеді.

Инновациялық оқу-тәрбие технологиясы «Форум-театр»:

- эмоционалдық әл-ауқатты нығайтады;
- жанжалдарды конструктивті шешу дағдыларын дамытады;
- сыни ойлауды қалыптастырады.

Бүгінде форум-театр жастардың өзекті мәселелеріне – буллингке, сталкингке, лудоманияға – белсенді түрде назар аударып, орта арнаулы білім беру жүйесіндегі тәрбиелік және профилактикалық жұмыстың тиімді құралы ретінде өзінің маңыздылығын дәлелдеуде.

Осылайша, форум-театр тәжірибесі оның тұрақты педагогикалық әлеуетін көрсетіп, студенттер арасында қауіпсіз мінез-құлық мәдениетін қалыптастырудағы инновациялық тәсілдің үлгісіне айналды.

Опыт форум-театра регулярно демонстрировался на семинарах, конкурсах и методических встречах с участием обучающихся, кураторов и педагогов, способствуя обмену педагогическими практиками, расширению профессиональных связей и подтверждению универсальности метода в различных образовательных контекстах.

Практика реализации форум-театра в колледже показала его эффективность как инструмента психолого-педагогического сопровождения, способствующего формированию безопасного поведения, эмпатии и социальной ответственности обучающихся.

Инновационная учебно-воспитательная технология «Форум-театр»:

- укрепляет эмоциональное благополучие;
- развивает навыки конструктивного разрешения конфликтов;
- формирует критическое мышление.

Сегодня форум-театр продолжает активно функционировать, обращаясь к наиболее актуальным проблемам молодежи: буллингу, сталкингу, лудомании, и подтверждает свою значимость и универсальность как эффективного инструмента воспитательной и профилактической работы в системе среднего профессионального образования.

Таким образом, опыт работы форум-театра демонстрирует его устойчивый педагогический потенциал и служит примером инновационного подхода к формированию культуры безопасного поведения среди обучающихся.

АТА-АНАЛАРҒА
РОДИТЕЛЯМ



МАМАНДЫҚ – ЖҮРЕК ТАҢДАУЫ

БАЛАҒА ӨЗ ЖОЛЫН ТАБУҒА ҚАЛАЙ КӨМЕКТЕСУГЕ БОЛАДЫ?

Адамның жақсы өмір сүруіне
үш сапа негіз бола алады,
олар барлығынан үстем бола алатын адал еңбек,
мінсіз ақыл,
таза жүрек.
Бұл сапалар адамды дүниеге келген күнінен
бастап тәрбиелейді

Шәкәрім Құдайбердіұлы

Бала өсіріп отырған әрбір шаңырақта ерте ме, кеш пе «мектеп бітірген соң балам қандай маман иесі болады?» деген маңызды сұрақ туындайтыны анық.

Әрбір адамның өмірден өз орнын тапқысы келетіні – табиғаттың заңдылығы. Көбінесе біз жұмыс таңдағанда екі нәрсеге қараймыз: ақшасының көптігіне немесе орналасудың оңайлығына.

Өткен ғасырларда адам тағдыры ерте бастан белгілі болатын: жастар қай өлкеде өмір сүретінін де, кім болып жұмыс істейтінін де бала кезден біліп өсетін. Олар туғаннан-ақ әке-шешесінің кәсібін жалғастыратынын немесе айналасындағы адамдар істеп жүрген іспен айналысатынын білетін. Сондықтан оларда «өмірдегі мақсатым не?» деген сияқты артық сұрақтар мен күмәндар болмайтын.

Қазіргі кезде балалардың алдында мүмкіндік өте көп, бірақ «қай жол дұрыс?» деген сұраққа жауап табу қиындап кетті. Сондықтан жастардың арасында болашақтан қорқу, уайымдау және күйзелу(депрессия) сезімдерінің болатыны белгілі. Жастар алдында тұрған мыңдаған мүмкіндіктің ішінен қай бағытқа жүрерін білмей, өздерінің ішкі қалауын түсіне алмай, таңдау жасай алмай қиналады.

ПРОФЕССИЯ – ВЫБОР СЕРДЦА

КАК ПОМОЧЬ РЕБЕНКУ НАЙТИ СВОЕ ПРИЗВАНИЕ?

Основой для хорошей жизни человека
должны стать
честный труд,
совестливый разум,
искреннее сердце...
Без них не обрести в жизни
мира и согласия.

Шакарим Кудайбердиев

В каждой семье, имеющей детей, неизбежно наступает момент сложного вопроса – какую профессию выбрать выпускнику школы?

Стремление найти свое место в мире – естественная потребность любого человека. Очень часто оно дополняется мотивами выгоды (пойду туда, где больше платят) или удобства (пойду туда, куда легче трудоустроиться).

В прошлые века жизнь молодых людей была проще. Все знали, где будут жить до конца жизни, чем будут заниматься. Такое отсутствие выбора придавало ясность. У человека возникало гораздо меньше вопросов о предназначении, когда он с рождения знал, что он скорее всего пойдет по стопам родителей или будет заниматься тем, чем занимается большинство его родственников или соседей.

В наши дни количество вариантов у детей значительно увеличилось, а четкие ответы есть не всегда. Неудивительно, что в настоящее время уровень тревоги и депрессии среди молодежи заметно вырос. Они просто не могут разобраться в количестве вариантов, не могут определиться, чего хотят.



Уильям Дэймон, Стэнфорд университетінің профессоры, өзінің «Мақсатқа жету жолы» атты кітабында былай дейді:

▶ біздің сауалнамаларымызға сәйкес, 12-22 жас аралығындағы балалардың тек 20%-ға жуығы ғана өмірде не нәрсеге қол жеткізгісі келетінін және неліктен екенін нақты біледі;

▶ сауалнамаға қатысқандардың шамамен 60% – өмірде бір нәрсеге қол жеткізгісі келеді, бірақ оған қалай жететінін білмейді;

▶ сауалнамаға қатысқан қалған жастар болашақтан ештеңе күтпейді. Олар алға мақсат қоюдың немесе талпынудың ешқандай мәні жоқ деп есептейді.

Егер бала өз арманына жету үшін, белгілі бір университетке түсуге тырысып, нақты бір мамандықты таңдап жүргенде, ата-анасы оған қарсы шығып: «Жоқ, алдымен біз айтқан дипломды ал, кейін қалағаныңды істерсің» – деп өз дегенін істетсе, бұл баланың болашағына балта шабумен бірдей.

Бала ата-анасына қарсы келе алмай, амалсыз оқуды бітіреді. Бірақ қолында дипломы болғанымен, ол мамандықты ұнатпағандықтан, өмірде өз орнын таба алмайды: бір жұмыстан екіншісіне секіріп немесе мүлдем жұмыс істегісі келмей қалады. Ең жаманы – өз еркінен тыс таңдау жасаған бала кейін өмірде мақсат қоюдан және жауапкершілік алудан қорқатын болады. Оның ішкі жігері өшіп, «бәрібір менің айтқаным болмайды» деген енжар күйге түседі.

Уильям Дэймон, профессор Стэнфордского университета, в своей книге «Путь к цели» говорит:

▶ в наших опросах только около 20% подростков и молодых людей в возрасте от 12 до 22 лет четко представляют, чего хотят достичь в жизни и почему;

▶ бóльшая часть опрошенных (почти 60%) имеют некие смутные устремления, без четких и реалистичных планов;

▶ оставшаяся часть опрошенного молодого населения вообще не выражает никаких надежд, утверждая, что не видят в них смысла.

Но что, если у ребенка есть цель, и он хочет поступить в определенный университет, посещает дополнительные занятия или занимается с репетитором, говоря: «Вот что мне нужно делать, чтобы осуществить свою мечту». А родители, не соглашаясь с выбором сына или дочери, часто говорят: «Нет, сначала получи диплом врача, а потом делай что хочешь».

И дети, как правило, не спорят. И после окончания колледжа или института они просто возвращаются домой образованные, с дипломом в кармане. Другие начинают менять одно место работы за другим или вообще остаются без работы. Детям тяжело, так как им теперь не удается поставить для себя цель жизни и добиться ее реализации.

Өмірлік мақсат – бұл адамның осы дүниеге келуінің басты себебі мен негізгі мәні. **Ол күнделікті кездесетін ұсақ-түйек міндеттерден әлдеқайда жоғары тұрады. Егер адамның күнделікті шаруалары уақытша болса, өмірлік мақсат – бүкіл саналы ғұмырын бағыттайтын темірқазық іспеттес.**

Баланың өмірлік жолын немесе бейімділігін бірге іздеуді неден бастаған жөн?

Ең алдымен, баланы телефон мен компьютерден алшақтатуға тырысып көріңіз. Американдық жазушы Курт Воннегут былай деген екен: ***«Компьютер баланы тек компьютер болуға үйретеді. Ал білімді адам ғана баланы нағыз адам болуға баули алады».***

Осы жерде маңызды бір сұрақ туындайды: сіз баланы гаджеттен не үшін ажыратқыңыз келеді? Оның орнына не ұсына аласыз? Аулада серуендеу ме? Үй тапсырмасын орындау ма? Үй жинау немесе сауда орталығына бару ма? Бұл тізімді әрі қарай өзіңіз де жалғастыра аласыз.

Бірақ баланың компьютерді өз еркімен өшіруінің жалғыз жолы – оған бұдан да қызықтырақ нәрсе табу. Дәлірек айтқанда, ол нәрсені бала сіздің көмегіңіз және қолдауыңыз арқылы өзі тауып алуы керек.

Ондай қызықты дүние өмірде бар. Оның аты – бейімділік немесе сүйікті іс. Шын ниетімен бір іске берілген адам сол іспен айналысу үшін гаджетті өзі-ақ шетке ысырып қояды. Бұл анық нәрсе емес пе? Швейцариялық ұлы педагог-гуманист Песталоццидің пікірінше, бала тіпті 5–7 жастың өзінде-ақ болашақта немен айналысқысы келетінін түсінуге қауқарлы.

Мақаланың басына қайта оралсақ, Шәкәрімнің айтқан ойында неге ол «сәттілік», «туыстардың ықпалына», «ақша» туралы сөз қозғамағанын түсінуге болады.

Өйткені Шәкәрім үшін адамның қадір-қасиеті мен жетістігі сыртқы жағдайға емес, ең алдымен өзінің еңбегіне, ізденісіне, рухани кемелденуіне байланысты еді. Шәкәрім Құдайбердіұлының өмірбаянына көз жүгіртсек, ол туған елінде де, шетелде де құрметке бөленген ақын, жазушы, аудармашы, композитор, тарихшы әрі философ атанар алдында сан түрлі кәсіпті байқап көрген. Ол орыс музыкантынан гармонь, шарманка, скрипка ойнауды үйренді, сурет салумен, тас қашау ісімен айналысты, киім үлгісін жасап, пішіп тікті, скрипка мен домбыра жасады, бәйге аттарын ұстап, бүркітпен аңға шықты. Ал оның рухани ұстазы – ұлы Абай болатын.

Цель жизни – это предназначение человека, основной смысл его появления на свет. **Своей глобальностью она отличается от других задач, которые возникают перед человеком на протяжении всего его пребывания на Земле.**

С чего же начать совместный поиск предназначения или призвания? Для начала попробуйте оторвать вашего ребенка от телефона и компьютера. Курт Воннегут, американский писатель и общественный деятель, заметил: ***«Компьютер может научить ребенка только тому, как самому стать компьютером. Образованный человек может научить ребенка, как стать человеком».***

И тут возникает вопрос: а для чего, собственно говоря, вы хотите, оторвать свое чадо от компьютера? Что вы можете предложить взамен? Прогулки во дворе? Выполнение школьного домашнего задания? Уборку в квартире? Поход в торговый центр? Можете продолжить перечень самостоятельно.

А единственный способ сделать так, чтобы ребенок хотя бы иногда выключал компьютер, – найти для него что-то более интересное. Точнее, чтобы он сам для себя это нашел, но с вашей помощью и ненавязчивым руководством.

И такое интересное существует. Оно называется призвание. Увлеченный чем-то человек отложит гаджет, чтобы заняться тем, чем он увлечен. Это же очевидно, правда? Песталоцци, швейцарский педагог, один из крупнейших педагогов-гуманистов, считал, что уже в 5–7 лет ребенок в состоянии понять, чем ему хочется дальше заниматься.

Вернитесь к началу статьи. Поразмышляйте, почему Шакарим в своем высказывании не упомянул об удаче, везении, влиятельных родственниках, деньгах.

Если обратиться к биографии Шакарима Кудайбердиева, то видно, что прежде чем он стал почитаемым на родине и за рубежом поэтом, писателем, переводчиком, композитором, историком и философом, в юные годы он испробовал много занятий: учился у русского музыканта игре на гармони, шарманке, скрипке, занимался рисованием, работой по камню, моделировал и кроил одежду, изготавливал скрипки и домбры, держал скаковых лошадей, охотился с беркутом. А ведь духовным наставником Шакарима был великий Абай.



Өз балаңыз үшін Абайдай болыңыз! Балаға түрлі саланы таныстыруға тырысыңыз. Сонда ол өзінің нені ұнататынын түсінеді. Ал егер балаға бірден бірнеше іс ұнаса ше? Тамаша! Барлығымен жұмыс істейміз. Уақыт өте келе қажетсіздері өздігінен жоғалады.

Бір немесе бірнеше істі таңдаған соң, біз балаға олармен шындап айналысуға мүмкіндік беруіміз керек, оған барған сайын күрделі шығармашылық міндеттер қоюымыз қажет. Бала гитарист болуды армандай ма? Керемет. Оған кәсіби маманмен шұғылдануы үшін музыкалық студия табамыз. Тарих ұнай ма? Өте жақсы. Оған тарихшылармен – қазіргі және болашақ мамандармен – араласатын тарих үйірмесін табу қажет.

Так станьте Абаем Кунанбаевым для своего ребенка! Познакомьте свое чадо с разными видами деятельности, чтобы ребенок понял, чем ему нравится заниматься. А если ребенку нравится сразу несколько занятий? Отлично! Работаем со всеми. С течением времени ненужные отпадут.

Выбрав какое-то дело или несколько дел, мы должны дать своему ребенку возможность всерьез ими заняться, ставя перед ним более сложные творческие задачи. Ребенок мечтает стать гитаристом? Прекрасно. Находим музыкальную студию, чтобы он занимался с профессионалом. Нравится история? Очень хорошо. Надо найти исторический кружок, где он сможет общаться с историками, настоящими и будущими.

Уильям Деймон бірде он екі жасар баланың анасы екеуімен кеңескенін әңгімелеген. Ол бала хирург-дәрігер болуды армандаған екен. Деймон анасына баланы операцияға апарып, бәрін егжей-тегжейлі көруге мүмкіндік беруді ұсынған. Анасы солай істеген. Операция кезінде анасы өзін жайсыз сезінген, ал бала көзін алмай қарап, өзінің арманына одан сайын қызығушылығы арта түскен.

Уильям Деймон рассказывал, что к нему на консультацию приходил с мамой мальчик 12 лет, который мечтал стать врачом-хирургом. Деймон посоветовал маме повести ребенка на операцию, чтобы он увидел все в деталях и красках. Мама так и сделала. Маме во время операции стало плохо, а ребенок смотрел во все глаза и утвердился в своем желании...

Көбіне біз «кәсіптік бағдар» деген сөзді естиміз. Бірақ «қызметтік бағдар» мен «құштарлық» арасында айырмашылық бар ма? Әрине, бар.

Құштарлық – бұл сенің өмірге келуіңдегі басты мақсатың, өмірлік миссияң.

Кәсіптік бағдар *– бұл қандай мамандықтар бар екенін, олардың қалай дамитынын және мемлекетке қайсысы аса қажет екенін түсіндіретін бағыт.* Алайда өз құштарлығыңды анықтаудың бір құралы ретінде кәсіптік бағдарды қолдануға болады және қолдану қажет, бірақ міндетті түрде адамның жеке бейімділіктерін ескеру қажет.

Часто мы слышим слово – профориентация. Есть ли разница между призванием и профориентацией? Есть и она принципиальная.

Призвание – это то, ради чего тебя призвали на Землю.

А ***профориентация*** *– это рассказ о том, какие существуют профессии, как они развиваются и в каких особенно нуждается государство*. Но как один из инструментов для определения своего призвания профориентацию использовать можно и нужно с учетом своих склонностей.

Әсемпаз болма әрнеге,
Өнерпаз болсаң, арқалан.
Сен де – бір кірпіш, дүниеге
Кетігін тап та, бар қалан!

Абай

Если ты в чем-то талантлив, гордись!
И надежным кирпичиком
В строящуюся стену ложись.

Абай

Болашақ мамандықты таңдауға бағыт-бағдар беретін құралдардың бірі – ***кәсіптік бағдар тестілері.*** Бұл тестілер білікті мамандардың қатысуымен, ғылыми-әдістемелік қағидаларға негізделіп әзірленеді және тұлғаның қабілеті мен қызығушылығын тереңірек тануға мүмкіндік береді. Өз бейімділігіңізді анықтап, болашақ мамандығыңызды саналы түрде таңдауға көмектесетін әртүрлі тегін тестілерді https://proforientator.ru/tests/ сайтынан таба аласыз.

Определиться с профессиональным будущим помогут ***тесты на профориентацию,*** составленные квалифицированными специалистами согласно действенным методологическим принципам. На странице сайта https://proforientator.ru/tests/ можно найти различные бесплатные тесты на определение своей склонности к профессии.

Сонымен қатар, кеңейтілген диагностиканы қамтып, психолог-сарапшының жеке кеңесін ұсынатын ақылы қызмет түрлері де қарастырылған. Мұндай кешенді тестілеу нәтижелері балаңыздың өзіне лайықты бағытты дұрыс таңдауына ықпал етеді.

Балаға ешқашан: «Бүгін бір нәрсені қалайсың, ертең басқа нәрсені. Не істеп жүрсің? Ақша жетпейді ғой!» деген секілді сөздер айтылмауы тиіс. Өйткені ол сізбен бірге өзінің өмірлік жолын іздеп жүр. Бұл – оңай үдеріс емес. Сіздер бірге іздейсіздер, бірге қателесулеріңіз мүмкін – бұл қалыпты жағдай.Өсіп келе жатқан жасөспірімнің қызығушылықтарының өзгеруі – заңды құбылыс, онда ешқандай үрейлі немесе тосын нәрсе жоқ.

Әр кезеңде баланың белгілі бір іске шынайы ықыласпен ден қоюы маңызды. Себебі қызығушылығы бар адам өзін де, қоршаған ортаны да жарқын, жағымды қырынан қабылдайды, әрі өмірден көбірек қуаныш табады.

Әрбір ата-ана үшін ең үлкен бақыт – баласының табысты әрі бақытты ғұмыр кешкенін көру. ***«Көңілсіз бастаған іс көпке бармайды»*** деген халық даналығының өзінде-ақ маңызды ой жатыр. Демек, жүрек қалауымен басталмаған іс шынайы табысқа жеткізбейді.

Әзірлеген
Е. М. Песина,
редактор,
«Өркен»балалардың әл-ауқатын арттыру ұлттық ғылыми-практикалық институты,
Алматы қ.

Также существуют платные сервисы, которые предлагают расширенную диагностику и консультацию психолога-эксперта для индивидуального подбора профессий. Возможно результаты этого тестирования помогут сделать вашему ребенку более правильный выбор.

И ни в коем случае в адрес ребенка не должны звучать такие слова: «Ты сегодня хочешь одно, а завтра другое! Что ж это такое? Никаких денег не напасешься!» Ваш ребенок с вашей помощью ищет дело жизни. А это нелегкий труд. Вы ищете вместе, вместе можете ошибиться – это нормально. И нет ничего страшного в том, что у взрослеющего человека будут меняться увлечения.

Главное, чтобы на каждом этапе своей жизни ребенок был чем-то увлечен. Человек, увлеченный чем-то, позитивней видит себя и мир, нежели тот, у кого увлечения нет. И чаще чувствует себя счастливым.

А не самая ли это большая радость для пап и мам – видеть своего ребенка успешным и счастливым? Мы находим подтверждение этому в народной мудрости: ***«Көңілсіз бастаған іс көпке бармайды! – Дело, начатое без души, ко многому не приведет!»***

Подготовила
Е. М. Песина,
редактор,
Национальный научно-практический институт благополучия детей «Өркен»,
г. Алматы

HTTPS://PROFORIENTATOR.RU/TESTS/
HTTPS://IDEANOMICS.RU/ARTICLES/20292
HTTPS://WWW.B17.RU/ARTICLE/714401/
HTTPS://WWW.LITRES.RU/BOOK/ANDREY-MAKSIMOV/KAK-POMOCH-SVOEMU-REBENKU-NAYTI-PRIZVANIE-68836122/CHITAT-ONLAYN/
HTTPS://PSYCENTER.BY/ARTICLES/KAK-POMOCH-REBENKU-NAJTI-PRIZVANIE-SOVETY-DLYA-RODITELEJ
HTTPS://DZEN.RU/A/YWOYPZXSVF6OUB25



ЖАҚСЫ СӨЗ – ЖАРЫМ ЫРЫС

БАЛАЛАРДЫ АШУЛАНДЫРАТЫН 9 СӨЗ ТІРКЕСІ

Өз балаларына ешқашан ашуланбағанын немесе ренжімегенін айтып мақтана алатын ата-ана сирек кездеседі. Дегенмен, көп жағдайда біз балаларымыздың да бізге дәл осылай ренжіп, көңілі қалуы мүмкін екенін ескере бермейміз. Шын мәнінде, баланың реніші көбіне сыртқы себептерден емес, ата-ананың сөзі мен іс-әрекетінен туындайды. Сондықтан әрбір айтылған сөз бен жасалған әрекет баланың сезіміне әсер ететінін ұмытпау керек.

Әрқайсымыз бала кезімізде түрлі реніш пен ашуға бой алдырған сәттерді бастан өткердік. Көпшілігіміздің есімізде үлкендердің әділетсіз әрекеттері, орынсыз айтылған сөздері, кейде тіпті әзіл түрінде болса да жүрекке бататын ащы қалжыңдары сақталып қалған. Сондай-ақ жеке шекарамыздың ескерілмей, еркімізге қарсы бұзылған кездері де ұмытылмайды. Сондықтан бүгінгі таңда біздің балаларымыздың да дәл осындай нәрселерге шамданып, ашылануы таңғаларлық жағдай емес.

ДОБРОЕ СЛОВО – СВЕТЛОЕ БУДУЩЕЕ

9 ФРАЗ, КОТОРЫЕ РАЗДРАЖАЮТ ДЕТЕЙ СИЛЬНЕЕ ВСЕГО

Мало кто из родителей может похвастаться тем, что никогда не испытывал досады или раздражения по отношению к своим отпрыскам. Но мы редко признаемся самим себе в том, что наши дети полностью разделяют эти чувства в отношении мам и пап. И зачастую повод для этого дают сами родители...

Все мы, раздражительные и не очень, родом из детства. И наверняка у многих из нас сохранились воспоминания о тех моментах, когда взрослые вели себя с нами просто возмутительно: говорили какие-то глупости, отпускали едкие шуточки или бесцеремонно вторгались в наше личное пространство. Ничего удивительно, что сегодня у наших собственных детей вызывают негодование практически те же вещи.

Психологтер 7 – 14 жас аралығындағы балалар арасында сауалнама жүргізіп, ересектер қолданатын қандай сөздердің балаларды ашуландыратынын анықтады.

▶ ***«Мұны саған білуге әлі ерте»***, ***«Саған арналған әңгіме емес», «Көп білсең, тез қартаясың» немесе «Бесіктен белің шықпай жатып»*** деген сөздер кез келген жастағы балалардың қарсылығын тудырады. Бала өз ойын толық жеткізе алмаса да, мұндай тіркестер көңіліне тиіп, жағымсыз әсер етеді. Өйткені мұндай сөздер арқылы үлкендер баланы елемейтінін, оның пікірін маңызды санамайтынын білдіреді. Әсіресе, бұл сөздер өзге адамдардың көзінше айтылса, балаға тіпті ауыр тиеді.

▶ ***«Өйткені мен солай айттым».*** Балалардың «неге?» деген сұрағына берілетін мұндай жауап әдеп нормаларына сай келмейді. Бұдан бөлек, ол балаға деген құрметтің жеткіліксіздігін, оның пікіріне мән берілмейтінін аңғартады. Көп жағдайда ата-аналар бұл сөзді өз ықпалына сүйеніп айтады. Алайда өзара сыйластық болмаса, абыройдың да ұзаққа бармайтынын ескере бермейді.

▶ ***«Сен ештеңені дұрыс істемейсің».*** деген сияқты сөздер жиі қолданылады. «Әрқашан», «ешқашан», «үнемі», «тұрақты түрде» сияқты жалпылаушы сөздер көптеген ересектердің сөйлеуінде жиі кездеседі. Алайда «сен салақсың», «сен маған үнемі дөрекі сөйлейсің», «сен ешқашан уақытында келмейсің» деген секілді қатаң жалпылама тіркестер көп жағдайда әділетсіз болып келеді. Екіншіден, мұндай сөз тіркестері ата-ана күткен нәтижеге керісінше әсер етеді. Яғни, баланы түзелуге ынталандырудың орнына, оның өзіне деген сенімін төмендетіп, өзін-өзі дамытуға деген құлшынысын әлсіретеді.

▶ ***«Сен ұмытпадың ба...»*** деген сұрақтың өзінен-ақ балаға деген сенімнің жеткіліксіздігі сезіледі. «Үй тапсырмасын ұмытпадың ба?», «Ауыстыратын аяқкиімді жоғалтпадың ба?» секілді үнемі бақылауға бағытталған сұрақтар ата-ананың бәрін қадағалап отыруға ұмтылысын көрсетеді. Дегенмен мұндай тәсіл баланың дербес шешім қабылдауына және өз іс-әрекетіне жауапкершілікпен қарауына кедергі келтіруі мүмкін. Күні бойы бірнеше рет қайталанатын бірсарынды ескертулер бала тарапынан әдеттегі мазасыз бақылау немесе жағымсыз ызың ретінде қабылданып, көбіне ішкі ашу-ыза мен қарсылық сезімін туындатады.

Психологи, проведя опрос среди детей от 7 до 14 лет, выяснили, какие фразы, популярные у взрослых, сильнее всего раздражают подрастающее поколение.

▶ ***«Тебе еще рано это знать», «Это не для твоих ушей», «Много будешь знать, «быстро состаришься»*** и прочие вариации на тему ***«Нос еще не дорос»*** закономерно вызывают протест у детей любого возраста. С точки зрения детей (даже если они еще не в состоянии выразить свою мысль), это весьма обидные фразы, которые по своей сути дают ребенку понять (причем в весьма невежливой форме), что старшие не воспринимают его всерьез. Особенно неприятно, если подобное говорится в присутствии посторонних.

▶ ***«Потому что я так сказал(а)».*** Типичный родительский ответ на детские «почему» также не укладывается в рамки этикета. Более того, он демонстрирует неуважение и пренебрежение к юному собеседнику. Как правило, родители используют эту фразу, полагаясь на силу своего авторитета, но при этом забывают, что без взаимного уважения он попросту не жизнеспособен.

▶ ***«Ты вечно делаешь все не так».*** Слова «всегда», «никогда», «вечно», «постоянно» входят в число самых употребительных у очень многих взрослых. Однако категоричные обобщения из серии «как неаккуратно ты все делаешь», «ты вечно мне грубишь», «ты никогда не приходишь вовремя», во-первых, чаще всего бывают несправедливыми уже потому, что ребенок наверняка хотя бы иногда обходится без грубостей и опозданий. А во-вторых, такие фразы приводят к результату, прямо противоположному тому, на какой рассчитывают родители. Вместо того чтобы помочь ребенку исправиться, они отбивают у него всякую охоту поработать над собой.

▶ ***«Ты не забыл, что...»*** В самой формулировке этого вопроса уже скрыто недоверие к ребенку. «Про уроки не забыл?», «Сменку не потерял?» и тому подобные родительские попытки держать все под контролем приносят детям мало пользы. Они лишают их возможности самостоятельно принимать решения и нести ответственность за свои поступки. Однообразные вопросы, задаваемые по несколько раз на дню, воспринимаются детьми как привычное ворчание и, кроме раздражения, не вызывают никаких эмоций.



▶ ***«Мектептегі оқуың қалай?»*** деген сұрақ арқылы ересектер әдетте баламен әңгіме өрбіткісі келеді. Баладан «жақсы» деген үйреншікті жауапты естіген соң, ата-ана өз міндетін орындағандай сезініп, күнделікті шаруасына кірісіп кетеді. Алайда тереңірек үңілсек, мұндай жағдайдың астарында өкінішті бір жайт бар. Өйткені ата-ана баланы не қуантатыны, не алаңдататыны немесе ішкі толғаныстарын шынайы түсінуге ұмтылмай, көбіне тек оның оқу үлгерімімен шектеліп қояды.

▶ ***«Ал көрші Маржан...»*** деген сияқты салыстырулар көп ата-ана тарапынан баланы ынталандырудың тиімді тәсілі ретінде қабылданады. Олар осылайша бала басқаларға қарап үлгі алып, жақсы нәтижеге ұмтылады деп ойлайды. Алайда мұндай салыстырулардың әсері көбіне керісінше болады: балада ішкі қарсылық, реніш пайда болып, «Онда сол Маржаныңды жақсы көре бер» дегендей эмоциялық алшақтық қалыптасуы мүмкін. Жалпы алғанда, ересектердің өздері де үнемі біреумен салыстырылғанды жағымды қабылдай қоймайтыны белгілі.

▶ ***«Сен кімді көбірек жақсы көресің – анаңды ма, әлде әкеңді ме?» –*** мазмұны тұрғысынан қисынсыз сұрақтардың бірі. Соған қарамастан, мұндай сұрақтар бала сөйлей бастаған кезден-ақ ересектер арасында жиі қойылып жатады. Көбіне бұл жай қызығушылық ретінде айтылғанымен, оның жауабы балалардың түсінбеушілікке толы жүзінен-ақ байқалады. Мұндай таңдауға мәжбүрлейтін сұрақтар жиілеген сайын, бала ересектердің ойлау жүйесіне күмәнмен қарай бастайды немесе ерте жастан-ақ жағдайға бейімделіп, сұрақ қойған адамның көңілінен шығатын жауап беруге дағдыланады.

▶ ***«Как дела в школе?»*** Этот вопрос, как правило, обычно брошенный на ходу, довольно часто становится единственной попыткой взрослых наладить диалог с ребенком. Услышав дежурное «нормально», родители считают свой долг выполненным и отправляются заниматься своими делами. Хотя, если разобраться, очень обидно, когда мама или папа, вместо того чтобы поинтересоваться, что тебя радует, огорчает или тревожит, задает вопросы исключительно об успехах в учебе.

▶ ***«А вот Маржан из соседнего подъезда...»*** Многие родители искренне верят, что обращенные к детям призывы брать пример с соседей, друзей и одноклассников поощряют их добиваться больших успехов. Но не тут-то было: когда мы ставим ребенку в пример других детей, это вызывает лишь протест и раздражение из серии «Ну и люби свою Маржан...» А интересно, сами папы с мамами любят, когда их с кем-то сравнивают?

▶ ***«Ты кого больше любишь – маму или папу?»*** Самый нелепый вопрос, который только можно придумать. Тем не менее он становится весьма популярным среди взрослых буквально с того момента, как только малыш начинает говорить. Задают его, надо полагать, из праздного любопытства, а в ответ получают недоумение на детских лицах. И чем чаще дети оказываются перед этой странной дилеммой, тем больше они сомневаются в способности взрослых теть и дядь мыслить адекватно, либо с пеленок учатся хитрить, выдавая тот ответ, который хочет услышать спрашивающий.





▶ ***«Өскенде кім болғың келеді?»*** деген сұрақты ересектер жиі қояды. Көбіне олар «дәрігер болғым келеді» деген сияқты үйреншікті, қалыпты жауап естіп, әңгімені сол жерден аяқтай салуды күтеді. Ал баланың нақты бір мамандықты бірден айқындай алмауы кейде орынсыз күрделі мәселе ретінде қабылданып, «қазіргі балалар мүлде ештеңеге қызықпайды» деген үстірт пікірлерге дейін алып келеді.

▶ ***«Біздің Жақсылыққа қандай келін өсіп келе жатыр!»*** деген сияқты сөздер балалардың көзінше айтылғанда, ересектер көбіне мұны әзіл не жылы лебіз ретінде қабылдап, сүйсініп жымиып жатады. Ал бала үшін бұл сөздер көбіне түсініксіз әрі ыңғайсыз жағдай туғызады. Шын мәнінде, «мені сұрамай-ақ тағдырымды алдын ала шешіп қойғандай» әсер қалдыру ешкімге жағымды болмайды. Егер анасы немесе әжесі мұндай әңгімелерді жиі айтып, «құда түсу» секілді рөлдерді тұрақты түрде қозғап отырса, бұл бала тарапынан табиғи түрде қарсылық пен ішкі наразылық туындатуы әбден мүмкін.

Қарап тұрсақ, ересектер кейде балаға түсініксіз не қызықсыз болып көрінуі мүмкін. Мұны көпшілік аса маңызды мәселе деп те қабылдай бермейді. Әсіресе баламен сирек араласатын таныстар мен туыстар қиындық тудырмайтындай көрінеді.

Алайда шын мәнінде, бала ең алдымен өзіне ең жақын жандарынан түсіністік пен қолдауды күтеді. Дәл осы сезімдер оның психологиялық саулығы мен ішкі тұрақтылығының берік негізін құрайды.

Сондықтан да ежелгі даналықта айтылғандай: «Әке мен ана, балаларыңды ашуландырмаңдар, олардың үмітін сөндіріп алмаңдар» деген ойдың мәні тереңде жатса керек.



▶ ***«Кем ты хочешь стать, когда вырастешь?»*** Этот вопрос обычно любят задавать знакомые взрослые, ожидая услышать в ответ что-нибудь стандартное вроде «Хочу быть врачом», и в тот же момент забыть об этом. Отсутствие же у ребенка склонности к какой-либо профессии воспринимается почти трагически – эти современные дети совсем ничего не хотят!

▶ ***«Какая невеста выросла для нашего Жаксылыка!»*** Фразы про женихов и невест, произносимые в присутствии детей, заставляют старших расплываться в приторной улыбке, а младших – краснеть от смущения. Действительно, в ситуации из разряда «без меня меня женили» мало кто чувствует себя уютно. Если же мама или бабушка регулярно выступают в роли свахи, то это не может не вызывать у ребенка возмущения...

Казалось бы, ну что такого, если взрослые иногда кажутся ребенку надоедливыми или непонятливыми. Если речь идет о знакомых и родственниках, с которыми дитя видится редко, то в этом и вправду нет ничего особенного.

Но вот от близких ребенок ждет прежде всего понимания и поддержки, которые, в свою очередь, являются залогом его психологического благополучия.

Может быть, об этом говорит нам древняя истина: «Отцы и матери, не раздражайте детей ваших, чтобы они не унывали»?

БАЛАЛАРҒА ДЕТЯМ





ДОСТЫҚ ПЕН БАУЫРЛАСТЫҚ БАЙЛЫҚТАН ҚЫМБАТ

«БАЙДЫҢ БАЛАСЫ» – ШЫНАЙЫ ӨМІРЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАР ТУРАЛЫ ФИЛЬМ

«Байдың баласы» *– 2025 жылы жарық көрген қазақстандық комедия.*

Бұл фильмде басты кейіпкердің өмірі арқылы біз *байлықтың шынайы мәнін, достықтың қадірін және адалдықтың құндылығын көреміз.*

Фильмнің басты кейіпкері – 13 жасар Арман, бай отбасында өскен, ештеңеге мұқтаж болмаған бала. Оның әкесі – табысты бизнесмен Әділ, ал анасы Меруерт барлық қалауын орындап отыр. Арманның ерке мінезі айналасындағыларды шаршатады.

Бір күні ата-анасы іссапарға кетіп, Арманды әкесінің көпбалалы досы Жәнібектің үйіне қалдырады. Бұл үйде Арман алғаш рет тұрмыстың басқа қырын, қарапайым өмірдің қиындықтарын, еңбектің қадірін, достықтың шынайылығын көреді.

ДРУЖБА ДА БРАТСТВО ДОРОЖЕ БОГАТСТВА

«БАЙДЫҢ БАЛАСЫ» – ФИЛЬМ ОБ ИСТИННЫХ ЦЕННОСТЯХ ЖИЗНИ

«Байдың баласы» *– казахстанская кинокомедия, вышедшая на экраны страны в 2025 г.*

Через историю главного героя показаны *истинное значение богатства, ценность дружбы и важность честности.*

Главный персонаж – 13-летний Арман, выросший в обеспеченной семье, где у него было все необходимое. Его отец – успешный бизнесмен Әділ, а мать Меруерт исполняла все желания сына. Избалованный Арман утомлял окружающих.

Однажды родители уезжают в командировку и оставляют Армана в доме друга отца – Жәнібека, у которого большая семья. Здесь мальчик впервые сталкивается с другой стороной жизни: трудностями быта, ценностью труда и искренностью дружбы.



Байлыққа үйренген бала алғаш рет қарапайым өмірді көреді. Жәнібектің балаларын менсінбеген Арман біртіндеп олардың адалдығын, шынайы көңілін бағалай бастайды. Тіпті олармен бірге жұмыс істеп, еңбектің қиын да қызықты екенін сезінеді.

Арманның Жәнібектің үйіне келуі ата-анасының құрған тәрбиелік жоспары еді. Арманның өмірі күрт өзгеріп, ол байлықтан да маңызды құндылықтарды түсіне бастайды.

Арманның достарымен қарым-қатынасы, қиындықтарды жеңуі, әділдікке ұмтылысы – барлығы көрерменге ой салады. Балалар фильмді көргенде өздерін кейіпкермен салыстырып, «Мен қандай дос боламын?», «Мен әділдік үшін күресе аламын ба?» деген сұрақтарға жауап іздейді.

Фильмде байлықтың сыртқы дүние екені, ал шынайы байлықтың жүректе екені айқын көрсетіледі. Бұл ой балаларға қарапайымдылықты, мейірімділікті және адалдықты бағалауды үйретеді. Әрбір бала өз өмірінде батылдық пен мейірімділікті таңдаса, болашағы жарқын болатынын түсінеді.

Привыкший к роскоши Арман поначалу пренебрежительно относится к детям Жәнібека, но постепенно начинает ценить их честность и доброту. Вместе с ними он пробует работать и понимает, что труд может быть тяжелым, но увлекательным.

Оказывается, приезд Армана в дом Жәнібека был частью воспитательного плана родителей. Жизнь мальчика меняется: он осознает, что есть ценности важнее материального богатства.

Отношения Армана с новыми друзьями, преодоление трудностей и стремление к справедливости заставляют зрителей задуматься. Дети, смотря фильм, сравнивают себя с героем и задаются вопросами: «Каким другом я являюсь?», «Смогу ли я бороться за справедливость?»

Фильм ясно показывает: внешнее богатство – лишь оболочка, а истинное богатство живет в сердце человека. Эта мысль учит детей ценить простоту, доброту и честность. Каждый ребенок понимает: если он выберет смелость и доброту, его будущее будет светлым.



«Байдың баласы» **– тек комедия емес, ол балаларға *өмірлік сабақ беретін туынды.* Фильмді көргенде балалар достықтың, адалдықтың және әділдіктің маңызын ұғынады. Бұл құндылықтар олардың болашақ өмірінде үлкен рөл атқарады.**

Фильмнің тәрбиелік мәні зор. Ол балаларды ойлануға, өз әрекеттерін бағалауға және дұрыс жолды таңдауға жетелейді. Әрбір көрініс балаларды жақсылыққа шақырады. Фильмді көрген соң балалар өз өмірінде мейірімнің шынайы мәнін тереңірек түсінеді.

«Байдың баласы» **– не просто комедия, а *произведение с глубоким воспитательным смыслом.* Оно помогает детям осознать важность дружбы, честности и справедливости – ценностей, которые сыграют огромную роль в их будущем.**

Каждая сцена фильма трогает сердца детей и призывает их к добру. После просмотра они стараются поставить доброту и справедливость на первое место в своей жизни...

HTTPS://WWW.KINOPOISK.RU/FILM/8251723/?UTM_REFERRER=WWW.GOOGLE.COM



МУЛЬТФИЛЬМ КӨРГЕНДЕ, ЕСЕЙГЕНІҢДІ ҰМЫТАСЫҢ

КОГДА СМОТРИШЬ МУЛЬТФИЛЬМ, ЗАБЫВАЕШЬ, ЧТО ВЫРОС

ҚОЛТЫРАУЫНҒА НЕ БОЛДЫ?

«Қолтыраунға не болды?» *– 1982 жылы түсірілген қысқа метражды мультипликациялық фильм, «Көңілді карусель» мультипликациялық альманахының үш сюжетінің екіншісі.*

Мультфильм бар болғаны 3 минут 40 секундқа созылса да, оның берер жүгі мен мағынасы өте терең.

ЧТО СЛУЧИЛОСЬ С КРОКОДИЛОМ?

«Что случилось с крокодилом?» *– короткометражный рисованный мультипликационный фильм, созданный в 1982 г., второй из трех сюжетов мультипликационного альманаха «Веселая карусель».*

Мультфильм длится всего 3 минуты 40 секунд, но как много всего вместил в себя этот хронометраж!



Оқиға қолтырауындар қауымында өрбиді. Олар өз тілдерінде сөйлескендіктен, мультфильм орыс тіліндегі аудармамен берілген.

Қолтырауындар құм үстінде жұмыртқадан балапандардың шығуын күтіп отырады. Бір кезде жұмыртқалар жарылып, кішкентай қолтырауындар суға қарай жүгіре бастайды.

Алайда жұмыртқаның бірінен өзгелерге мүлдем ұқсамайтын балапан шығады. Бұған таңғалған «әкесі» одан қашуға тырысады. Бірақ ештеңені түсінбейтін бекүнә балапан оны «әке» деп шақырып, соңынан қалмайды.

Осы сәтте қолтырауындар қоғамы араласып, ерекше баланың әкесін айыптай бастайды. Тіпті, «өзгеше» балапанды жеп қоюды ұсынады. Өйткені бұл қауымда бәрі бірдей болуы тиіс, ешқандай ерекшелік қабылданбайды.

Бірақ уақыт өте келе қолтырауынның бойында балапанға деген әкелік махаббат оянады. Ол оны тамақтандырып, тәрбиелеп, ертегі оқып береді. Өзгелер оны мазақтап, қабылдамаса да, ол өз жолынан қайтпайды.

Балапан өсе келе қанат қағып, ұшуды үйренеді. Тек өзі ұшып қана қоймай, әкесін де көкке көтереді.

Қалған қолтырауындар төменнен таңданыспен қарап тұрғанда, әкесі мен баласы күнге қарай бірге самғап бара жатады...

Сам мультфильм выстроен очень интересно. Перед нами сообщество крокодилов. Они разговаривают на своем крокодильем языке, и поэтому их фразы переведены на человеческий язык (русский).

Крокодилы сидят на песке и ждут, когда из яиц вылупятся маленькие крокодилята. И вот процесс пошел: яйца разбиваются одно за другим, маленькие крокодильчики бегут к воде и вдруг...

У одного из крокодилов вылупляется странный детеныш – не такой, как все. Он не крокодильчик, он птенец. Его «папа» в шоке и пытается убежать от своего «ребенка». Но птенец настойчиво зовет крокодила папой и считает своим родителем. Он же еще ребенок и не понимает, почему «папа» стыдится его!

А тут еще и крокодилье общество подключается, начинает осуждать отца особенного ребенка и советует ему съесть птенца: все должны быть обычными, не нужны нам тут никакие странные и с особенностями. Нам нормальные крокодилы нужны, а не вот этот ваш с крылышками...

Но постепенно крокодил проникается любовью к своему странному ребенку. Он начинает его кормить и воспитывать, читает ему на ночь сказки, тогда как остальные не признают его и всячески насмехаются...

Постепенно птенец подрос и в один прекрасный день полетел. И научил летать своего зеленого папу.

И под изумленные взгляды остальных крокодилов папа с сыном вместе полетели навстречу солнцу...

HTTPS://YOUTU.BE/NECFYNGF-SW?SI=89MBOJVV8JG25BJQ



ИНТЕРНЕТ: ҚАЛАУ МЕН ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚҚА САЙ ТАҢДАУ

ӨЗ РЕСУРСЫҢДЫ ТАҢДА

Аспаздық сабақтар

▶ ***YouTube:*** *балаларға арналған аспаздық арналар*

YouTube платформасында балаларға арналған қарапайым және қызықты рецепттерді табуға арналған көптеген арналар бар. Балалар қадамдар бойынша нұсқауларды орындау арқылы тамақ дайындауды үйрене алады.

ИНТЕРНЕТ: ВЫБОР ПО ЖЕЛАНИЮ И ИНТЕРЕСАМ

ВЫБЕРИ СВОЙ РЕСУРС

Кулинарные мастер-классы

▶ ***YouTube:*** *кулинарные каналы для детей*

На YouTube есть множество каналов, посвященных кулинарии для детей, где можно найти простые и увлекательные рецепты. Дети могут учиться готовить, следуя пошаговым инструкциям.



Шығармашылық сабақтар

▶ ***Skillshare:*** *шығармашылық курстар*

Skillshare сурет салу, кескіндеме және басқа да шығармашылық сабақтарды ұсынады. Кейбір курстар тегін немесе тіркелу арқылы қол жетімді. Платформа көркемдік дағдыларды дамыту үшін өте қолайлы.

▶ ***YouTube:*** *сурет салу және шығармашылық*

YouTube-тан сурет салу және басқа да өнер түрлері бойынша көптеген бейне оқулықтарды табуға болады. Балалар нұсқауларды орындап, өз туындыларын жасай алады.

Творческие мастер-классы

▶ ***Skillshare:*** *творческие курсы*

Skillshare предлагает разнообразные уроки по рисованию, живописи и другим видам творчества. Некоторые курсы бесплатны или доступны по подписке. Платформа идеальна для развития художественных навыков.

▶ ***YouTube:*** *рисование и творчество*

На YouTube можно найти множество видеоуроков по рисованию и другим видам искусства. Дети могут следовать за инструкциями и создавать свои шедевры.



Ғылыми эксперименттер

▶ ***YouTube:*** *балаларға арналған ғылыми эксперименттер*

Бейнесабақтарда үйде жасауға болатын қарапайым, әрі қауіпсіз тәжірибелер көрсетіледі. Бұл – балалардың ғылымға қызығушылығын оятудың тамаша тәсілі.

Научные эксперименты

▶ ***YouTube***: *научные эксперименты для детей*

Видеоуроки показывают простые и безопасные эксперименты, которые можно проводить дома. Это отличный способ заинтересовать детей наукой.



Кітаптарды онлайн оқу

▶ ***Project Gutenberg:*** *тегін электрондық кітаптар*

Бұл ресурс классикалық балалар шығармаларын қоса алғанда, 60 000-нан астам тегін электронды кітаптарды ұсынады. Оңай қол жетімділік және әртүрлі құрылғыларда оқу мүмкіндігі бар.

▶ ***Libby***

Жергілікті кітапханалардан электронды және аудиокітаптарды оқуға арналған қосымша. Көптеген материалдарға қол жеткізу үшін кітапхана билеті болуы керек.

Чтение книг онлайн

▶ ***Project Gutenberg:*** *бесплатные электронные книги*

Этот ресурс предлагает более 60 000 бесплатных электронных книг, включая классические детские произведения. Легкий доступ и возможность читать на разных устройствах.

▶ ***Libby***

Приложение для чтения электронных и аудиокниг из местных библиотек. Просто нужно иметь библиотечный билет, чтобы получить доступ к множеству материалов.



Виртуалды экскурсиялар

▶ ***Google Arts & Culture:*** *виртуалды экскурсиялар*

Платформа бүкіл әлем бойынша мұражайларға, галереяларға және тарихи орындарға виртуалды турларды ұсынады. Балалар үйден шықпай-ақ өнер мен мәдениетті зерттей алады.

▶ ***Хайуанаттар бағы:*** *Virtual Zoo*

Сан-Диего хайуанаттар бағы жануарларды көруге және олар туралы көбірек білуге болатын виртуалды экскурсиялар мен тікелей эфирлерді ұсынады.

Виртуальные экскурсии

▶ ***Google Arts & Culture:*** *виртуальные экскурсии*

Платформа предлагает виртуальные туры по музеям, галереям и историческим местам по всему миру. Дети могут исследовать и изучать искусство и культуру, не выходя из дома.

▶ ***Зоопарки:*** *Virtual Zoo*

Сан-Диегоский зоопарк предлагает виртуальные экскурсии и прямые трансляции, где можно наблюдать за животными и узнавать о них больше.



Тілдерді оқыту

▶ ***Duolingo***
Бұл тіл үйренуге арналған ойындарды ұсынатын ақысыз бағдарлама және веб-сайт. Сабақтар ойын түрінде құрылады, бұл оқытуды тиімді және сонымен бірге қызықты етеді.

▶ ***Babbel***
Платформа бірнеше тіл бойынша курстар ұсынады. Тегін сынақ сабақтары қолжетімді. Тілді ыңғайлы форматта үйренгісі келетін балалар үшін өте қолайлы.

Обучение языкам

▶ ***Duolingo***
Это бесплатное приложение и веб-сайт, предлагающие игры для изучения языков. Уроки построены в игровой форме, что делает обучение эффективным и в то же время увлекательным.

▶ ***Babbel***
Платформа предлагает курсы по нескольким языкам. Доступны бесплатные пробные уроки. Хорошо подходит для детей, которые хотят учить языки в удобном формате.

Логиканы дамытуға арналған ойындар

▶ ***Lumosity***
Платформа жадты, зейінді және логикалық ойлауды дамытуға арналған әртүрлі ойындар ұсынады. Жеке тәсіл балалардың қабілеттерін дамытуға көмектеседі.

▶ ***Brain Metrix***
Сайт интеллектті дамытуға арналған түрлі ойындар мен тесттерді ұсынады, оның ішінде жад пен логикаға байланысты тапсырмалар да бар.

Игры для развития логики

▶ ***Lumosity***
Платформа предлагает разнообразные игры для тренировки памяти, внимания и логического мышления. Персонализированный подход помогает детям развивать свои навыки.

▶ ***Brain Metrix***
Сайт предлагает различные игры и тесты для тренировки интеллекта, включая задачи на память и логику.



Караоке және музыкалық ойындар

▶ ***Smule***
Балалар сүйікті әндерін айтып, өз орындауларын жазып алып, оларды достарымен бөлісе алатын караоке-қосымша.

▶ ***YouTube караоке***
YouTube-те балалар ән айту үшін қолдана алатын ән мәтіндері бар көптеген караоке-арналар бар.

Караоке и музыкальные игры

▶ ***Smule***
Караоке-приложение, где дети могут петь любимые песни, записывать свои выступления и делиться ими с друзьями.

▶ ***YouTube караоке***
На YouTube множество караоке-каналов с текстами песен, которые дети могут использовать для пения.



Оқытушы подкасттар

▶ ***Apple Podcasts:*** *балаларға арналған подкасттар*

Платформа балаларға қызықты болатын түрлі тақырыптар бойынша – әңгімелер мен ғылыми деректерді қоса алғанда – подкасттардың кең таңдауын ұсынады.

▶ ***Spotify***

Spotify платформасында балаларға арналған подкасттар бөлімі бар, мұнда қызықты әрі танымдық бағдарламаларды табуға болады.

Обучающие подкасты

▶ ***Apple Podcasts:*** *подкасты для детей*

Платформа предлагает широкий выбор подкастов на различные темы, включая истории и научные факты, интересные для детей.

▶ ***Spotify***

На Spotify есть раздел с подкастами для детей, где можно найти интересные и познавательные программы.



Балаларға арналған блогтар мен тапсырма сайттары

▶ ***Funology***

Сайт балаларға арналған көңіл көтеру, ойындар, байқаулар мен шығармашылыққа қатысты көптеген идеяларды ұсынады. Мұнда балаларға арналған түрлі қызықты әрекеттерді табуға болады.

▶ ***Education.com***

Бұл ресурс әртүрлі жастағы балаларға арналған оқу ойындарын, жұмыс парақтары мен түрлі пәндер бойынша тапсырмаларды ұсынады.

Осы ресурстардың барлығы балаларға қызықты әрі тартымды түрде оқып, көңіл көтеруге мүмкіндік береді.

Детские блоги и сайты с заданиями

▶ ***Funology***

Сайт предлагает идеи для развлечений, игр, конкурсов и творчества. Здесь можно найти множество интересных активностей для детей.

▶ ***Education.com***

Ресурс предлагает множество образовательных игр, рабочих листов и заданий по различным предметам для детей разного возраста.

Все эти ресурсы помогут детям развлекаться и обучаться в интересной и увлекательной форме.

психолога
КЕНЕСІ
страница
психолога
КЕНЕСІ
страница
психолога
КЕНЕСІ



БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН | ДЕТЯМ |

Кросс-марш – зейінді жақсартуға арналған 3 минуттық жаттығу

Мақсаты: Зейінді жақсарту, мидың оң және сол жақ жартышарларының байланысын нығайту, мазасыздық пен ішкі кернеуді басу.

Егер басыңыз айналса, бұл жаттығуды жасауға болмайды!

Не қажет: еркін тұруға (немесе отыруға) болатын бос орын.

Уақыты: 2–3 минут.

Нұсқаулық

1. Тік тұрыңыз, аяқты иық деңгейінде ашып, қолды бос ұстаңыз.
2. 3 рет терең дем алып, деміңізді шығарыңыз.
3. Бір орында баяу адымдауды бастаңыз. Сол жақ тізеңізді көтеріп, оған оң жақ шынтағыңызды тигізіңіз. Содан кейін керісінше: оң жақ тізе + сол жақ шынтақ. Осылайша кезек-кезек қайталаңыз.
4. Тізені көтеріп, шынтақты тигізгенде – дем алыңыз; аяқты түсіргенде – дем шығарыңыз. Асықпай, бірқалыпты қозғалыңыз.

Кросс-марш – 3 минуты для фокуса

Цель: быстро улучшить внимание, межполушарную координацию и снять легкое напряжение и тревогу.

Никогда не делать, если кружится голова!

Что нужно: место, где можно спокойно встать (или сидеть).

Выполнять в течение 2–3 минут.

Инструкция

1. Встать прямо, ноги на ширине плеч, руки расслаблены.
2. Сделать 3 глубоких вдоха-выдоха.
3. Начать шагать на месте в медленном темпе: при шаге правой ногой поднять левое колено и коснуться его правым локтем. Затем наоборот: левая нога + правый локоть. Делать несколько раз попеременно.
4. Ритм: вдох – поднятие и касание, выдох – опускание и подготовка к следующему. Не спешить, движения плавные.



5. Жаттығуды 40–60 рет (әр жаққа 20–30 реттен) немесе 2–3 минут бойы тоқтаусыз орындаңыз.
6. Соңында тағы 3 рет терең дем алып, деміңізді шығарыңыз.
7. Қолдарыңызды сілкіп, босаңсытыңыз.
8. Күлімсіреңіз!

Бұл қалай жұмыс істейді? Қарама-қарсы қол мен аяқ түйіскен кезде мидың қос жартышары бірдей белсенді жұмыс істей бастайды. Мұндай үйлесімділік зейінді арттырып, стресс деңгейін төмендетуге көмектеседі.

Жаттығуды түрлендіру (қызықтырақ болу үшін)

- Жылдамдату: Бақылауды жоғалтпай, адымдау қарқынын біртіндеп арттырып көріңіз.
- Отырып жасау: Орындықта отырып та кезекпен тізені көтеріп, шынтақты тигізуге болады.
- Көзді жұмып жасау: Ішкі тепе-теңдік пен дене сезімдеріне көбірек мән беру үшін көзіңізді жұмып орындаңыз.

5. Делать 40–60 касаний (по 20–30 на каждую сторону) или 2–3 минуты непрерывно.
6. В конце 3 глубоких вдоха-выдоха.
7. Встряхнуть руки.
8. Улыбнуться.

Почему это работает? Когда противоположная рука касается колена, активизируется работа обоих полушарий мозга, и улучшается координация. Это повышает концентрацию и снижает уровень стресса.

Вариации (если хочется усложнить или сделать интересней)

- Быстрее: переходить на более быстрый шаг (но не терять контроля).
- Сидя: делать те же самые кросс-касания, поочередно поднимая колени и касаясь их локтями.
- С закрытыми глазами: для сосредоточения на внутренних ощущениях.



АТА-АНАЛАРҒА АРНАЛҒАН

«БОЛМЫС БАҒДАРЫ» әдісі

Бұл – өмірдегі қиындықтарды, іштегі сұрақтарды немесе болып жатқан жағдайларды ауқымды зерттеуге көмектесетін экзистенциалды бағыттағы әдіс. Ол төрт экзистенциалдық деректер тұжырымдамасына сүйенеді: өлім, бостандық, оқшаулану және мағынасыздық және В. Франкл, А. Лэнгле және И. Ялом идеялары.

Бұл техника адамды метапозицияға (сыртқай бақылаушы күйіне) түсуге, өз мұлғасы мен мұтас тәжірибесін назарда ұстауға және оны сол сәтте талдауға бағыттайды.

РОДИТЕЛЯМ

Техника «Экзистенциальный компас»

Это техника экзистенциального направления, которая помогает человеку исследовать конкретную трудность, запрос или ситуацию в текущей жизни в максимально широком контексте. Она опирается на ***концепцию четырех экзистенциальных данностей:*** смерти, свободы, изоляции и бессмысленности и идеи В. Франкла, А. Лэнгле и И. Ялома.

Техника приглашает человека занять метапозицию, одновременно удерживать в фокусе себя, свой целостный опыт и анализировать его в моменте.

Бұл әдіс келесі жағдайларда пайдалы:

- нақты бір қиындықты немесе жағдайды төрт экзистенциалды өлшем призмасы арқылы зерттегіңіз келсе;
- күнделікті сезімдер мен олардың астында жатқан терең тақырыптар арасындағы байланысты көргіңіз келсе;
- қолда бар ресурстар мен іс-қимыл мүмкіндіктеріне сүйенгіңіз келсе;
- алға жылжу үшін энергия нүктелерін (ішкі күш-қуат көздерін) сезінгіңіз келсе;
- абстрактілі ойлармен шектелмей, қазіргі нақты жағдайлармен жұмыс істей отырып, рефлексия мен саналы таңдау тәжірибесін алғыңыз келсе.

***Техниканың негізгі бөлігі** – тәжірибені компастың төрт «бағыты» бойынша зерттеу:*

- еркіндік / жауапкершілік;
- жалғыздық / оқшаулану;
- өмірдің мәнін жоғалту / белгісіздік;
- уақыт / шектеулілік.

Бұл техника өмірдің мәні мен жеке басыңыздағы жағдайларды тереңірек түсінуге бағытталған.

Қазіргі уақытта сізді толғандыратын немесе ерекше қызықтыратын тақырыпты таңдап, оны төмендегі сұрақтар арқылы зерттеп көріңіз.

Бостандық / Жауапкершілік

1. Қалыптасқан ахуалда өз таңдауыңыздың орнын қай жерден көресіз?
2. Айналаңыздағы болып жатқан құбылыстардың қайсысын тағдыр, ал қайсысын жасаған таңдауыңыздың жемісі деп қабылдайсыз?
3. Өзіңізді еркін сезінесіз бе? Ол қандай жағдайларда байқалады?
4. Өзіңізді қазіргі ойлағаннан 20%-ға еркінірекпін деп елестетіп көріңізші. Сонда өзіңізге не істеуге рұқсат берер едіңіз? Нені өзгертер едіңіз?

Жалғыздық / оқшаулану

1. Сіздің сезімдеріңіз бен күйіңіз осы жағдайда тек өзіңізге ғана қатысты ма, әлде біреумен / бір нәрсемен байланыста ма?
2. Егер бұл сезімді біреуге көрсетуге болса, ол кім болар еді? Сіз одан не күтесіз?
3. Қай байланыстар мен қарым-қатынастар сізді қуаттандырады? Қайсысы сізді әлсіретеді?

Эта техника будет полезна, если вы хотите:

- исследовать конкретную трудность или ситуацию через призму четырех экзистенциальных измерений;
- увидеть связи между повседневными переживаниями и глубинными темами, которые стоят за ними;
- опираться на имеющиеся ресурсы и возможности для действий;
- осознавать точки энергии для движения;
- получить опыт рефлексии и осознанного выбора, не ограничиваясь абстрактными рассуждениями, а работая с реальными, доступными сейчас жизненными ситуациями.

***Основная часть техники** – исследование опыта по четырем «сторонам» компаса:*

- свобода / ответственность;
- одиночество / изоляция;
- бессмысленность / неопределенность;
- время / конечность.

Данная техника направлена на размышления о своей жизни и своих смыслах.

Выберите тему, которая беспокоит вас сейчас или особенна интересна в вашей жизни, и в рамках выбранной тематике примените технику.

Задайте себе и честно ответьте на вопросы в каждой сфере.

Свобода / ответственность

1. Где в вашей ситуации / проблеме / чувствах вы ощущаете место для своего, даже самого маленького, выбора?
2. Что из происходящего вы воспринимаете как данность (то, на что не можете повлиять), а что – как следствие когда-то сделанного выбора?
3. Есть ли в этом ощущение свободы? В чем оно проявляется?
4. Представьте, что вы на 20% свободнее, чем думаете. Что бы вы тогда могли себе позволить? Что может быть по-другому?

Одиночество / изоляция

1. Ваши чувства и ощущения в вашей ситуации больше про вас одного или связаны с кем-то / чем-то какими-то отношениями?
2. Если бы это состояние могло быть обращено к кому-то, то к кому? Чего бы вы ждали от этого другого?
3. Какие связи / отношения наполняют вас? Какие истощают?



Мағынасыздық / Белгісіздік

1. Сіздің жағдайыңызда қай әрекет немесе әрекетсіздік өздігінен орындалады?
2. Қай іс-әрекеттеріңіз мәнді, ал қайсысы күнделікті, автоматты түрде орындалады?
3. Сіз үшін аз да болса мәні немесе қызығы бар нәрсе бар ма?
4. Егер жағдайды кедергі емес, жолдың бір бөлігі ретінде елестетсеңіз, ол жол қайда апаруы мүмкін?

Уақыт / Шектілік

1. Егер сіздің жағдайыңыздың немесе қиындығыңыздың мерзімі шектеулі болса (мысалы, ай, жыл), сіз не істер едіңіз?
2. Сіз үшін уақыт қалай өтуде: тез бе, баяу ма, әлде мүлде тоқтап қалғандай ма?
3. Өміріңізде сіз үшін шын мәнінде қымбат бір нәрсе бар ма? Жағдай өзгерсе ол нәрсе өзгере ме?
4. Осы уақыт аралығында сіз үшін ең маңыздысы не?
5. Осы туралы ойлаған кезде қандай сезімдер туындайды?
6. Егер сізге берілген уақыт шексіз болса, жағдайға көзқарасыңыз өзгерер ме еді? Қалай?

Бессмысленность / неопределенность

1. Что в вашей ситуации – действие или бездействие – чувствуется наиболее пустым, автоматическим?
2. Какие ваши действия чувствуются осмысленными? Какие – рутинными, автоматическими?
3. Есть ли что-то, что имеет для вас смысл или интерес? Даже минимальный?
4. Если представить, что ваша ситуация не помеха, а часть пути, то куда этот путь может вести?

Время / конечность

1. Если бы ваша ситуация / сложность имели ограниченный срок (например, месяц, год), что бы вы делали иначе?
2. Как в вашей ситуации вы ощущаете время? Оно бежит, ползет, замерло, остановилось?
3. Есть что-то важное для вас, что может закончиться, если ситуация изменится?
4. Что из важного для вас в этом отрезке времени?
5. Что вы чувствуете, когда думаете об этом?
6. Если бы у вас был безграничный запас времени, изменилось бы ваше отношении к ситуации? Как?



Енді төмендегі сұрақтарға жауап бере отырып, қорытынды жасаңыз.

- Сіз мына ұғымдардың арасында байланыс бар деп ойлайсыз ба:
  еркіндік / жауапкершілік;
  жалғыздық / оқшаулану;
  мағынасыздық / белгісіздік;
  уақыт / шектілік?
- Олар бір-бірімен қалай байланысты?
- Бір-біріне қалай әсер етеді?
- Бұл байланыс көбіне жағымды ма, әлде жағымсыз ба?
- Бұл түсініктер сізге көмектесе ме, әлде жағдайды күрделендіре ме?
- Өзіңіз үшін қандай құнды ресурс немесе сабақ алдыңыз?

Теперь подведите ***итоги***, ответив себе на ***вопросы.***

- Видите ли вы связь между:
  свобода / ответственность;
  одиночество / изоляция;
  бессмысленность / неопределенность;
  время / конечность?
- Как они связаны?
- Как влияют друг на друга?
- Больше позитивно или негативно?
- Помогает ли это или делает ситуацию сложнее?
- Какой ценный для себя ресурс вы нашли?



ПЕДАГОГТЕРГЕ АРНАЛҒАН | ПЕДАГОГАМ |

«Атылған жебе» әдісі

«Атылған жебе» *– когнитивті мінезпсихотерапияда қолданылатын тиімді әдіс. Бұл техника адамның автоматты ойларын, аралық және терең қалыптасқан ішкі сенімдері мен ұстанымдарын анықтауға көмектеседі.*

Бұл техниканы тек психологтің кеңес беру жұмысында ғана емес, сонымен қатар адамның жоғары деңгейдегі өзін-өзі түсінуі жағдайында, өз ойлары, сенімдері мен ішкі ұстанымдарымен дербес жұмыс істеу барысында да қолдануға болады.

Техникада қолданылатын негізгі сұрақтар

- Бұл жағдай сіз үшін нені білдіреді?
- Бұл неге әкелуі мүмкін?
- Бұдан кейін не болады?
- Мұның несі жаман?
- Осы жағдайдың ең сорақы салдары қандай болмақ?
- Егер бұл осылай болса, онда не болады?
- Бұл сізді қалай сипаттайды?
- Бұл сіз туралы нені білдіреді?

Осы әдіс арқылы кез келген мазасыздық сезімімен немесе көптен бері мазалап жүрген мәселемен тереңірек жұмыс жасап, оның мәнін түсінуге болады.

Техника «Падающая стрела»

«Падающая стрела» *– техника когнитивно - поведенческой психотерапии, которая является действенным инструментом для выявления автоматических мыслей, промежуточных и глубинных установок.*

Данная техника может использоваться не только в консультативной работе психолога, но и при глубокой осознанности человека, в самостоятельной работе со своими мыслями, убеждениями и установками.

Основные вопросы, применяемые в технике

- Что значит для вас эта ситуация?
- К чему это может привести?
- Что последует за этим?
- Что плохого в том, что...?
- Что наихудшее может произойти вследствие этого?
- Если это будет так, что тогда?
- Как это характеризует вас?
- Что это говорит о вас?

Благодаря этой технике можно разобраться с любым тревожным чувством или наболевшим вопросом.

САМОКАТ ПЕН ВЕЛОСИПЕД МАУСЫМЫНДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ

ШЛЕМ, ТІЗЕҚАП, ШЫНТАҚҚАП ЖӘНЕ ҚОЛҒАП КИЮ.



ЖОЛҒА ШЫҒАР АЛДЫНДА САМОКАТ НЕМЕСЕ ВЕЛОСИПЕДТІ (РУЛЬ, ТЕЖЕГІШ, ДӨҢГЕЛЕК Т.Б.) ТЕКСЕРУ.



ЖОЛДЫ ЖӘНЕ ЖЕЛДІҢ ЖЫЛДАМДЫҒЫН БАҒАЛАУ.



ҚАУІПТІ ЖЕРЛЕРДЕ ЖӘНЕ ЖАҢБЫР КЕЗІНДЕ ЖЫЛДАМДЫҚТЫ АЗАЙТУ.



ТЕХНИКА БЕЗОПАСНОСТИ В СЕЗОН САМОКАТОВ И ВЕЛОСИПЕДОВ


НАДЕВАТЬ ШЛЕМ, НАКОЛЕННИКИ И НАЛОКОТНИКИ, ЗАЩИТНЫЕ ПЕРЧАТКИ.



ПРОВЕРЯТЬ САМОКАТ ИЛИ ВЕЛОСИПЕД ПЕРЕД ПОЕЗДКОЙ: РУЛЬ, ТОРМОЗА, КОЛЕСА, СКЛАДНОЙ ЗАМОК.



ОЦЕНИТЬ ПОКРЫТИЕ ДОРОГИ И СКОРОСТЬ ВЕТРА.



СНИЖАТЬ СКОРОСТЬ НА НЕРОВНОСТЯХ И В ДОЖДЬ.




САМОКАТ ПЕН ВЕЛОСИПЕД МАУСЫМЫНДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ










ТЕХНИКА БЕЗОПАСНОСТИ В СЕЗОН САМОКАТОВ И ВЕЛОСИПЕДОВ











САМОКАТ ПЕН ВЕЛОСИПЕД МАУСЫМЫНДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ







ТЕХНИКА БЕЗОПАСНОСТИ В СЕЗОН САМОКАТОВ И ВЕЛОСИПЕДОВ







ӨРКЕН
БАЛАЛАРДЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫН АРТТЫРУ ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫ

ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ
БАС РЕДАКТОР / ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР
Е. Н. Сакенова

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС
РЕДАКЦИОННЫЙ СОВЕТ
Р. Ф. Кудякова
А. М. Саликова
И. В. Калачева
Б. К. Кудышева, п. ғ. к., к. п. н.
М. К. Таипова, п. ғ. к., к. п. н.
Г. Б. Омарова, п. ғ. к., к. п. н.
А. Х. Мухтаров, филол. ғ. к., к. филол. н.

ДИЗАЙН ЖӘНЕ БЕТТЕУ
ДИЗАЙН И ВЕРСТКА
М. М. Салехи
Фото freepik.com
Фото unsplash.com
ИИ изображения gemini.google.com
ИИ изображения chatgpt.com

ШЫҒАРУШЫ РЕДАКТОР
ВЫПУСКАЮЩЕЙСЯ РЕДАКТОР
А.Д. Амангелді

РЕДАКТОР-КОРРЕКТОР
Е. М. Песина
С. Е. Нурахметова

РЕДАКЦИЯ МЕКЕН-ЖАЙЫ:
Қазақстан Республикасы, 050000, Алматы қаласы, Бостандық ауданы,
Дарын-1 ықшамауданы, 47/5 үй
«ӨРКЕН» балалардың әл-ауқатын арттыру ұлттық ғылыми-практикалық институты» КеАҚ

АДРЕС РЕДАКЦИИ:
Республика Казахстан, 050000, г. Алматы,
Бостандыкский район, мкр. Дарын-1, д. 47/5
НАО «Национальный научно-практический институт благополучия детей «ӨРКЕН»

ЖУРНАЛДЫҢ МЕНШІК ИЕСІ
«ӨРКЕН» балалардың әл-ауқатын арттыру ұлттық ғылыми-практикалық институты» КеАҚ

СОБСТВЕННИК ЖУРНАЛА
НАО «Национальный научно-практический институт благополучия детей «ӨРКЕН»

ЖУРНАЛ ШЫҒАРЫЛЫМЫНЫҢ ЖИІЛІГІ
Ай сайын

ПЕРИОДИЧНОСТЬ ВЫПУСКА ЖУРНАЛА
Ежемесячный

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат комитетінің 2024 жылғы 15 наурызда берген № KZ52VPY00089109 тіркеу куәлігі
Регистрационное свидетельство № KZ52VPY00089109 от 15 марта 2024 года выдано Комитетом информации Министерства культуры и информации Республики Казахстан.

Деректердің дәлдігі мен ақпараттың сенімділігі үшін материал авторлары жауапты.
За точность фактов и достоверность информации ответственность несут авторы материалов.